М.О. ӘУЕЗОВТІҢ

ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕЖІРЕСІ

ЛЕТОПИСЬ ЖИЗНИ И ТВОРЧЕСТВА

М.О. АУЭЗОВА



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ — ҒЫЛЫМ АКАДЕМИЯСЫ
«ӘУЕЗОВ ҮЙІ» ҒЫЛЫМИ-МӘДЕНИ ОРТАЛЫҒЫ

МИНИСТЕРСТВО НАУКИ — АКАДЕМИЯ НАУК
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
НАУЧНО-КУЛЬТУРНЫЙ ЦЕНТР «ДОМ АУЭЗОВА»

М.О. ӘУЕЗОВТІҢ
ӨМІРІ МЕН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ШЕЖІРЕСІ

ЛЕТОПИСЬ ЖИЗНИ И ТВОРЧЕСТВА
М.О. АУЭЗОВА

АЛМАТЫ
«ҒЫЛЫМ»
1997

М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы: Ғылым, 1997. 768 б.

Бұл кітапта М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық мұраларынан, оның ғалымдық, педагогтік және қоғамдық қызметтерінен өте мол, қызықты архивтік деректер беріледі. «Шежіреде» М. О. Әуезовтің орыс және шетел жазушыларымен, ғалымдарымен, сондай-ақ өзге де ұлт өкілдерімен жазысқан хаттарынан, әдеби байланыстарынан мағлұмат беретін үзінділер алынған.

Бұл еңбек ғылыми қызметкерлерге, сонымен бірге Әуезовтің өмірі, шығармашылық өнерімен таныс болғысы келетін мәдени қауымға арналған.

Ғылыми жетекшілері және жауапты редакторлары:

тарих ғылымының докторы *Л. М. Әуезова*
филология ғылымының кандидаты *Т. Қ. Жұртбаев*

Құрастырушылар:

Л. М. Әуезова, Р. Әбдіғұлов, Т. Әкімов, Р. Досымбекова, Б. О. Дүрмәнова., Т. Қ. Жұртбаев, Д. А. Қонаев, С. Т. Жұртбаев, А. Қ. Қуанышбаев, С. К. Майлыбаева, М. Мырзахметов, Е. С. Тәжібаев.

Летопись жизни и творчества М. О. Ауэзова. Алматы: Гылым, 1997. 768 с.

Предлагаемая книга содержит богатый материал архивных и литературных источников о творческой жизни, наследии М. О. Ауэзова, его научной, педагогической, общественной деятельности. «Летопись» раскрывает связи с русскими писателями, учеными, представителями других национальных литератур.

Книга рассчитана на научных работников, всех, кто интересуется жизнью и творчеством писателя.

Научные руководители и ответственные редакторы:

доктор исторических наук *Л. М. Ауэзова,*
кандидат филологических наук *Т. К. Журтбаев*

Составители:

Л. М. Ауэзова, Р. Абдигулов, Т. Акимов, Р. Досымбекова, Б. О. Дурманова, Т. К. Журтбаев, Д. А. Конаев, С. Т. Журтбаев, А. К. Куанышбаев, С. К. Майлибаева, М. Мырзахметова, Е. С. Тажибаев.

ISBN 5—628—02017—6

© «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы, 1997

Л $\frac{4803250202-021}{407(05)-97}$ Ж.ж. 97

Ләйла Мұхтарқызы Әуезованың
рухына тағзым

АЛҒЫ СӨЗ

Туған ұлтының тарихи тағдыры, мәдениеті, ұлттық әдебиетінің тарихы өзінің өмірбаянымен тамырласып, соның құбылысты көрінісіне айналған заманымыздың ұлы жазушысы, ғалымы, қоғам қайраткері Мұхтар Омарханұлы Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолын ғылыми тұрғыдан зерттеудің маңызы аса зор. Қаламгердің ғұламалық тұлғасы, суреткерлік тағдыры, даналық мәйегі, көркемдік қатпарлары соған толық негіз қалайды. Шыңғыс Айтматовтың: «Өз заманында орыс мәдениетінің дамуына Пушкин қалай әсер етсе, қазіргі Орта Азиядағы көркем ойдың қалыптасуына және бізбен көршілес халықтардың рухани өміріне Әуезов те тура сондай ықпал жасады» — деп бағалауы соны дәлелдейді.

«М. О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресін» жасаудағы басты мақсат — оның көп салалы көркем мұралары мен ғылыми, педагогтік, қоғамдық қызметтерінде көрініс тапқан күрделі, тіпті, соқтықпалы, соқпақты, бұралаңы мол шығармашылық жолын көрсететін деректердің басын қосып, жинақтап беру болып табылады.

«Шежіредегі» қамтылған аса бай архивтік және әдеби деректер Мұхтар Әуезовтің қазақ, орыс, сондай-ақ өзге де ұлттардың өкілдерімен арасындағы шығармашылық әдеби байланыстарын, оның көркем мұраларының қазақ әдебиетінің дамуына тигізген әсерін барынша ашып көрсетеді. Бұл мәселелерді жан-жақты және тереңдете зерттеу арқылы 20—60-жылдардың арасындағы Қазақстандағы, сонымен қатар бұрынғы одақ көлеміндегі әдеби орта туралы мағлұматымыз бен түсініктерімізді кеңейте түсуге мүмкіндік тумақ.

Бұл ретте жазушының туған күнінен бастап қайтыс болғанға дейінгі аралықтағы (1897—1961) кезеңге байланысты «Шежірені» құрастырушылар аса ауқымды жинақтау, салыстыру, зерттеу жұмыстарын жүргізіп, ғылыми жүйеге келтірді.

М. О. Әуезовтің шығармашылық өмірбаянынан және сан қилы жағдайлардан мағлұмат беретін деректердің барлығы да «Шежіреде» тек хронологиялық тәртіп бойынша берілді, сөйтіп, оның мұқым өмірін және қайраткерлік қызметін өзі ғұмыр кешкен дәуірінің даму жолымен сабактастыра көрсету ниеті көзделді.

Мұрағат қорларынан, замандастарының естеліктерінен, қолжазба мұралары мен хаттарынан, ресми кездесулердегі хаттамалар мен өзара шығармашылық байланыстары туралы жазбалардан, сондай-ақ, аудармашылық, ғалымдық, педагогтік, қоғамдық қызметтері жөнінен мағлұ-

маттар беретін деректерден іріктеліп алынған және нақты құжаттық негізде түзілген сан-салалы мәліметтер жинақтала келіп жазушының шынайы бейнесін сомдауға негіз қалайды.

Оның шығармашылық тағдыры бұл құжаттарда нақты тарихи көрініс тапқан, ол — суреткердің өмірімен тікелей байланыста өткен әдеби, ғылыми ортаны, театр айналасын тереңірек зерделеуге мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, құжатқа негізделген куәліктер оның жекелеген жазушылармен, ғалым-әдебиеттанушылармен, актерлермен, режиссерлермен, композиторлармен арадағы қарым-қатынасынан, театрлардың көркемдік ізденістерінен, суреткердің пьесалары мен либреттоларын сахналаған өнер шаңырақтарының даму жолдарынан нақты және толық хабардар етеді.

Әрине, «Шежіреде» жинақталған деректер М. Әуезовтің шығармашылық өмірі мен ол қатысқан әдеби, мәдени оқиғалардың барлығын дерліктей қамтыды деу — асылық болар еді. Жарияланып отырған деректер қазіргі күнге дейінгі назарға ілінген мұрағат көздерінің жалпы ауқымын ғана аңғартады.

Жазушының шығармашылық өмірінің шежіресіне М. Әуезовтің өзінің мұраларында көрініс берген және тікелей өзінің көркемдік, ғылыми, педагогтік, қоғамдық мүдделері қозғалған құжаттар іріктеліп алынды.

«Шежірені» құрастырушылар сан қилы дерек көздеріндегі құжаттар мен мәліметтерді іріктеп, жүйелеп беру барысында жазушының шығармашылық жолының қалыптасуына тікелей ықпал жасаған, оның көркемдік дара ізденістері мен шеберлігінің шыңдалуына, көзқарасының орнығуына, алдына қойған көркемдік нысаналары мен мақсаттарының, заманы талап еткен міндеттерінің жүзеге асуына тікелей қатысы бар шешуші мағлұматтарды ғана назарға ұсынуды басты ұстын етіп ұстанды.

Ал М. Әуезовтің өзі өмір сүріп, қызмет еткен орта жөнінде мәлімет беретін деректерді саралау барысында оның өміріне ерекше із қалдырған, шығармашылық еңбегі мен қызмет бабындағы қайраткерлігіне аса маңызды өзгерістер әкелген оқиғаларға ерекше көңіл бөлінді.

Бұл — халықаралық, ұлтаралық әдеби-мәдени, ғылыми, қоғамдық байланыстарды, қазақ әдебиеті мен өнерінің даму жолын нақты да сенімді құжаттар мен деректер арқылы көрсетіп, тұңғыш рет ғылыми айналымға түсіріп отырған, жеке адамның «Өмірі мен шығармашылық шежіресіне» арналған қазақ әдебиеттану ғылымындағы алғашқы еңбек, ол зерттеушілердің ізденіс аясын кеңейтіп, тарихи-мәдени маңызы зор ғылыми міндеттерді шешуге бағыт-бағдар бере алады.

Бұл ретте М. Әуезовтің өзі көзі тірісінде ұзақ жылдары бойы араласып-құраласып тұрған замандастары (жазушылар, ғалымдар, өнер қайраткерлері және т. б.) туралы жинақталған деректердің қазақ мәдениетінің тарихын зерттеушілерге үлкен көмек көрсетері анық. Мұнда әріптестері мен достарының, ағайын-туыстарының бұрын жарияланған немесе әлі жарық көрмеген естеліктері мен күнделіктері, жазбалары, хаттары еркін пайдаланылды, М. Әуезовтің өмірінің белгілі бір кезеңдеріне қатысты тұстарынан үзінділер келтірілді. Олар тиянақты түрде ғылыми саралаудан өтті. Сондай-ақ М. Әуезовтің өз қолымен әр жылдары толтырған өмірбаяндық деректер де назардан тыс қалған жоқ. Жазушының шығармашылық өмірінің әр қырынан мәлімет беретін

баспасөз беттеріндегі ақпараттар мен әдеби-ғылыми басылымдардағы мағлұматтар да «Шежіреге» енгізілді.

«Шежірені» жинақтау, саралау, салыстыру, жүйелеу жұмыстары 1990—1997 жылдардың арасында жүргізілді. Бұған жазушының қызы, М. Әуезов мұражай-үйінің меңгерушісі болып отыз жылдай қызмет істеген тарих ғылымының докторы, Қазақстан Республикасына еңбек сіңірген ғылым қайраткері, марқұм Ләйлә Мұхтарқызы Әуезова үлкен еңбек сіңірді. «Шежіренің» ғылыми жүйесі мен ұстанатын ұстындарды, негізгі бағыт-бағдарды анықтап берді. «Шежіредегі» негізгі түпнұсқалық деректер мен құжаттар «Әуезов үйі» ғылыми-мәдени орталығы архивінің, Қазақстан Республикасының мемлекеттік және Президент архивтерінің, Ғылым академиясы архивінің, бұрынғы СССР-дің әдебиет пен өнер жөніндегі орталық архивінің, бұрынғы СССР Жазушылар одағы архивінің, Мәскеу, Санкт-Петербург архивінің, Орынбор, Ташкент, Бішкек, Қазан, Омбы, Семей, Қызылорда, Новосибирь қалаларындағы облыстық архивтердің, республикалық ұлттық қауіпсіздік комитеті архивінің қорынан алынды.

Жарияланып отырған деректер мынадай тәртіппен ұсынылды. Әуелі жылы, содан кейін айы мен күні көрсетілді. Деректердің түпнұсқасы тырнақшаға алынбай берілді. Соның ішінде тікелей М. Әуезовке қатысты мағлұматтардан алынған үзінділер ғана келтірілді де, сөйлемнің бас, аяғына көп нүктелер қойылды. Дерек көзі үзіндінің соңынан жақша ішінде көрсетілді. Үзінділер өзінің мән-маңызына байланысты әр түрлі көлемде пайдаланылды. М. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық жолынан мағлұмат беретін құжаттар мен деректер қай тілде жазылса, сол нұсқа бойынша берілді. Баспаның мүмкіндігі мен талап-тілектеріне байланысты және басылымның көлемі шектеулі болғандықтан да кісі аттарына түсініктер берілмеді. «Шежірені» құрастыру барысында ғылыми ұйымдастыру, деректерді жинақтау, ғылыми жүйеге келтіру бағытында көмектескен академик С. Қирабаевқа, ғалымдар Қ. Мұхамедхановқа, З. Серікқалиевке, Б. Байғалиевке, архив қызметкерлері А. Игенбаевқа, Ж. Сүлейменовке құрастырушылар атынан алғыс білдіреміз.

В память Лейлы Мухтаровны Ауэзовой

ПРЕДИСЛОВИЕ

Изучение жизни и творчества великого писателя нашей эпохи М. О. Ауэзова имеет важное научное значение благодаря исключительности и своеобразию личности художника, ярчайшему отражению в его биографии исторической судьбы казахского народа, его культуры, истории литературы.

Недаром Чингиз Айтматов писал, что на формирование современной среднеазиатской художественной мысли и всей духовной жизни наших соседствующих народов Ауэзов оказал такое же влияние, как в свое время Пушкин на развитие русской культуры. Воспроизведение творческой биографии М. О. Ауэзова в форме «Летописи» имеет целью создание наиболее полного источника для изучения сложного творческого пути писателя, отразившегося в его многогранном художественном наследии, научной, педагогической, общественной деятельности.

Богатый материал, представленный в «Летописи», раскрывает творческие связи с представителями русской, других национальных литератур, влияние его художественного наследия на развитие казахской литературы. Таким образом, глубокий и всесторонний охват этих проблем дает возможность расширить и углубить наши представления о литературном процессе Казахстана с 1920-х до 1960-х гг.

Собирательская, текстологическая, комментаторская работа проводилась составителями над источниками, относящимися ко всему исследуемому периоду (1897—1961 гг.).

Многочисленные материалы, раскрывающие творческую биографию М. О. Ауэзова, расположены исключительно по хронологическому принципу в целях рассмотрения общей последовательности его жизни и деятельности в контексте эпохи.

Разнообразные документальные свидетельства, извлеченные из архивов, воспоминания современников, эпистолярные материалы, свидетельства официальных деловых встреч и совместных творческих работ, контактов в процессе переводческой, литературоведческой, педагогической, общественной деятельности в своей совокупности воссоздают живой и правдивый образ писателя.

Творческая судьба находит в этих документах исторически точное отражение, позволяющее рассматривать ее в той литературной, театральной и научной среде, с которой была связана его жизнь. Документальные свидетельства отражают творческие и личные контакты с писателями, учеными-литературоведами, актерами, режиссерами, компо-

зиторами в тесной связи с художественными исканиями театров, ставивших спектакли по его пьесам, оперным и балетным либретто.

Вместе с тем необходимо сказать, что издаваемые в «Летописи» материалы не могут претендовать на исчерпывающую характеристику всей творческой жизни М. О. Ауэзова и литературного процесса, в котором он участвовал. Публикуемые факты дают представление о состоянии источников по этим проблемам на современном этапе.

Основополагающим источником при освещении творческой биографии писателя является сама деятельность М. О. Ауэзова, нашедшая отражение в его наследии, в различных сферах художественных, научных, педагогических и общественных интересов.

Составители «Летописи» при отборе различных источников отдавали предпочтение тем материалам, которые характеризуют принципиально важные аспекты творческого становления писателя, поисков художественной индивидуальности и мастерства, становления его мировоззрения, художественного воплощения идей и задач, актуальных для его эпохи.

Среди источников, показывающих среду, в которой жил и работал М. О. Ауэзов, выделены наиболее значимые, характерные факты, органически входившие в его биографию, имевшие важное значение для его творческой жизни.

Впервые предпринимаемое в казахском литературоведении воссоздание «Летописи жизни и творчества» одного из виднейших писателей XX века в тесном взаимодействии с развитием мировой литературы, современного литературного процесса Казахстана, основанное на прочной документальной базе в большей части впервые вводимых в научный оборот первоисточников, открывает перед исследователями возможность делать важные обобщения, решать крупные историко-литературные задачи.

В этом плане большой интерес для исследователей истории казахской культуры представляют документальные материалы о современниках — писателях, ученых, деятелях искусства и др., с которыми М. О. Ауэзов общался на протяжении жизни. Поэтому важнейшую, наиболее ценную часть материалов летописи, несомненно, представляют воспоминания его товарищей по перу, коллег-ученых и педагогов, театральных, общественных деятелей, родных и близких. В данном издании широко привлечены опубликованные и неопубликованные мемуары. Они представлены в виде отдельных выдержек, иногда и значительных по объему, дробятся, будучи приуроченными к какому-либо определенному периоду жизни М. О. Ауэзова. Из этих источников использована большая часть самого содержательного, ценного и достоверного материала.

К указанной группе документальных данных тесно примыкают письма, требующие к себе, как и другие свидетельства современников, научно-критического подхода.

В книге использованы автобиографии М. О. Ауэзова, заполненные им анкеты, относящиеся к разным периодам его жизни, как источники, отличающиеся наибольшей точностью.

В хронологической последовательности включены материалы прессы и других опубликованных литературных источников, раскрывающие разные стороны творческой биографии писателя.

В целом книга основана на солидной источниковедческой базе, по-

давляющую часть ее материалов составляют неопубликованные документы, извлеченные из архивов Литературно-мемориального дома-музея М. О. Ауэзова, (ныне научно-культурный центр «Дом Ауэзова»), Центрального Государственного архива Президента РК, бывших архивов ЦГАЛИ СССР, Союза писателей СССР, архивов Москвы, Санкт-Петербурга, Оренбургского, Семипалатинского, Новосибирского областных архивов, а также из архивов Ташкента, Бишкека, Казани, Омска, Кзыл-Орды и архива Комитета национальной безопасности.

В публикуемых отрывках из перечисленных выше источников даются купюры, отмеченные многоточием, если материалы не касаются непосредственной темы исследования или дублируют приведенные ранее факты.

Работа по сбору, уточнению, сравнению и приведению в систему материалов «Летописи» проводилась в течение 1990—1997 гг. Здесь следует особо подчеркнуть большой труд, внесенный в составление «Летописи» покойной дочерью писателя Лейлой Мухтаровной Ауэзовой, доктором исторических наук, работавшей заведующим домом-музеем М. О. Ауэзова около тридцати лет — со дня его основания.

Включаемые в книгу данные расположены в следующей последовательности.

Сначала указывается год данных, а затем число и месяц. Оригинал источников подается без кавычек. Материалы включают только отрывки из источников, имеющие непосредственное отношение к М. О. Ауэзову, при этом на месте пропусков в тексте, в начале и конце предложений ставится многоточие. Сведения об источнике заключаются в скобки в конце отрывков. В зависимости от значимости отрывки были использованы в разном объеме. Документы и данные, содержащие сведения о жизни и творчестве писателя, включены на том языке, на котором они были написаны.

Составители выражают свою искреннюю признательность академику С. Кирабаеву, ученым К. Мухаметханову, З. Сериккалиеву, Б. Байгалиеву, научным работникам архива А. Игенбаеву, Ж. Сулейменову за оказанную им помощь в создании книги.

1897

15 қыркүйек. ...Мен 1897 жылы қыркүйектің 15-інде туыппын. Туған жерім Семей уезіне қараған Тобықты іші. Шыңғыс болысында. Менің аталарым қожа, алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді. Үлкен әкемнің үйінде сақталған қожалар шежіресінен бала кезде бір көргенімде біздің қожалардың арғы атасын Бақшайыс дейді. Бұл — Арқадағы қожа атаулының барлығы ұран қылатын ең қадірлі, атақты қожа болса керек...

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 382-п).

(Бұл жерде туған күнін жылнаманың ескі есебі бойынша көрсеткен болу керек. — Құрастырушы).

28 сентября. ...М. Ауэзов родился 28 сентября 1897 г. в Чингизской волости, Аул № 8, Семипалатинсой области...

(Семипалатинский областной государственный архив, ф. 72, оп. 9, д. 8. св. 1, л. 1.).

28 сентября. ...Личная карточка члена Союза Советских Писателей СССР

1. Полное наименование писательской организации — Союз Сов-х Писа-й Казахстана
2. Фамилия, имя, отчество — Ауэзов Мухтар Омарханович.
3. Дата рож-я — 1897 г., 28 сентября.
4. Место рож-я — Семипалатинская обл. того же уезда, Чингизской вол. № 8 аула...

(ЦГА РК, ф. 1778, оп. 3, д. 42, п. 6 об.).

...Менің аталарым қожа, алғашқы шыққан жерлері Қаратау деуші еді... Тобықты ішіне менің үшінші атам Бердіқожа бірталай туысқандарын ертіп найман ішінен келген. Ол Құнанбай заманы... Бердіқожа Тобықты ішіне келген соң бірталай заман өмір сүрді. Артынан бір қызын Құнанбай тоқалдыққа алған. Сонымен бұл елмен құдандалы жақын болып Тобықты ішінен қоныс алып мекен етіп тұрып қалған... Тобықты іші ертеден соншалық діндар, соншалық надан да ел болмаған сияқты. Ішінен Құнанбай, Абай сияқты кісілер шыққан соң бос

фанатизм, қараңғы наным азайып, ақылға бой ұрғыш, көзі ашықтау ел сияқты болғанға ұқсайды...

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның колжазба қоры 382-п. 1—2 бет.).

28 сентября. ...Я родился в 1897 г. 28 сентября в семье казаха-кочевника Чингизской волости (ныне Абаевсого района) Семипалатинской области. Дед мой Ауэз (от имени которого и моя фамилия) и отец Омархан были по арабской письменности книжно грамотными людьми...

(М. Ауэзов. Автобиография // Президентский архив РК, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 6.).

28 қыркүйек. ...Күзек. Ауылымыз қыс қыстауы Бөріліге жақын Аяққарағанда отыр. Кешқұрым Сақыш тынышсыздана бастайды. Мұны сезген атам қатты ыңғайсызданады. Ол үйде отыра алмай, өрістен атын алдырады.

— Ау, жол болсын!— деді кәрі апам, — үйде болғаныңыз жөн ғой. Сақыш толғақ үстінде жатыр.

Атам тым-тырыс үндемейді. Екі беті дуылдап, Абай ауылына, Әйгерімнің үйіне тартып отырады. Сол күні балалардың кенжесі мен дүниеге келіппін.

Арада он екі күн өтеді. Омарханның әйелі Нұржамал бір үйге кіріп, тысқа қайта шығып дамыл таппай жүр. Атам мен кәрі апамның екі қолы жағасында. Жақсы тілеу тілеуде. Үлкен шаңырақтың желбауы керегенің басына байланды. Нұржамал арқанға сүйене кетті. Сол сәтте іңгалаған нәресте даусы естілді. Қәрі апам баланы жерден көтеріп, ащы үнімен дауыстап жіберді.

— Үлкен кісі, құдай берді... Ұл... Кіндігін Бәтимаға кестірейік.

— Мінез-құлқы жайдары, адал, момын келінім Бәтимаға кестіргенің дұрыс. Мә, немеремнің кіндігін өз пышағыммен кессін, — деп атам қынынан пышағын суырып береді.

Сөйтіп, арада он екі күн өткенде, Омархан ағамның үйінде екінші қуаныш қанат қақты...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. А., 1977 3—7-беттер).

1898

Көкек. ...Көктем жадырап шықты. Аспан ашық. Күн жылы. Апрель айының жайма-шуақ бір күні, ауыл жазғы жайлау Шыңғыс тауының сыртына көше бастады. Атам мен кәрі апамда тағат жоқ. Екеуінің айналдырғаны сегіз айлық Мұхтар. Олар көшуден екі-үш күн бұрын бас білгі, жуас атан түйені тандап алып, жабы-қомшасын сайлаған-ды. Ауыл үдере көшкенде, әлгі түйеге киізден қоршау жасап, кәрі апам кебежеге отырды. Алдында Мұхтар...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. А., 1977 5—17-беттер).

1900

Мамыр — маусым. ...Ауылымыз Бақаназа отыр. Үш жасқа келдік. Енді біз ауыл көшкенде атамның алдына мінуден қалдық. Атам

өзі жуас, ашамай ерлі атқа мінгізетін болды. Мұнда екі аяғымыз үнемі қоржында болады. Мұхтардың шылбыры атамның, ал менің шылбырым болса Сақыш анамның қолында болады екен. Ерден мықтап ұстап, кейде қалғып, кейде ұйықтап, ереміз де отырамыз көшке.

Байқаймын, Мұхтар мен Біләл тізгінге не болып, астындағы аттарын қалай болса солай еркін бұрып жүр. Әлі есімде. Ауыл Бақанастан Сарыкөлге көшті. Атам мені атқа мінгізді. Сақыш апам тағы да жетегіне алды. Ойымда дәнеңе жоқ. Ат үстінде жайбарақат, баяғыдай бірде қалғып, ұйықтап келемін. Бірде атам шауып келіп шылбырымды Сақыштан алып, ердің басына мықтап байлады да: «Ал, Ахмет, мықталып отыр», — деп атымды періп-періп жібергені. Ат шаба жөнелді.

— Өлдім, ойбай!— деген даусым тарғыл-тарғыл болып бірақ шықты.

Ат көп ұзаған жоқ. Топ жылқыға келіп қосыла берді. Байқаймын, жығылар емеспін. Сол сәтте менің соңымда бір-екеу сықылықтап күліп келеді екен. Бұрыла қарасам Мұхтар мен Біләл екен. Қатты ұялдым...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. 10—15-беттер).

1902

Қазан. ...Таң атты. Мұнарланып күн шықты. Көптен аңсаған күн де келіп жетті. Үлкен үйде алғашқы сабақ басталды. Қараша үйдің оң жағы. Күнбатысқа бет беріп тізерлеп Біләл, Мұхтар үшеуміз отырмыз. Атам қасымызға келіп, тізерлеп отыра берді де, қолымызға бір-бір ши ұстатты. Әлгі ши басында жұқа шай қағазы ілулі. Қағаз бетінде бір белгілер, нұсқалар бар...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. А., 1977 18-бет).

Қазан — көкек. ...Таңның атысы, күннің батысы үлкен үйден шықпаймыз. Түсініксіз әлгі әріптерді жаттаймыз да отырамыз. Кей күндері ми айналып, бас қатады. Зерігеміз. Бірақ тырп етуге шама жоқ. Атамның мінезі қатал. Тырп еткізбейді. Оның үстіне күніге кешқұрым арнайы сыннан өтеміз. Кешке асты ішіп болғаннан соң атам мен Омархан ағама күні бойы жаттап оқығандарды жатқа айтып береміз. Содан сүрінбей, мүдірмей өтсек озғанымыз. Әлгі үшеуміздің тілегіміз де, мақсатымыз да сол жолда. Сол күз, қыстан апрель айына дейінгі өміріміз сол күйде өтті. Ескіше 26 әріпті зорға-зорға түгел таныдық.

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. А., 1977. 18—19-беттер).

...Начиная с 5 лет я обучался в семье у деда арабской грамоте. Учебников для детей не было тогда и на казахском языке, и на тюркском (турки), на котором читали и писали все книжно грамотные люди на Ближнем Востоке в ту пору. Дед обучал нас, внуков и внучек, по методу старого медресе, в котором обучался и он сам. Научив в течение двух зим арабскому молитвеннику и чтению тюркского печатного текста, дед обучал нас по тем книгам, какие у него имелись в наличии,

в его маленькой библиотечке. Эти старинные книги и малую грамотность дед унаследовал от своих отцов, являвшихся выходцами из Аравии. Дед помнил перекочевку совего маленького племени из Средней Азии, с берегов Сырдарьи в северные казахские степи. Ему было тогда 10 лет...

(Президентский архив РК, ф. 708, оп. 39, д. 299. л. 8.).

...Мне было лет пять-шесть, когда однажды вечером, в час приятного ожидания ужина, дед решил проверить, не вырос ли я уже для грамоты, и он тут же заставил меня произнести несколько слов со звуком «р». Не умея отчетливо произносить этот звук, нечего было и думать о грамоте: детям, не справлявшимся с ним, муллы крутили язык — ведь первые уроки начинались с заучивания первых слов корана: «Бисмиллях рахман ир-рахим...» («Во имя господа всемогущего»), и никакой мулла не мог допустить «кощунственного искажения священного изречения». Но этот экзамен, видимо, вполне удовлетворил деда и он взялся за меня на следующий же день.

Помню безоблачное, теплое весеннее утро. На лужайке перед зимовкой резвятся телята, прыгают милые детскому сердцу ягнята и козочки, а по небу, подобно белокрылым пери из бабушкиных сказок, далеко растянувшейся стаей летят озаренные солнцем лебеди, чуть слышная песнь доносится с непостижимой высоты. И вдруг все очарование весеннего дня исчезает: нас зовут в душную...

(Президентский архив РК, ф. 708, оп. 39, л. 9.).

1903

Мамыр. ...Жаз жайлауы жапсарлас Абайға сәлем беріп, Тұрағұлдан туған немересі Ақилияны бауырына салғанын естіген, соған құтты болсын айта барып, Мұхтарға батасын алмаққа ниеттенеді. «Батасыз ұл — жарымас» деген. Оқымысты ата наурыздан бастап мықтап кіріседі. Мұхтар ойын қызығымен қоштасады...

(Тұрсын Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603 п. 32-бет).

Маусым. ...Сол ұлы арманның өтеуіндей, жұбанышындай болып, Абайдың өзі алты жасында «атасының қоңыр қозысы екен ғой», — деп басынан сипап, батасын берген Мұхтар сол топырақта тамырланып, ақыл-ойы ұлы адамның парасат қайнарының батасын бойына сіңіре, нәрленіп өсіп келе жатты...

(Тұрсын Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. № 603 п. 15-бет).

Шілде, тамыз. ...Жаз шықты. Енді атам бізді үлкен үйге ертелі-кеш қамамай, еркімізге ойынға жібереді. Содан шық түсіп күз болғанша оқу бетін көргеніміз жоқ. Асыр салып, кең далада өз білгенімізді істеп жүрдік...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. А., 1977 19-бет).

...Оқуды бес-алты жасқа келген соң үлкен әкемнен оқи бастадым...

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 382 п. 3-бет).

...Дедушка Ауэз (его полное имя Ауэзхан) имел двух жен. Его байбише была родом из Семиречья (так получается, если вспомнить, что две бабушки Мухтара Омархановича были сестрами). У них был единственный сын Омархан, отец Мухтара Омархановича, и, очевидно, знаменитая тетя Нурганым (младшая жена Кунанбая), о которой Мухтар Омарханович рассказывал, что она была такая полная, как в первые годы революции на плакатах и карикатурах изображали его величество «капитал». Она уже не могла ездить верхом, а только на телеге. Это к ней, в аул Кунанбая, возили в гости маленького Мухтара, а там он единственный раз в жизни видел живого Абая. Запомнилось Мухтару Омархановичу только, что он там все капризничал и плакал, а Абай его наругал как следует. Вот такой была встреча будущего автора эпопеи со своим будущим героем...

(Из воспоминаний В. Н. Ауэзовой // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. № 615, л. 28).

1904

Маусым. ...Жеті жасқа толдық. Ел бауырда. Біздің ауыл болса Бөрлі жанында отыр. Өткен күні ғана Әйгерім апамның ауылынан оралған атамның қабағы қатулы, ренжулі. Толғаныс үстінде. «Уһ» десе қайғы мен жалын атады лапылдап.

Атам ауылға келген бетінде бізді жиып алды, тез-тез тапсырма берді. Байқаймыз, көңілі әлденеге алаң. Тағаты жоқ. Сабақ оқытуға келгенде өте қатал кісінің мұнша жұмсақ бола қалғанына бір жағы іштей сүйсініп, бір жағы әлдебір өзіміз бейхабар нәрсеге алаң болып отырмыз.

— Шырақтарым, күндегі әдеттеріңше оқып, сабақтарыңа жақсы дайындала беріңдер, — деді атам. Көзінен еріксіз жас саулады. Тыя алмады. — Абай әл үстінде жатыр. Соған барайын мен.

Атам сонау қарақұдықтан шыққан қарадан көз алмай тұр. Кемсеңдейді.

— Ау, Дінәсіл, — деді атам тағат таппай. — Атымды алдыршы. Әне бір келе жатқан аттылының жүрісі жайсыз ғой. Шауып келе ме, қалай өзі?!

— Абайдан айрылдық, — деп әлгі аттылы кісі аңырап келді ауылға...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. А., 1977. 21-бет).

Тамыз — қыркүйек. ...Мұхтарды оқуға өзі әзірлеген Әуез оны алғаш рет 1904 жылы күзде «Бұзылғантам» деген жерде оқуға береді. «Бұзылғантам» — Жидебайдың терістік жағында, Есенбай жырасымен қатар жатқан қоныс аты. Жазғытұрым және күзде Құнанбай ауылы мекен ететін бұл жерден Зере өз балаларының қара суықтан тоңбауы үшін ерсілі-қарсылы етіп үш бөлмелі етіп үй салдырған... (Ел көшкенде жылда жүргінші, ұры-қарылар бұза берген). Ең алғаш Абай

осында оқыған... Мұхаң да сол арада Мүрсейіт Бікі баласынан сабақ алады. Мүрсейіт — Абайдың хатшысы, жан-жақты өнер иесі болған адам. Ол өз шәкірттерінің қолын жаттықтыру үшін оларға үнемі Абай өлеңдерін көшірткен және сол өлеңдерді жаттатқан...

(Тұрсын Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603-папка. 52-бет).

...Другое обстоятельство в давнюю детскую пору, когда мне было 7—8 лет, явилось в лице рукописной книжки-сборника стихов казахского классика Абая Кунанбаева. Наш знаменитый сородич из рода тобыкты — Абай — сам был любимым и почитаемым поэтом в наших аулах. Родственные, по женской линии, связи и личная дружба с ним моего деда, теперь, после смерти Абая, последовавшей в 1904 году, превратили его имя, его творения в ценность ни с чем несравнимую... По поручению деда переписчик мулла Мурсеид составил рукописный сборник стихов Абая и прислал в наш аул. Мурсеид всю свою жизнь и даже после появления стихов Абая в печати, переписывал в виде таких сборников произведения Абая, и это было его жизненной профессией. За каждую такую тетрадь он брал или живую овцу, или пять рублей золотом.

С получением рукописи Абая все наше дальнейшее обучение в ауле свелось к заучиванию его стихов. Таким образом, накануне своего поступления в русскую городскую школу я знал почти всего Абая наизусть...

(Архив Президента РК, ф. 708, оп. 39, д. 299, п. 8—9).

1905

Көкек. ...Көктем болды дегенше кәрі апам сегіз-тоғыз жастағы Мұхтардың қыр соңынан калмайды. Көзден таса етпейді. Өйткені кәрі апам Мұхтардың тай, асау үйретуді ол бастан жақсы көретінін біледі. Кіші бесін болатын. Кәрі апам басын жастыққа қойып, ұйқыға кеткенде, атама жетіп бардық. Атамнан рұқсат алып, жылқы өрісіне тай үйретуге тартып отырдық...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. А., 1977 8—12-беттер).

Тамыз. ...Август айы. Сабаққа жүретін уақытымыз жақындағанда үлкен Жүніс атама сәлем беремін деп ауылға келіп қонды.

Кешкілік. Үлкен Жүністі көрсек, өз аузынан басынан кешкендерін естісек деп куандық...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. А., 1977. 26-бет).

...Под влиянием культурно-просветительных веяний 1905 года дядя пошел искать светскую науку в русской школе и, преодолевая упорные и долгие сопротивления деда и отца, взял меня с собой в город, начал обучать сам русской грамоте и, наконец, 9-летнего мальчика определил в то же пятиклассное городское училище, где великовозрастным, усатым учеником обучался и он сам.

Основное занятие родителей до Октябрьской революции — кочевое скотоводство...

(Из личного листка по учету кадров М. О. Ауэзова // Президентский архив, ф. 708 ,оп. 39, д. 299, л. 2).

...Таңертеңгілік. Қасымбек Мұхтарды Семейдегі 5 кластық қалалық училищеге жетектеп алып келеді. Қаске ауық-ауық сөйлеп те қояды.

— Ғылымның қамалы әрқашан берік, оны жеңіп игеріп алу үшін әр кезде талап, қайрат керек. Мұқтаржан, жақсы оқығайсың, — дейді ол.

Мұхтарда үн жоқ. Ойланып келеді ол. Кейде орыс балаларымен бірге оқуға жүрексінеді де. Мұны ойлап көзіне жас алайын десе, атасының Абайдың нақыл сөзі деп айтқан мына бір ескертпе сөздері ойына түсе кетеді:

«Білім-ғылым үйренбекке, талап қылушыларға әуелі білім керек. Адамның көңілі шын мейірленсе, білім-ғылымның өзі де адамға тезірек мейірленіп, тезірек қолға түседі. Шала мейір шала байқайды. Екінші, ғылымды үйренгенде акиқат мақсатпен білмек үшін үйренбек керек... Үшінші, әрбір хақиқатқа тырысып, ижтихатыңмен көзің жетсе, соны тұт, өлсең айрылма!..»

Күйдірілген кірпіштен салынған жалпақ үй анадайдан көз тартады. Бұл қалалық орыс-қазақ мектебі. Бүгін бұл мектеп қазақ балаларын да жатырқамай құшақ жайып қарсы алып тұр мейірленіп. Мына келе жатқан Қаскелерді мектеп алдында егде тартқан екі кісі жылы шыраймен қарсы алды.

— Қош келіпсіздер, — деді әлгінің біреуі осы мектеп оқушысы Қаскенің сәлемін күтпай-ақ.

— Сәлем, Игнат Иванович, — деді Қаске.

— Кел, келіңіз, кайырлы қадам болсын!

— Мына оқытушыларың, — деді Қаске әлгілерді таныстырып. — Мынау болса Белослюдов. Өзі суретші, сызу пәнінің мұғалімі. Мына кісі болса Малахов Игнатий Иванович Семейдегі бастауыш мектептердің инспекторы...

(А. Әуезов. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын, 1977 28—29-бб.).

...Атам ескіше оқып, хат танып, әріпті жаза бастаған соң, Мұхтарға, бәрімізге Абай өлеңін, қара сөзін үйрете бастаған. Күн екіндіге таянып қалған кез. Таңертеңнен бері әріпті жаттап отырмыз.

— Балаларым, — деді атам көңілді сөйлеп бірден, — осы жаттап отырғандарыңды келесі күні таңертең маған айтып бересіңдер... Ал қазірден бастап Абайдың қара сөзімен танысасыңдар. Мұны да күн аралатып, кешқұрым жатқа айтып беріп отырасыңдар.

— Жарайды.

— Ал, Мұхтар, сен жазып ал, — деп, атай сөйлеп кетті. — «Естілген нәрсені ұмытпастыққа төрт түрлі себеп бар. Әуелі — көкірегі байлаулы, берік болмақ керек. Екінші — сол нәрсені естігенде я көргенде ғибрәтлану керек, көңілдегіні тұшынып, ынтамен ұғу керек. Үшінші — сол нәрсені ішіннен бірнеше уақыт қайтарып, ойланып, көңілге бекіту керек. Төртінші — кеселді ойлардан қашық болу керек...»

Атай бұл сөздердің сырын, мағынасын қайта-қайта түсіндірді. Кейін Біләлға Абайдың 33-ші, маған болса «Адам ата-анадан туғанда есті

болмайды» деп бастаратын қара сөзін берді. Аз-кем бой жазып, демалған соң Абай қара сөзін жаттауға кірістік .

Содан былай қарай атамыз мейірленіп, күн ұзақ бас айналдырған ескіше оқу қала бастады. Енді Пушкин, Крылов, Лермонтов деген жаңа есімдерді естіп, «Жалау», «Ой», «Қанжар», «Татьяна сөзі», «Онегиннің Татьянаға жазған хаты» деген өлеңдер мен «Емен мен шілік», «Піл мен қанден» деген мысалдарды күн-түн демей жатқа айта бастадық.

Қазақ халқының рухани мәдениетінің асыл қазынасының бірі — ауыз әдебиеті екені анық. Атам халық ауыз әдебиетін үйретті. Әсіресе ғашықтық жырлардан үзінділер келтіріп, бізге үлкен шабытпен талай әңгімелеп бергені бар. Міне, атам аузынан «Туған жер» деген халық әнін бірінші рет естігеніміз бар.

«Ата-анам ақ батаңды аттап кеттім,
Тентек ел талқысына тастап кеттім.
Болсам да шұбар жылан іштен шыққан,
Қарғамас деген сенім тастап кеттім.
Қарғама, жалғызыңды-ай!
Туған-ел, амандасам жас-кәріңе,
Бірге өскен құрбы-құрдас дос бәріңе,

(А. Әуезов. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын. 1977. 36—37-бб.).

...Ералы жайлауы. Ойқұдық. Мұхтар, Біләл үшеуміз атаммен бірге Әйгерім апамның үйіне талай-талай барғанбыз. Сонда алты қанат ақ үйдің қақ төрінде жатқан жазық маңдай, шұнақ құлақ, өңі қара торы, кеуделі, қапсағай келген үлкен мейірімді көзді ақсақал үнемі құшағын жайып қарсы алатын. Ол үшеуміздің де маңдайымыздан сүйетін. Ол — Абай аға. Біз Әйгерім апамның үйіне баруға үнемі асығатынбыз. Әйгерім аса сабырлы кісі еді. Тез қимылдай қоймайтын, тез қозғала қойса екен деп тыпырши күтетінбіз жәутеңдеп...

(А. Әуезов. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын. 1977 11-б.).

1906

...Сол кісінің алдынан (Әуездің) хат танып, түркі оқитын болған соң 9—10 жасымда әкеммен бір туысқан ағам Қасымбек қасына алып, басында бір жыл Семейдегі Қанаш деген қазіреттің медресесінде мұсылмандық оқытты да, артынан орысшаға берді. Орыс оқуын әуелі өзі дайындады. Содан кейін бір қыс ел ішіндегі ауылнай школдан Әбіш Қасенов деген Семей семинариясын бітіріп шыққан қазақ учителінен оқып, келесі жылы күз Семейдің «5 класный городской училищесіне» түстім. Содан бері мектептегі оқу тәртіппен кетті...

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 382 п. 3-бет.).

...Бір жылы жазғытұрым өз әкем «Абай кітабы келеді» деп өзімді көп уақыт бір үлкен қызық сый беретіндей дәмелендіріп жүріп, аяғында қар кетіп, ақ шығып келе жатқанда сол кітапты әкелді. Содан ел қыстауға көшкенше күндіз-түні өзі үйде болған уақытта Абай өлеңдерін жаттатып, соны ылғи айтқызып тыңдап, жақсылап жаттап алмаған жерлерімді қайтадан отырғызып, қайта жаттатушы еді. Абайдың өле-

ңін жақсы көрдім. Бәрін ұқпасам да ұйқасының өзі де қызықтырғандай әсер ететін. Бірақ әкем ылғи жаттауға бергенде қайдағы ұзақ, қиын сөздерін беретін. Соның ішінде ат сынынан бастап, «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» деген өлеңдерін жаттатқаны есімде бар. Бір уақыт «Масғұтты», «Ескендірді» де жаттатты. Сол жазғытұрымдай ауыр салмақ көрген уақытым жоқ еді. Бұрын шаруа істеп, мал бағып, тіпті іске салынған жерім жоқ еді. Үйткені бір шешеден жалғыз еркек бала болып, үлкен шешемнің қолында өскен еркелеу бала болдым. Өзіміздің дәулет орта, яки ортадан гөрі жоғарырақ болатын. Өз әкем де бір шешеден жалғыз болған, соның үстіне еркек баланы қырыққа таман жақындаған кезінде зарығыңқырап барып көрген. Соның бәрі маған бейнетсіз, тоғышар, қорақан-бұрақан үй тентек бала болып өсуіме құрық бергендей болып еді.

Сонымен ең алғашқы «тізені» Абайдан көрдім. Өлеңін күндіз де, түнде де жаттадым. Әкем жаттатып тыңдағаннан басқа ештеңе қоспайды, көп мақтамайды да, бірақ білмесем ұрсып та қоятын болды. Анда-санда ғана аса үлкен өлеңді күн-түн жаттап, зорлықпен ғана бірдеме қылып айтып шығатын болғанда сүйсініп мақтаған болатын. Кейде маған ырза болғаны ғой деймін, өзі құс атуға шыққанда қасына ертіп алып, атқан құстарын беріп үйге қайтарып, «өзім келгенде пәлен өлеңді жаттап қой» деп тағы да жүк артатын. Сонымен бір қыс, бір жазда Абайды түгелге жақын жаттап шығып едім. Бері келіп, орыс оқуына келген соң Абай алыстап қалды. 1909 жылы әкем де өлді...

(Өзім жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 382 п. 2—5-бет.).

...Начальной грамоте по-мусульмански обучался у деда. Девяти лет поступил в пятиклассное русское городское училище...

(М. Ауэзов. Автобиография // Президентский архив Республики Казахстана, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 6.).

...Преодолевая упорные и долгие сопротивления деда и отца моего, дядя Касымбек взял меня с собой в город, начал сам обучать русской грамоте и, наконец, 9-летнего мальчика определил в Семипалатинское пятиклассное городское училище...

(Автобиография. Личное дело // Рукописный фонд НКЦ «Дом Ауэзова» КПР—1, п. 364, с. 3.).

1907

... — Ахмет, Мұхтар, Толстойдың мына сөздерін оқындаршы.

— Түсінбейміз ғой.

— Түсінбесеңдер, бұл былай: «Менің әңгімелерімдегі барлық күшіммен жаным сүйетін аяулы бейнесін түгел айнытпай түсіруге тырысқан кейіпкерім — ол әрқашан болған, болып отырған және бола беретін тамаша кейіпкер — шындық».

Бір күні Қаске Мұхтар екеуміздің көзімізше Омархан ағама былай дегені бар:

— Омархан аға, Мұхтар, міне, он жасқа келді, Семейге ала кетейін. Өзіммен ~~бірге орысша оқып, білім алсын~~

— Ау, Қаске, орыс білімін алуға қызығып, ошақ басынан сенің кеткенің де жетеді ғой, — деді Омархан ағам ренішті кейіп білдіріп. — Менің шын мақсұтым жалғыз бала Мұхтарды 14-ке келгенше арабша оқытып, келін түсіріп, немере сүю. Мына Наймантаймен құда болып, Әйкежанды атастырып қойғанымды өзің де білесің. Мені ренжітпе, Мұхтарды әуре қылмай-ақ қой.

Омархан ағамнан беті қайтқан Қаске үлкен үйге — Әуез атама келді. Қаске атама жайлап отырып әңгіме шертті. Орыс мәдениетінің озық екенін өзінің түсінігімен айтып берді. Мұхтардың да орысша білім алуына ұлықсат беруін өтінді. Атам Әуез Қаскенің бұл ойын теріс деп білген жоқ, қайта қоштай түсті. Атам өзі жақсы көретін алғашқы немересі Мұхтардың орысша оқып, білім алуына ұлықсат берді. Сөйтіп Мұхтар 1907 жылы Семейдің бес кластық қалалық орыс училищесіне түсті...

(А. Әуезов. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын, 1977 13—14 бб.).

Қыркүйек — қазан. ...Осы күні көп жұрттың қолжаулық қылып жүрген «қожалығын» мен он жастың шамасына келгенімде ғана көрдім. Бір жылы күздікүні ауылымызға біздің қожалардың сыбан ішіндегі бір ағайындары екі қожа келеді. Бірі әкесі, бірі баласы еді. Бұлар келгенде ауылымызға бір суық жат тәртіп ала келгендей болды. Бізді олардың үстіне ылғи тағзыммен сәлем бергізіп кіргізіп, жалаң аяқ кіргізбей, кемпір шешеміз батасын ал деп, алдарында болымсыз қызмет істетіп, солар кеткенше қара қазақ болып кеткен біз сияқты бейбастық балалары үшін қысылғандай болып жүрді. Бала күнімде өз аулымызға келіп-кетіп жататын қонақтардың ішінде солардай ауыр көрінген қонақ болмаған сияқты... Біз екі-үш бала бұлар отырған жерге көп жолағымыз келмей сырғаландап жүрсек те таңертеңгі намазда қолдарына ұзын-ұзын тәсбиқ алып «Зікір» салған уақыттарында ылғи есіктен қарап қатты қызық көруші едік. Жат та, қызық та көрінетін. Солардан соң толық қожаны көрген емеспіз...

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 382 п. 3-бет.).

1908

...Одиннадцати лет я лишился отца, и меня взял на воспитание мой дядя Қасымбек, который в юности перешел из мусульманского медресе в русскую школу, не считаясь с проклятиями своего наставника, хазрета Камаледдина. Дядя и меня устроил в Семипалатинское городское пятиклассное училище на земскую стипендию Чингизской волости...

(М. Ауэзов. Автобиография // М. Ауэзов в вопоминаниях современников. Алма-Ата: Жазушы, 1972. С. 351—342.).

...Қаске Семейдегі бес кластық қалалық орыс училищесін жақсы бітіріп, Семейдегі учительдік семинарияға оқуға кірді. Қаске семинарист. Орысша киім орта бойлы, ат жақты, ақ сұр ашық мінезді Қаскеге жараса қалған. Қаске каникулға ауылға келген сайын Мұхтар екеумізге көп нәрсені әңгімелеп беретін. Оның қолынан көнетоз кітапша бір түспейтін. Орыс жазушыларының ең алдыңғы Лев Толстой дегенді

бірінші рет Қаскеден естідік. Сол кезде оның қолындағы әлгі кітап Толстойдың «Севастополь туралы әңгімелері» екен. Қаске Мұхтар екеумізге сол кітаптан талай-талай үзінділер оқып берген...

(А. Әуезов. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын, 1977. 12—13-бб.).

1909

...Смерть моего отца, последовавшая в 1909 г., перевела меня всецело на попечение дяди моего Қасымбека, тоже обучавшегося в городе в русской школе...

(М. Ауэзов. Автобиография // Президентский архив Республики Казахстан, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 6.).

1911

..Кстати говоря, среди населения Чингизской волости была давняя традиция устраивать вечера, на которых проводилось громкое чтение: для этой цели во многих наших аулах были свои постоянные чтецы, которые обычно нараспев читали исторические поэмы, народные эпические песни о богатырях, разумеется, читали стихи Абая и пели его песни. Домбристы на этих вечерах играли кюи. Иной раз на таких вечерах юноши, обучающиеся в школах, рассказывали о прочитанных ими новеллах, повестях, даже о романах, растягивая их на несколько вечеров. Мы, учащиеся городских школ, знали, что во время каникул в ауле попросят нас рассказать, какие интересные книги мы читали. Чтобы не краснеть перед ними, мы заранее подбирали хорошие книги и запоминали их содержание. Этот обычай приучил нас с ранних лет к книгам, заставлял читать их очень внимательно. Мухтар Омарханович был одним из вдохновителей и деятельных участников вечеров...

(Кулатай Акбердин. Юношеские годы Мухтара Ауэзова // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата: Жазушы, 1972, С. 297—299.).

...Мен Мұхтарды 1911 жылдан білемін. Сол кезде Мұхтар Семей қалалық училищесінің студенті еді. Оның інісі Ахмет екеуміз екі класты орыс-қазақ училищесінде оқитынбыз. Мен Ахметпен құрдас едім. Ал, бізден Мұхтар үш жас үлкен болатын. Біз Мұхтардың пәтеріне жиі келіп тұратынбыз. Сол бала күннің өзінде-ақ Мұхтар жылы жүзді, кішіпейіл еді. Ретті жерінде бізбен әңгімелесіп, ілтипат көрсететін. Дудыраған қара бұйра шашы бар, қара қозының елтірісінен тігілген папахасы болатын. 15—16 жасының өзінде оның көркем сөз жазуға бейімі бар еді...

(Ишмұхамет Әлин. Ол қоғамшыл еді // Біздің Мұхтар. Алматы: Жазушы, 1976. 375-б.).

1912

Мамыр — маусым. ...Қайым Мұхаметханов сол дұдамалды сейілтіп, архив деректері арқылы 1911—1913 жылдары семинарияның бірінші курсында оқығандығын дәлелдеп берді. Семинарияның пед-қ кеңесінің шешімі бойынша 1912 жылы келесі класқа 20 бала көшірілген. 33 шәкірттің ішіндегі жалғыз қазақ — Мұхтар. Тізімге 33 болып тіркелген. 13 оқушы сабақ үлгерімінің нашарлығына байланысты семинариядан шығарылған, не класында қалдырылған. Педсоветтің қаулысы бойынша «екі оқушы переводится с наградой» — деп атап айтылған. Олар шаруа баласы П. А. Матвеев және М. Ауэзов!»...

(Т. Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603 п. 67-б.).

...Мұхтардың анасы Нұржамал 1912 жылы қайтыс болды. Омарханның шаңырағына ие болып, үй шаруасына басшылық еткен Самарханның баласы Разақ. Мұхтардың өмірден таршылық көрмей бұла болып өсуіне Разақ себеп болған. Мен болсам Мұхтардан екі жыл кейін 1909 жылы Қаскенің күшімен жаңа Семейдегі екі кластық орыс-қырғыз училищесіне оқуға түстім, пансионда жаттым. Қаске мен Мұхтар үлкен Семейде бір үйде тұрды. Мен болсам жаңа Семейде болдым. Сенбі күні болды дегенше менің екі көзім Ертістің арғы жағында болады. Қаске мен Мұхтарды асыға күтемін. Әсіресе Қаскенің демалыс сайын базардан маған арнап алып келетін қос қызыл алмасын айтсаңызшы. Марқұм Қаске екі алманың бірін маған пансионда жегізіп, екіншісін үнемі үйге барғанда жейсің деуші еді-ау...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын, 1977 13—14-бб.).

...Мұхтарды жеңгелері, апалары «Қара жоңқа» деп атайтын, мұның себебі өзі жуас, аңқау болған көрінеді, сондықтан да сол ортада бір қара жоңқа дегеннің аты беріледі. Мұхтар аулының өзге балаларынан бір өзгешелігі демалысқа келгенде ауылдың ер балаларын, қыздарын жинап алып кеш болса денешынықтыру деп барлығымызды ойнатып, жарыстырып, күрестіріп, қарғытып, бастан тік тұрғызып, кеудемізді жерге тигізіп үйретететін. Күндіз жинап алып қыста өткен сабағымызды сұрап, қыздармен ер балаларды жинап алып қатар тұрғызып қойып Абайдың «Сегіз аяғын», «Қор болды жаным», «Көзімнің қарасын» айтқызып, хор үйретуші еді де және басқа өлеңдерін жаттауға беріп, күнделікті сұрап отыратын. Жалғыз Абайдың өлеңі емес, басқа өлеңдерді де жаттайтын, — екі-екіден жекедей, не болмаса бір қыз, бір ер балаға біріктіріп барлығымыз үйренгеннен кейін және хорға қосқызып айтқызатын. Осы жасырақ кезінде 14—15 жасында қолына ылғи тұрымтай, оны ең алдымен үйдің ішінде қолына отырғызып, жас етке қант сеуіп аздан жегізіп, дәндетіп болған соң өзі төрде тұрып, есік алдында біреуге ұстатып қойып, «кел-кел» деп қолына ұстаған етін қолымен серпіп шақырса қолына ұшып келетін, содан әбден қолына үйренгеннен кейін далаға шығарып, алыста тұрып шақырып, үйретіп болғаннан соң інінің басынан «шақ-шақ» деп отыратын. «Шақ-шақ» деген тұрымтай торғайға барып бас салғанда мәз болып, менің тұрымтайым торғайды

қырып салады деп мақтан жасаушы еді де, оған «Қырғын» тұрымтай деп ат қоятын...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР—1. 375 п.).

1913

23 көкек. ...1913 жылдың жазғы каникулына апрельдің 29 күні шықтық. Ия ол кезде оқушылардың жазғы демалысы 1-майдан басталатын-ды. Мұхтар екеуміз жылдағы әдетімізше ел жақтан көлік күттік. 30 апрельдің үлкен сәске кезінде қос атты салт жетегіне алып ағамыз Ағзам жетті. Бұрын елге ылғи арбамен қайтатын біз алғашқыда бұған таңырқап қалдық. Біздің бұнымызды айтпай-ақ сезген Ағзам бізбен сәлемдесе беріп:

— Немене ұнжырғыларың түсіп кетіпті ғой. Қластан класқа көштіндер ме, — деп сұрады. Мұхтар үндеген жоқ...

(Ахмет Әуезов. Шынарым менің. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 601 п. 2-бет.).

Қыркүйек. ...Қаске Семейдің учительдік семинариясын 1913 жылы бітірді. Ол Семейдегі учительдік семинарияны бітіргеннен кейін Москваға барып, жоғарғы оқу орнына түсіп, қайтадан дайындалып, аттанғалы тұрғанда, іш сүзек ауруына тап болды, ауру асқынып 1915 жылдың сентябрь айында дүние салды. Мұхтарды орысша оқытып, көзін ашқан, үлкен адам болуына себепші болған Қаске. Біз аяулы аға Қаске алдында көп-көп борыштармыз...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. Жалын, 1977. 14—16-бб.).

1 мамыр. ...Түсте Күшікбай бұлағының басында аунап жатып, күн батар алдында Бөрілідегі қыстаудағы үйге келдік...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. Жалын. 1977. 66-бет.).

1914

26 қаңтар. ...Осы 1914 жылғы 26 қаңтарда өткен Абайдың тұңғыш әдеби кешіне Шәкәрім бастаған Абайдың іні-балалары қатыса алмаған. Мұхтардың жеңгесі Ғалия нашарлап жатады да, қайтыс боп кетеді. Дәл осы күні Мұхтарды да алып қайтуға шапқыншы жөнелтіліп (Ғалия—Ақылбай немересі), Абай мен Әуез ауылдары қайғы жамылып қалған болатын...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 99-бет.).

26 ақпан. ...Семейдегі географиялық қоғам 1914 жылы 26 қаңтарда Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толуына әдеби кеш өткізеді.

Бұл кешке Семейдің 5 кластық қалалық училищесінде оқып жүрген Мұхтар Омарханұлы Әуезов те қатысады. Сол кеш туралы ол 1954 жылы Абайдың қайтыс болғанына елу жыл толуына байланысты жазған «Халықтың дана ұлы» атты мақаласында еске алады...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 95—96-беттер).

27 ақпан. ...Балта-Орақты (Балта-Тарақ деп те атайды) зор құрметпен суреттейтін Мұхаңның өзі де осы өңірдің бір баласы боп өсті. 1914 жылы қаңтардың 26 күні Семейде өткен Абайдың әдеби кешіне қатысқан Мұхаң келесі күні Мұса әкелген ат шанамен елге қайтады. Қасымбектей жақсы көрген ағасының, Ғалиядай жеңгесінің нашар жатқанын естіп шыдай алмай жүріп кеткен...

(Кәмен Оразалин. Абай еліне саяхат. 1994. 112-бет.).

28—30 ақпан. ...Балта-Орақка қонып шыққан олар Мұқырдың жарынан өте бере қатты боранға кездесіп, үш түн далада адасып ыққан. Ақыры түн ортасы ауа бір ауылға кездеседі. Сөйтсе бұл ауыл Салтанаттың үйі болады...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 112-бет.).

25 қыркүйек. ...Мұхтар «Приказчиктер клубында» өздерінің тұңғыш қазақша ойын қойғандарын еске алып, әңгіме етеді. Ойынды ұйымдастырушы, қазақтан шыққан тұңғыш оқыған білімді әйелдердің бірі Нәзипа Құлжанова болады. Құлжанова 1914 жылы Абайдың қайтыс болғанына 10 жыл толған күні, ақынды еске алуға арналған әдебиет кешінде ұлы ақынның өмірі, ақындығы жайында орыс тілінде баяндама жасайды. Оған Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаев, Тайыр Жомартбаев бастаған қазақ жастары қатысады...

(Қайым Мұхаметханов. Мұхаң туған жерінде // Біздің Мұхтар. Алматы: Жазушы, 1976. 383-бет.).

25 қыркүйек. «Семей театрының тарихы» атты мақала. Абайдың дүниеден қайтқанына он жыл толатын күні алдында ақынды еске алу кеші өткізілді. Кеште Абай өлеңдері оқылып, қазақтың ұлттық өнері, қонақ сыйлау дәстүрлері көрсетіледі...

(Айқап. 1914. № 4. 67—68-беттер).
(Сол кешке М. Әуезов қатысқан).

Қыркүйек. ...1914 жылдың қыркүйек айлары. Жаңа оқу жылы басталды. Оқуға жіберген балалардың көбі бүгін үлкен Семейдегі үлкен шіркеу алаңында ойнап жүр. Осы алаңға келе жатқан Мұхтар, Нәсір, Дәку қызу әңгімелесіп келеді.

— Мұхтар, өткен күні мен кітапханадан «Русский спорт» деген журналды оқыдым, — деді Дәку.

— Иә, не депті?

— Әйтеуір футбол ойыны деген біздің ойнап жүрген доп ойынынан басқа. Аяқпен тебетін көрінеді.

— Әй, сені-ай!— деді Мұхтар. — Қызықсың өзің, қайдағы журналдан оқығаныңды айтасың. Міне, көз алдында орыс балалары ойнап

жатқан жоқ па сол ойынды. Неткен қызық ойын еді. Әне-әне, көріңдерші.

— Анау футбол ойнаған кілең орыс балалары, — деді Нәсір. — Біз неге ойнамаймыз?

— Міне, біз жүрміз ғой, түк бітірмей. Сол ойынға араласа алмай жүрміз ғой, — деді Дәку Мұхтарға қарап.

— Дұрыс айтасың, — деді Мұхтар. — Бірақ ойымды бөлмеші, осы Семейде сонау Москвадан 1912 жылы келген Николай Николаевич Куприянов деген кісі бар деп естідім. Мына орыс балаларына спорттық киім алып беріп, ойынның тәртібін үйретіп жүрген сол кісі екен. Өзі үйретуші болса керек. Сонан соң Алексей Михайлович Огородников деген футболды жақсы ойнайтын шәкірті, жергілікті жігіт тағы бар дейді. Сөздің қысқасы, солармен байланыс жасайық.

— Маңына сені жолата қояр ма екен, — деді Нәсір екіұшты оймен.

— Ой, не дегенің. Өз ақшамызға бір мяч тауып берсе болғаны.

Әлгі үш бала сол жерде өзара келісіп, істі бөлісіп алды. Мұхтар болса Николай Николаевич Куприяновты іздеп, Нәсір мен Дәку болса футбол ойнауға қатысуға ерік білдіретін қазақ балаларының тізімін алып, ақша жинауға кетті. Олардың кездесетін жері Новалевский фотографиясының маңы болды. Мұхтар Николай Николаевичті іздеп көп жерге барып, оны базар алаңынан кездестірді. Ықшам, ыңғайлы спорт киімін киіп алған Николай Николаевич бір топ баланы басқарып, базар алаңын тазалап жүр екен. Мұхтар сырттай сұрап еді, бұл жерде ертең футбол жаттығуы болады, кейін жолдастық кездесулер өткізілетін көрінеді...

(Әуезов Ахмет. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын, 1977 38—39-бб.).

Май — октябрь. ...Ученики этих училищ то мирно играли вместе, то ссорились, швыряя камнями через забор... Вот во время одной такой встречи и познакомил меня с Мухтаром мой хороший товарищ Рыспаев Зиятдин, ученик того же пятиклассного училище, а впоследствии также футболист «Ярыша». Видимо, они дружили, так как на фотографии команды «Ярыш», снятой в 1914 году, они стоят рядом — в третьем ряду справа первый стоит Рыспаев в основном составе в первой команде, а Ауэзов — во второй, юношеской... Вторая моя встреча с Мухтаром Ауэзовым состоялась в составе футбольной команды «Ярыш» и знакомство с ним было уже более тесным. ...Я играл на месте левого крайнего нападающего, а Мухтару, видимо, учитывая его физические данные, была отведена роль центрального полузащитника. Играл он усердно, с большим увлечением и азартом, хорошо помогал нам, нападающим. Так вот однажды, осенью 1914 года на встрече с футболистами гимназии играла наша юношеская команда. Откровенно говоря, неожиданно для нас самих, мы одержали победу, причем первый гол в ворота наших противников забил Мухтар...

(Архив НКЦ «Дом Ауэзова». Хисматуллин. Запись Семипалатинского облрадио, 1977 Октябрь.).

Сентябрь — декабрь. ...В Семипалатинской учительской семинарии я впервые встертился с учащимся из казахов. Их в то время было на разных курсах четыре человека. Особенно в выгодном свете среди них выделялся Мухтар Ауэзов. (Для меня он так до конца его

жизни оставался Мухтаром без «Омархановича»). Насколько сильное впечатление от него осталось у меня, говорят такие подробности, которые сохранила моя память о нем почти за полустолетие. Как теперь, я представляю большую классную комнату. Парты стоят в три ряда. С правой стороны на первой двухместной парте среднего ряда сидит восемнадцатилетний стройный и красивый юноша-казах, чрезвычайно опрятно одетый, с богатой черной, хорошо причесанной шевелюрой, чуть-чуть желтоватым цветом кожи лица, с крупными губами, правильным носом, выразительными карими глазами и высоким лбом. Это и был Мухтар Ауэзов. Своим внешним изящным видом он напоминал мне аристократа в хорошем смысле этого слова. Впоследствии, когда я познакомился с ним ближе, я утвердился в правильности моего первого впечатления от него. Всегда спокойный, неизменно корректный, сдержанный в своих отношениях с преподавателями и товарищами, величавый (да, да, именно — величавый), он очень заметно выделялся на фоне даже своего класса и пользовался большим авторитетом среди своих однокурсников. Отлично владея русским языком, он поражал нас и своей эрудицией в области его. В области русского языка в те времена с особенной страстностью дискутировался в среде русской передовой интеллигенции вопрос об упрощении русской орфографии. Мне как преподавателю русского языка пришлось по просьбе учащихся провести большую работу в этой области. Особенно ненавистны были учащимся ять и фита. Что было поразительно, так это то, что к этому проявили значительно больший интерес, чем учащиеся старших классов, ученики первого класса, особенно наиболее активная из них группа хороших «забияк», среди которых был и Мухтар Ауэзов со своими дельными выступлениями и исследованиями...

(Василий Попов. Памятные встречи // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата: Жазушы, 1977. С. 294—296).

...— Сәлем, Николай Николаевич, — деп, Мұхтар жетіп келді, — Кешірерсіз, ағай, мен Сізге бір жұмыспен келіп едім.

— Айта ғой, жайшылық па, қайдан?

— Училищеден.

— Жақсы, жақсы. Қане, не жұмысың бар?

Мұхтар өз ойын түгел баяндады. Николай Николаевич қазақ баласының бұл ойына қуанып кетті, шын көңілімен қарсы алды.

— Талаптарыңа нұр жаусын, — деді Н. Куприянов. — Бірақ сен білесің бе, патша үкіметі қырсық қой. Сендердің ойнағандарынды көре алмайды. Сол үшін спорт жабдықтарын босатпайды, алу өте қиын.

— Немене, ақшасын береміз. Тегін бермесін бізге, ақшамызға берсін.

— Білемін, Мұхтарка, — деді Николай Николаевич оның басынан сипап. — Патша өкіметінің о бастан жаналыққа жаны қарсы ғой. Мейлі, мына балаларға алып берген спорт құрал-жабдығынан бір доп, сетка берейін. Қазір ал. Сонан соң балаларынның санын маған айтарсың. Майкадан да қарасармын. Бұдан соң Николай Николаевич Куприянов Мұхтарға футбол ойынының ойнау тәртібін, ережесін мұқият түсіндірді...

(Әуезов Ахмет. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын, 1977. 39-б.).

...Арада көп уақыт өткен жоқ. Ноғай балалары мен қазақ балаларынан Семей қаласында 24 адамнан «Ярыш» атты футбол командасы

құрылды. Мұхтармен бірге оқыған, әрі сол футбол командасына қатысқан, қазір көзі тірі Өзбек Ғылым академиясының қызметкері, ғалым Қасым Мұхамедов жолдас өткенді еске алып былай деді: «Футболды екі маусымда, оқуға алғаш келгенде және май айларында ойнайтынбыз. Жұмасына екі-үш рет базар, шіркеу алаңдарында бас қосатынбыз. Онда әркім өз үлесін қосатын. Мақсатымыз біреуді, қарсы жақты ұтып кету емес еді, футбол ойынын үйрену еді. Бұл, шынында да, қазақ балалары үшін үлкен жаңалық болатын. Футбол ойнау ақсүйектен гөрі орыс мәдениетіне бізді жақындата түсті. Сабаққа аса зейінді Мұхтар «Ярыш» командасының құрамында ойнап жүргенде өзінің тағы бір талантын көрсеткен. Біз оның бойынан қолға алған мақсатты іске беріктігін, әр нәрсені білуге, үйренуге құштарлығын байқайтынбыз.. Бұл кезде, оқып жүрген кезінде, Мұхтар «өнерді үйрен де жирен» деген қағиданы, немесе «жігіт сегіз қырлы бір сырлы болу керек» деген мәтелді жадында берік сақтайтын адам боп көрінетін». Бала Мұхтар осындай мақсатшыл, зейінді еді. Оның бойымен бірге ойы өсті. Еңбекпен, спортпен денесі шыныға түсті. Бұрынғыдан да байсалды, өзіндік ой иесі болып келе жатты. Әсіерсе әдебиетті сүйіп оқитын, қазақ ауыз әдебиетінің тамаша нұсқаларын сүйетін...

(Әуезов Ахмет. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын, 1977 40—41-бб.).

...Осы жылы Ұлы Абайдың қайтыс болуының он жылдығына орай сол тұста «Приказчиктер клубы», кейін Луначарский атындағы театр деп аталған үйде қазақтың алғашқы революционер қайраткері болған Нәзипа Құлжанова ұйымдастырған әдеби кеш. Кеште Құлжанова Ұлы ақын творчествосы туралы баяндама жасайды. Оған Мұхтар да қатысады....

(Т. Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. № 603, 604 п.).

1915

13 ақпан. ...Құлжановтар 1915 жылдың 13 ақпанында бұрынғы приказчиктер клубында (кейіннен Абай театрының үйі болды) «Біржан мен Сара» айтысын сахнаға бейімдеп көрсеткен. Бұл ойында ұйымдастыру жұмысына сол кездегі оқушылар Қаныш Имантайұлы Сәтбаев пен Мұхтар қатысқан...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 96-бет).

13 ақпан. ...Семейдегі приказчиктер клубында қазақша үлкен ойын-сауық кеші болып, ол кеште «Біржан — Сара» айтысы театр сахнасына бейімделіп, музыкалы пьеса-инсценировка ретінде қойылды. Қазақша тұңғыш театр ойынын ұйымдастырып, қоюшылар сол кездегі алдыңғы қатарлы қазақ интеллигент жастары еді. Олар: семинарияның қазақ тілі мен әдебиет оқытушысы Н. Құлжанов, оның зайыбы Н. Құлжанова, ақын Тайыр Жомартбаев, семинария оқушылары Жүсіпбек Аймауытов, Мұхтар Әуезов, Қаныш Сәтбаевтар қатынасады...

(Т Жұртбаев. Бесігіңді түзе // Жұлдыз. 1987. № 9. 126-бет. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603, 604-п.).

22 июня. Аттестат Ауэзова об окончании Семипалатинского 5-классного училища. Надо дать ксерокопию аттестата.

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 632, с. 10)

Сентябрь. ...Начало учебы в Семипалатинской учительской семинарии.

(М. О. Ауэзов. Автобиография // Рукописный фонд. НКЦ «Дом Ауэзова». КПР-1, № 364, л. 3).

...Қазірде екінші әйелінен туған балалардан бір жылы туған Қасымбек Мұхтардан ерте Семейде ең алдымен медіреседе оқиды да, оны бітіргеннен кейін орыс мектебі мұғалімдер семинарында оқып жүрген-де Мұхтарды ең алдымен медіреседе оқытып, содан кейін бес кластық училищеге түсіруге себеп болады. Қасымбек 1915 жылы ауырып қайтыс болған. Омархан қиылған қара көзді, томпақ бетті, дөңгелек мұрынды, аса сымбатты сұлу болған. Ат жалын тартып мінген соң Әуез баласын өзімен ертіп жүріп ел танытқан. Омархан сондай зейінді, сөз тауып айтқыш, пысық болған...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 375 п.).

...Әкемнен кейінгі әке сияқты болып тәрбиелеп баулитын атам, Қасымбек еді. Сонымен қысы-жазы бірге жүріп оқу оқыдым. 1915 жылы городское училищені бітіріп, күз семинарияға түстім...

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 382-п. 5-бет.).

...Окончив в 1915 году городское училище, я поступил в Семипалатинскую учительскую семинарию...

(Автобиография. Личное дело // РФ НКЦ «Дом Ауэзова». КПР-1. п. 364, с. 3).

...Мұхтар жазғы демалысқа келгенде ителгі, қаршыға ұстайтын болды және оғын мол етіп Семейден қосауыз мылтық алып келіп, үйрек-қаз атып, аңшылық жасап, көңіл көтеру жағдайына кірісті. Ауылымыз Тума деген көлдің маңайында отыр еді. Бір күні Мұхтар: «Мәжит, сен менімен еріп жүр, Тума көліне барып үйрек атып әкелейік» деп мені ертіп алды. Көлдің маңайына келіп өзі шешінді де маған: «Сен көлдің ана шетіне барып тұр, мына суда қалқып жүрген бір топ үйрек осында келеді. Мен атқанда кейбір жараланғандары судың арғы бетіне барып түсуі керек, соларды ұстап аласың» — деуі-ақ мұң екен, мен санымды шапалақтай қуанып, жүгіріп кеттім. Осы кезде өзі бір түп қамыстың арасына барып бұғып отырды. Судың арғы бетіне барып жеткенім де сол еді, мылтық тарс ете түсті. Аспанға ұшқан бір топ үйректің екеуі менің алдымдағы қамыс арасына келіп құлады. Жүгіріп барып біреуін ұстап алдым. Енді екіншісін ұстау үшін тіземен келетін суды жалдап жүгіріп бара жатқанымда су жыланын көріп қалып: «Мұхтар ағатай!»— деп айқайлап жібердім. Сөйтіп екінші үйректен айрылып қалдым. Мұхтарға келіп жағдайды айтып едім: «Су жыланы

шақпайды, одан қорықпа», — деді. Сөйтіп бір сағаттың ішінде жеті үйрек атып алдық та үйге қайттық... Мұхтар, әдетте, бір күні таңертең ерте тұрып құс атуға, екінші күні ителгісін үйрек, қазға не қоянға салуға кететін. Кейбір күндері таңертеңнен кешке дейін кітап оқып, ылғи жазып отыратын.

Бір күні бие байланып болған соң қымыз ішіп, жеңгесі Мәкежан мен апасы Зураға бал қуырдақ қуыртып жеді де, Жұмаханға: «Торы бестіні ұстап әкеліп ергтеп қой», —деді. Мұхтардың ауылда жүргендегі ең бір жақсы көретін жеңіл тамағы бал қуырдақ пен бидай көже еді. Мені шақырып алды да: «Көк тайынды ертте. Қазір Өмірзақ келеді. Ителгі бабына келді, бүгін ителгіні алып шығып үйрек-қазға, қоянға саламыз»,— деді. Өзі мылтығын алып, мойнына салды да «Өмірзақ, ителгіні қолыңа ал», — деді. Туманың бас жағындағы шалшық суда төрт-бес үйрек отыр екен. Өмірзаққа қарады да: «Мына үйректерді мылтықпен атпайық. Қолыңдағы ителгіні маған бер де, сен ар жағынан барып үйректерді ұшыр», — деді. Үйректер ұша бергенде ителгіні ұшырып жіберіп еді, ителгі зуылдап барып бір үйректі аяғымен қағып қалғанда жерге топ ете түсті. Екінші үйректің тап бауырынан жабысып үйрекпен қоса өзі де түскен кезде Мұхаң сақ-сақ күліп, атын борбайға салып жіберіп шаба жөнелді. Ителгісінің басын сипап, үйректің кеудесінен бір-екі шоқытып жегізді. Үйректі Өмірзақтың қанжығасына байлап тұрып: «Әй Өмірзақ, Мәжит! Мен мына ителгіге «Көк тұйғын» деген ат бердім», — деп күлді де атқа мінді. «Енді Қарадырды аралайық, онда қоян көп болушы еді ғой», — деп, аттың басын солай қарай бұрды. Қарадыр жеті шақырымдай жер еді. Оған келісімен: «Мен ителгіні ұстап мына бетте тұрайын. Екеуің адырдың екі жағынан барып қоянды үркітіңдер», — деді. Өмірзақ екеуіміз шауып бардық та қараған, тобылғы шөптің араларын қаға бастадық. Бір кезде жалғыз қоян екі құлағын жымитып, безе жөнелді. Қарсы бет жайдақ еді. Соған өрлей бергенде Мұқаң ителгісін көзіктіріп жіберіп қалды. Ителгі «а» дегенде-ақ белден асырмай қоянның басын екі аяғымен бүріп, төбесінен екі рет шоқып қалғанда қоян бақырып жата кетті. Мұқаң бізден бұрын шауып барып ителгісін қояннан айырып алды да Өмірзаққа қарап: «Шіркін, аң аулағанда ылғи осындай жағдай болса, адамның көңілі көтеріліп, осындай образдар көз алдыңа елестеп, жазғың келеді де тұрады», — деп еді. Өмірзақ: «Мұқа, осы Сіз ептеп жазып жүрсіз ғой, аңшылардың өмірін неге жазбайсыз», — деп еді. Мұқаң езу тартып күлді де: «Өмеке, кейінірек барлығы жазылады, мына олжаны жаныңа байла», — деп атқа мінді. Түскі мезгілден асып қалып еді, ауылға келіп үйге түсісімен жеңгесі Мәкежан мен апасы Зураға: «Мына қоянның етін майдалап турап, балқуырдақ жасаңдар», — деді. Үйге кіре салып: «Енді сен, Өмірзақ, мына домбыраны алып, «Әбәй көк», «Екі жирен» әнін айтшы», — деп, әнді жастыққа жантайып жатып тыңдады. Біраздан кейін Зура келіп: «Түскі тамақтарың дайын болды», — деді. Тамақтанып отырып ителгісіне «Көк тұйғын» деп ат қойғанын, аңшының жолы болса, адамның көңілі көтерілетіні туралы біраз әңгіме айтып, содан кейін жататын үйіне барды да біраз кітап оқып, дем алды.

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР—1. 375-п.).

1916

Мамыр. ...Бұл 1916 жыл Мұхтардың он тоғыз жасқа келген кезі еді. Май айының аяқ кезінде жирен жорғаны жақсылап ерттеп, Біләлді көк бестіге мінгізіп, Разақ Семейден Мұхтарды алып келуге жіберді де, бөлек отау тіккізіп дайындық жасап жатты. Осы Разақтың дайындық жасаған жағдайы, інім Мұхтарға осы жолы Тобықтының елін аралатып, қыз таңдатып айттыру деген болатын. Бес-алты күн өткеннен кейін Біләл Мұхтарды алып келді. Мұхтар осы жолы ені қоржын кітап алып келді. Мұхтардың келгеніне бірнеше күн өтті, жолдастары келіп, тегіс амандасып, ойын-сауық құрып дем алғаннан кейін, Разақ Арынбек, Смайылханды шақырып алды да, бір марқа сойғызып, қымыз ішіп отырып, Мұхтарды шақыртып алды да әңгіме бастады: «Мұхтар азамат болды, Омархан ағамнан қалған үлкен үйдің шаңырағы бос тұр, Нұржамал апаның қайтыс болғанына екі жыл болды. Менің ойыма мына Мұхтар шаңыраққа ие болуы үшін осы Тобықты елін өзінің жақсы көретін жолдастарымен аралап таңдаған қызын алсын деп отырмын». Ертеңіне Разақ торы бестіні кешкі жылқыға жібермей алып қалып, кешке терін алғызып таң асырды. Торы бесті ұзын келген, құлын мүшелі, алдыңғы оң аяғын, артқы сол аяғын көтеріп сылтып басып, жылпыңдай аяңдағанда жанындағы аттарды желе жортқызып отырушы еді. Өзі жүйрік болатын. Қыз таңдайтын жігіттердің жүріп кеткеніне жиырма күн болды. Жиырма бірінші күні қыз таңдаған жігіттер қайтып келіп Разаққа: «Құда түсетін еліңіз, Айдостың баласы, Торғайдан туған Қәкен дегеннің қызы Райхан, өзі сондай сымбатты, керек десеңіз мұрны Мұхтардың мұрнына қиып қойғандай. Мына ініңіз Мұхтар барлық Тобықты қызынан соны таңдады», — деп Зікәйіл айтып еді, Разақ, «Менің Мұхтарды жібергенім, өзі таңдап алсын деп едім. Өзі ұнатса болады», — деп тоқтады. Ендігі жағдай — барып құда түсу. Ертеңіне Разақ, Смайылхан Арынбек «Құдыс», «Қоңыр» деген атпен бірге бір құлынды бие жетекке алып, жандарына мал жетектеп апаруға Әуездің тоқалы Сақыптың інісі Жұмақанды ертіп құда түсуге жүріп кетті...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. КПР—1. 375 п.).

Мамыр. ...1916 жылдың көктемінде әкеміз семинариядан ауылға демалысқа келеді. Әуез ата мен Разақ аға әкемді үйлендіруді ойластырып, қалаған қызын атастыруды өтінеді. Сол уақыттың дәстүрі бойынша жігіттер ел аралап, қыз таңдайды. Мұны естіген Тұрағұл Абайұлы: «Мұхтарға қалыңдық айттырып жүр деп естідім. Менің Қәкен деген досым бар. Аң аулай шыққанда үйіне қонаға барып жүремін. Соның әдемі, талғамды қызы бар. Көңілі тоқтаса құдалығына өзім ықпал етер едім», — деп сәлем айтыпты. Содан жеті жігіт аң аулаған боп жүріп қонаға менің нағашыларымның ауылына келеді. Алайда, бұл жолы қызды көре алмайды. Оқыған жігіттерден именсе керек. Мұны естіген Тұрағұл: «Жеті жігіт жүріп қызды көре алмаған қорлық қой. Тағы барсын», — дейді. Сонда араға уақыт салып барып, аңнан адасқан аңшының кебін білдіріп тағы да келеді...

Әйтеуір қиын-қиын жолдан өтіп, шешемді көріпті.

Содан арада біраз уақыт өткен соң Тұрағұл ағаның сәлемін алып құдалар келіпті. Жылдамдатып қалыңдықтың жоралғысын, қалыңмалын қамдастырып, әкеме Райханды айттырыпты...

(Мұғамилә Әуезова. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 660 п.).

Май — август. ...Из беседы с писателем А. Брагиным: «Вы думаете, легко мне было определиться, найти себя? Я ведь рос в родовом ауле, учился в старометодной медресе. И вот мало кому известно, что во время учения в Семипалатинской учительской семинарии я увлекся толстовством. Представьте себе казахского юношу, вернувшегося домой на каникулы. Он почти ученый в глазах родных, он похудел в городе, его надо подкормить. В его честь не то что барана, молодого жеребенка зарежут. А юноша не ест мяса, в сущности, почти единственной пищи в ауле. Как его ни уговаривают, как над ним ни подсмеиваются, он непреклонен. Он мужественно терпит голод во имя своих «вегетарианских убеждений» или, так будет вернее, заблуждений...

И Мухтар Омарханович заразительно смеется, представляя себя молодым...

(А. Брагин. О Мухтаре Ауэзове // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата: Жазушы, 1972. С. 220—221).

Маусым — тамыз. ...1916 жылы Мұхтар аға Мырзашоқы биігінің түбінде «Шаған» атанған тұңғыш мектепті өзі ашып, сабақ бергені мәлім. Мырзашоқы мен Тоғжан қыстауының арасы қозы өрісіндей ғана жер. Сол кезде Тоғжан тірі болған. Мұхтардан хат таныған Қанбай мен Шәбен ақсақалдар: «Абай әндерінен ұйымдастырған ойынға ауылдың үлкен-кішісі де қатысатын. Мұхтар Тоғжанның баласы Ақылбайдың үйіне де қонақ болып жүрді...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 296-бет.).

Тамыз. «...1916 жылдың августысында мен Семейдегі мұғалімдер семинариясына орыс тілі мен әдебиетінен сабақ беретін оқытушы болып келдім, — дейді Василий Иванович Попов, — Мұхтар ол уақытта семинарияның бірінші курсында оқитын. Әлі есімде: үлкен класс бөлмесі, үш қатар қойылған парта. Оң жақтан санағанда ортадағы қатардың алдыңғы қатарында он сегіз жасар шамасындағы бойшаң, әрі сұлу қазақ жігіті отырған-ды. Сыртынан қарағанда ерекше ұқыпты киінген, өзіне жарасымды қою қара шашы бар, бет бейнесі сәл сарғыштау келген, қалың ерінді, қыр мұрынды, ойлы қара көзді және бнік маңдайлы бұл жігіт — Мұхтар Әуезов еді. Ол әрқашан байсалды, әдепті, мінезінің ұстамдылығымен оқытушылары алдында да, жолдастары алдында да қадірлі саналатын, тіпті өз класында ерекше көзге түсетін, бір курстағы оқушылар арасында аса беделді болатын. Орыс тілін өте жақсы игергені үстіне, сол тілдің жай-жапсары жайындағы білімінің кеңдігі бізді таң қалдыратын еді»...

(Ахмет Әуезов. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын, 1977. 30—31-бб.).

Қыркүйек. ...1916 жылы Жайсандық. Ғалымжанов екеуміз Мұхтар оқитын семинарияның дайындау курсына түстік. Сол семинарияның соңғы курсындағы Қанышпен, екінші курсындағы Мұхтармен бірге бір үйде тұрдық...

(Ахмет Әуезов. Шынарым менің. «Әуезов үйі». ҒМО-ның қолжазба қоры. 601 п. 8-бет.).

...Тұрағұлдың, Мұхтардың өз ағайындарының ұсынысымен Райхан Қәкенқызымен (Елі Айдос) құдаласады. Бұл қызды алдымен Тұрағұл көріп, ұсыныс жасаған.

(Ақылия Тұрағұлқызының, Мәжит Диханбаевтың, Мұғамила Мұхтарқызының естеліктері бар) (Т Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603 п. 35-б.).

1917

Февраль. ...Наступил 1917 год. Однажды весною, придя в школу, мы были поражены необычным зрелищем. В зале на полу, прорванный в нескольких местах, валялся портрет царя — Николая второго. Преждевременно зазвучал звонок, быстро открылась дверь, и буквально влетела в класс учительница Валентина Васильевна Покровская. Она всегда была немного строга, очень аккуратна, а на этот раз... Пенсне слетело с переносицы и болталось на шнурке, из тщательно причесанных волос выбился клок. Мы насторожились. Она, не доходя до своего стола, заговорила ликующим голосом.

— Сегодня у нас радостный день для всей России — народ сбросил с престола царя, нет царя Николая второго, не будет больше царей-деспотов, народ теперь свободный...

(Кулатай Акбердин. Юношеские годы Мухтара Ауэзова // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата: Жазушы, 1972. С. 299—300).

30 наурыз. «...Алаш» газетінің 1917 жылғы 16 санында М. Әуезовтің «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласы жарық көрді...

30 наурыз. ...1916 жылдың 26 ноябрінен бастап 1917 жылдың ортасына дейін (шамамен 22 саны) Ташкентте шыққан «Алаш» газетінің 1917 ж. 30 марттағы санында Жүсіпбек Аймауытов пен Мұхтар Әуезовтің «Қазақтың өзгеше мінездері» атты мақаласы жарық көрген. Бұл мақала 1917 ж. 5 сентябрьде «Сарыарқа» газетінің 12 санында жарияланған «Адамдық негізі — әйел» атты мақаладан жарты жылдай бұрын жарық көрген еді. Сол кезеңге тән кейбір кемшіліктері болса да үлкен деректік мәні бар. Мақаланы М. Ә. тұңғыш мақаласы деп жариялауға Ж. Аймауытов ақталмаған кезде мүмкіндік болмаған болар...

(Мақала тексі толық келтірілген. Керімбек Сыздықов. Ел аманаты // Лен. жас. 1930. (87 шілде).

Мамыр. ...1917 жылдың жазында, демалысқа келер алдында Мұхтар Дархан өзенінде жайлауда отырған Өміртай Ақбердиннің аулы-

на соғып, екі күндей сонда жатты. Онымен бірге Семей қалалық училищесінде оқитын Даниял Ысқақов, жоғары бастауыш училищесінде оқитын Ғарифолла Мұсабайұлы Ысқақов, реальный училищеде оқитын Абайдың немересі Жәбірәйіл Ибрагимов, Жағыпар Ибрагимовтар болды...

(Құлатай Ақбердин. Жазушының жастық шағынан. // Біздің Мұхтар. 1976. 359 бет.).

7 маусым. ...Нысаналы Ойқұдықтың басында қазір шағын ғана тас ескерткіш тұр. Оның бетінде «1917 жылы 7 маусымда қазақ халқының сахна шымылдығы тұңғыш рет киіз үйде, осы Ойқұдықта «Еңлік — Кебек» пьесасымен ашылды. Пьесаны қойған автордың өзі — Мұхтар Әуезов» деген сөздер қашап жазылған...

(Т. Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603, 604 п.).

7 маусым. ...1917 жылы 7 маусымда қазақ халқының сахна шымылдығы тұңғыш рет киіз үйде, осы Ойқұдықта «Еңлік — Кебек» пьесасымен ашылды. Пьесаны қойған автордың өзі — Мұхтар Әуезов...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 138-бет.).

Июнь. ...Первые литературные опыты начинал со стихов. Но они нигде не были опубликованы и тогда, и после. А в 1917 году я начал пьесу «Энлик — Кебек». Первоначально как литературная инсценировка существовавшей одноименной поэмы она была поставлена в юрте в степном джайляу и была принята очень тепло степными зрителями, не видавшими тогда никакого театрального зрелища.

Выступая в 1918—1919 гг. с литературно-критическими статьями в журнале «Абай», я написал пьесу «Ель-агасы» (Попечитель народа) и пьесу «Байбише-токал» (Жены-соперницы). Эти обе пьесы, особенно последняя, распространились в рукописях и в начальные годы революции ставились в ряде городов Казахстана и Туркестана, в Семипалатинске, Ташкенте и др. молодежными драматическими кружками.

Театров тогда не было — эти кружки положили основу государственного театра и своими актерскими силами, и репертуаром. Так, в 1926 году занавес первого казахского драматического театра открылся моей пьесой «Байбише токал». В 1921—1922 гг. была закончена мной окончательная редакция пьесы «Энлик — Кебек». Выйдя в печать в 1922 году, эта пьеса получила довольно широкую известность. Почти во всех областных и уездных городах ставилась она на сценах...

(Президентский архив Республики Казахстан, ф. 708, оп. 39, д. 299).

Шілде — тамыз. ...Семинарист М. Әуезов жазғы демалыстарында Абай аулындағы «Талап» қоғамының жастарымен спектакль қоюды ұйымдастырып, «Пьеса және оны сахнаға шығарудың маңызы» деген тақырыпта лекция оқыған...

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 1-т. 76-б.).

Июль — август. ....Женился Мухтар Омарханович в 1917 году, когда после смерти родителей оказался хозяином Большой Юрты. Разак,

к тому времени уже женатый на Макежан (сестра Қабдыша Асыржанова) не считался наследником Ауэзова (он сын Самаркана)...

(Из воспоминаний В. Н. Ауэзовой // Рукописный фонд НКЦ «Дом Ауэзова»).

3—8 тамыз (ескіше 21—26) ...Орынбор қаласында Бүкіл қазақтың құрылтайы шақырылды. Сол құрылтайда ұлттық «Алаш» партиясы құрылды. Оның ұйтқысы 1912 жылдан шыға бастаған «Қазақ» газеті болды...

(Т. Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603, 604 п.).

5 қыркүйек. «Оқудағы құрбыма».

Жас Әуезовтің «Сарыарқа» газетіне «Семинарист Әуезов» деген атпен жазған тырнақ алды мақаласы.

(Сарыарқа. 5 сентябрь 1917 ж. № 13).

5 қыркүйек. «Адамдық негізі — әйел».

«Неліктен? Адамда екі түрлі қылықтың жолы бар: бірі — тіршілік қамы, бірі адамшылық қамы. Барша дүниедегі пайда — мақтан әуелі басыма болса, немесе туысқаныма, ең болмаса, аталасыма болса деп неғұрлым өзіне қарай тартып талап қылу, бұл ғана тіршілік қамын көздеген хайуани салахият деп айтылады. Екінші, менен жақсылық тарап, адам баласына әлім келгенше пайдамды тигізсем екен деген жол. Бұл инсаният, яғни адамдық жолы». (Бұл мақала М. Әуезовтің өміртануға талпынған тырнақ алды туындысы. «Семинарист» деген атпен «Сарыарқа» газетінде басылған).

(Сарыарқа. 1917. № 12.).

14 қыркүйек. «Сарыарқа». 14 қыркүйек. «Оқудағы құрбыларыма». Мақала.

15 қыркүйек. ...1917 жылы «Сарыарқа» газетінің 5 қыркүйектегі 12 санында «Адамдық негізі — әйел» деген мақаласы басылды. Бұл мақала туралы М. Әуезовтің өзі: «Алғашқы жазуларым сырлы әдебиет бетінде болмай, жалпы газет, журнал мақалаларынан басталды. Ең алғашқы баспаға шыққан статьям «Сарыарқа» газетінде «Адамдық негізі — әйел» деген нәрсе еді. Бұл, анығында, жалғыз өзімдікі емес. Тұраш екеуміздікі болатын. Негізгі пікір соныкі еді, мен соның пікірімен жаздым. Мақаланы бергенімізде ешқайсымыздың қолымыз жоқ еді. Басқармадағы Сәбит Дөнентай баласы ма, болмаса Әлімбеков пе, біреуі — мен әкеп берген соң «Семинарист Әуезов» деп аяғына қол қойып жіберіпті» — деп жазады.

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 382 п.).

28 қыркүйек. ...Әуез балаларын орысша оқыту мақсатымен қалаға жақын Бөріліге қоныс аударуды Абаймен ақылдасып:

— Абайжан, құлақ сал. Заманның өзі оқығанды, білімдар болғанды қалап отыр. Мақсұтым — балаларым мен немерелеріме орыс

білімін, орыс мәдениетін беру. Мынау Қызылшоқы болса Семейге 250 шақырым. Бұл дөңгелек шаруа, қолы келте маған оңай соқпайды. Рұқсат етсең — Бөріліге қонсам деген ниетпен келдім», — деп Абайдың келісімін алып, Бөріліге қоныс аудару мәселесін шешеді. Осы Бөріліге таяу, Қасқабұлақта отырғанда Әуездің бәйбішесі Дінасылдан жалғыз ұл Омарханнан туған Мұхтар дүниеге келген...

(Әуезов Ахмет. Жас Мұхтар. 1977. 7-бет.).

19 казан. «Сарыарқа». «Қайысысын қолданамыз». Мақала. Семейде.

...Енді 1917 жылы Мұхаңды екінші рет көргенімді айтайын. Біздің ауыл да Абай ауылдарына қанаттасып, «Ойқұдық» дейтін жазғы жайлауда отырған-ды. Әйгерімнің ауылында той боп жатқан. Бұл Оразбайдың Медеуінің баласы Саниязға Тұраштың Ақыш деген қызын (қазір ол Алматыда тұрады) ұзатқалы жатқан тойы еді. Сол той үстінде: «Еңлік пен Кебек жайында Мұхтар жазған пьеса деген бір ойын ойналады екен» деген хабарды бір күн бұрын естігенбіз. Сол «пьеса» деген ойынды көруге құмартып, ышқырымыз толған асық. Реті келсе, алдыңғы ауылдағы Жәкіммен ойнап (Мағаштың кіші баласы Жағыпарды Жәкім дейтінбіз), әнеукүнгі ұтқызған көнейлерімізді қайтарып алу да ойымызда бар. Сөйтсек, ойынның көкесі «пьеса» екен. Екі киіз үйді тіркестіре тігіпті. Сол үйдің бірі Мұсабайдың Бәстәми деген баласының (қазір ол Алматыда) үйі екенін дөдеге, үзіктерінен таныдық. Ойынға жұрт жиналыпты. Төр алдына жүк-жасау жиылған. Ойнаушылар бөтен киімдер киіп, өңдерін өзгертіп, бірнешеуі сақал-мұрт жасап, Жапал деген қойшысы (Тұрағұлдың Жебеші) бетін күйелеп те алыпты. Олардың кім екенін дауыстарынан ғана айырасың. Ұзын шаш тағынып, үстіне шаға көйлек, дүрия шапан, басына камшат бөрік киген. Еңлігі — Әуездің Ахметі, Кебек боп ойнағаны — Аккенже, Матай шалы — Бәстәми, оның кемпірі Жағыпар, Абызы — Ізкәйіл, Көбейі — Құтайба, ал шымылдықты ашып-жауып тұрғаны — Сәлімғазы екен. Әлгі жүк жиналған төр алдына біреуі келіп, біреуі кетіп жатады. Әйтеуір; сөздің бәрі Еңлік пен Кебек жайында екенін ғана аңғарасың. Бір мезетте «билер» дауласып кеп кетті. Сонда отырған бір бидің: «Саптыаяққа ас құйып, сабынан қарауыл қарайтын болсаң, мен билік айтпаймын», — деген ажарлы даусы саңқ ете қалғаны. Дәл осы сәтте бұдан бір жыл бұрын Баймырза мен Әуез ақсақал осы сөзі есіме түсе кетті. Сөйтсем, кейін аңғардым, Мұхаң сол кездің өзінде-ақ әңгіме тыңдағанда өзіне керектісін жазып ала отырады екен...

(Ғ. Сармурзин. Ардагер аға // Біздің Мұхтар. Алматы. Жазушы. 1976. 363—364-бб.).

1917 жыл. ...Ол өзінің өлмеске бет алған мәңгілік өнер табалдырығын Ойқұдықтағы Абайдың жары Әйгерімнің үйінде аттады. (Еңлік — Кебек)...

(Т. Жұртбаев. Бегігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603, 604-п.).

...Мұхтар Әуезов өзінің ең көрнекті шығармаларының бірін пьеса түрінде жазды. 1917 жылы қағаз бетіне түсіп, сол жолы Абайдың әйелі

Әйгерімнің аулында «сахнаға» тұңғыш рет қойылса, 1922 жылы Орынбор қаласында жеке кітап ретінде басылып шықты. Содан кейін драматург осы туындысына қайта-қайта оралып, оны бес рет өңдеді де, соңғы нұсқасын 1957 жылы театрға қайта ұсынды», — деп жазған Ы. Дүйсенбаев.

Мұхтар Әуезов (мақалалар, естеліктер) Алматы: Ғылым, 1974, 38—39-бб.).

...Первые литературные опыты начинал со стихов, но они нигде не были опубликованы и тогда, и после. А в 1917 г. я начал пьесу «Энлик — Кебек». Первоначально как литературная инсценировка существовавшей, одноименной поэмы, она была поставлена в юртах на степном джайляу и была тепло принята аульными зрителями, не видевшими тогда никакого другого театрального зрелища.

(Рукописный фонд НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364. Личное дело № 3. Автобиография написана 3 января 1946 года).

...Күз айы, күзем кезінде Мұхтардың ағасы Ахмет Бөрілідегі Аяққарағанда дүниеге келеді. Әуездің кіші әкесі Сақыштың кенже ұлы Ахмет, оның бірге туған ағалары: Арынбек, Қасымбек, Ағзам...

(Әуезов А. Жас Мұхтар. 1977 3—7-бет.).

...Последий раз я встретился с Мухтаром уже в советское время, в начале двадцатых годов. Тогда он проживал в Семипалатинске в доме № 62 по Больничной улице (ныне акад. Павлова, 70). Хотя наша встреча была сравнительно недолгой, но футбол и «Ярыш» были основной темой нашей беседы...

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова». Хисматуллин. Воспоминания. Запись Семип. облрадио. 1977, октябрь).

...Абайдың Әйгерімнен туған үшінші баласы Мекеш (Мекәйіл) Абай өлеңдерін шетінен жатқа білетін. Ол біздің ауылға келген сайын Абай өлеңдерін айтып, бізге жазып беріп үйретететін. Мекеш сонымен бірге әңгімешіл, ертекшіл де еді. Аулымыз Әйгерім аулына жақын болғандықтан ба, әйтеуір Мекеш көбінесе біздің ауылда болатын еді. «Әне, Мекеш келе жатыр» десең, Мұхтар жерден жеті қоян тапқандай қуанушы еді...

— Мекеш аға, Абай ағамның өлеңін айтып берші, — деді бір күні үйге жаңа келген Мекешке Мұхтар жүгіріп барып.

— Не дейді мына Шоңқа, — деп, Мекеш қарқылдап күлді. — Талабыңа нұр жаусын, қалқам, айтайын, айтайын. Қайсысын?

— Білмеймін, қалағаныңызды айтыңыз.

— Онда құлақ сал, — деп, Мекеш қоңыр әнге салды...

(Әуезов А. Жас Мұхтар. Алматы: Жалын. 1977 11—12-б.).

...Әуез қожаның екі қыстауының бас жағында 3 шақырым жерде Бердіқожаның ең үлкен баласы Үсеннің, одан кейінгі балалары Бураханның, Кенжеханның, олардың балалары Қожабірхан, Әзімхан, Құлжан, Смайылханның қоралары бар. Оларды қожаның басқа ауылы деп

атайтұғын. Бұлар Қаражарық, Сарыжарық деген екі таудың сайларынан ағып жататын бас бұлақтардың орталығында қыстайтын.

Мал жайылымы мол, пішендік жерлері де мол болатын. Осы Қаражарық, Сарыжарық сайларының арасындағы көделі қара топырақты жерлеріне егін егіп, шамалы тіршіліктерін жүргізіп күн көрістік еңбек етуші еді...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР-1. 375 п.).

...Пьеса **«Энлик-Кебек».** Первые литературные опыты начинал со стихов, но они нигде не были опубликованы и тогда, и ныне...

(М. О. Ауэзов. Автобиография // Рукописный фонд НКЦ «Дом Ауэзова». КПР-1, № 364, л. 3).

Учеба в Семипалатинском русском пятиклассном городском училище...

(М. О. Ауэзов. Автобиография // «Әуезов үйі» ҒМО-ның колжазба қоры. КПР-1, № 364, л. 3).

...Преодолевая упорные и долгие сопротивления деда и отца моего, дядя Қасымбек взял меня с собой в город, начал сам обучать русской грамоте и, наконец, 9-летнего мальчика определил в Семипалатинское пятиклассное городское училище. Смерть моего отца Омархана, последовавшая в 1909 г., перевела меня всецело на попечение дяди Қасымбека. Окончив в 1915 году городское училище, я поступил в Семипалатинскую учительскую семинарию...

(Автобиография. Личное дело // РФ НКЦ «Дом Ауэзова». КПР-1, п. № 364, с. 3).

...Біраздан соң атамыз үйге келіп отырған соң Разақ ең алдымен атама шәй беріп, одан кейін түні бойы пісілген уыз қымызды сары тегенеге құйып сапырып отырып, бір-екі тостаған ішкеннен кейін: «Ата, Мұхтар балаңыздың қыстай оқыған сабағы бітті, енді дем алуға үйге барамын деп хат жазыпты. Мен аманшылық болса бірсүкүні Семейге жүн-жұрқа, тері-терсекті апарып сатып, Мұхтардың керек-жарағын алып беріп ауылға алып келейін деп отырмын, оны қалай көресіз», — деп еді, атам жұлып алғандай: «Ол «Қара жоңқаны» мен де сағындым», — деді де, «қарағым Разақ, ол қыстай ана орыстардың орындығында отырып іші әбден пысқан болар, сен анау торы бесті атыңмен, көк бестіні трашпенке арбаңа жегіп барып Мұхтарды алып келем деп айтты деп естідім. Менің айтатын ақылым, ол қаладан жалықты ғой, баланың көңілін көтеріп әкелу үшін анау Қабдештен келген жирен жорғаны, немесе Ақылбайдың аулынан алған ақжал алтындай жарқыраған сары бедеу жорғаны апар», — деп еді. Разақ «жарайды, ата, ақжал жорға, бедеудің жорғасы сондай майда, жақсы, өзі басын шұлғып тастап, қамшы салғызбай безіп отырады, соны апарсам қайтеді», — деп еді, атам оған ризалығын білдіріп, оны дұрыс деді...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР-1. п. 375).

...Мұхтар қарағым, екі-үш күннен кейін ауылға жүреміз, ауылға барғаннан кейін, атаң, жеңгелерің, қарындас-бауырларың сен қаладан базарлық әкеледі деп күтетін шығар, керекті ақшаңды ал деп еді, Мұхтар «ағатай, базарлықтың бәрін өзіңіз алыңыз. Маған бірнеше кітап алатын ақша берсеңіз» деді де, сұраған ақшасын алды. Ертеңіне Разақ Мұхтарға ақжал алтындай сары жорғаны ерттеп, өзі трашпенкесіне торы биесімен көк бестіні парлап жекті, Мұхтар «мына салт атқа мінемін, мына екі кітапты трашпенкеңіздің артына салып мықтап байлаңыз» деді де, жорға бедеуге мініп алды да екеуі ауылға қарай жүріп кетті. Жолда келе жатып іші пысқан Мұхтар, трашпенкенің алдында жарты шақырымдай жерде бездіртіп отырды. Разақтың кеткеніне бірнеше күн болды. Әуез атам, және басқалары Разақтың Мұхтарды алып келетін кезі болды дегенді есітіп, анадайда көрініп тұрған Қасқабұлақтың белінде созылып жатқан жолдан шаң шықса, тайымызға тоқым салып, жайдақ міне салып жарысып шаппақпыз. Бір күні ел орынға отырып, ымырт жабылған кезде ауылдың иттері абалап, шуылдап үрді, сылдыр-сылдыр дыбыс естілді. Ауылдың еркек-әйелдері Мұхтар келе жатыр деп мәзмейрам болысып жатты. Разақ Мұхтар інісін алып келді дегенді естіген Әуез үлкен үйге келіп немересін сағынып қалған екен, жанына шақырып алып бетінен сүйіп еді, ана жақта отырған Күлжан: «Әуез, мына Мұхтар баланың өзі барып сәлем бермей ме» деп еді. Әуез атам, «әй Күлжан, «алты жастағы бала жолаушы келсе алпыс жастағы шал келіп сәлем беруі керек» деген атамыз қазақтың мақалы бар емес пе? Әдейі баламды көрейін деп келдім» деп тоқтатты.

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР — 1. 375-п.).

...Разақ Мұхтар жазғы демалысқа келгенде аппақ шөрей қанат киіз үйді тігіп әркашан да дайындап қоюшы еді. Өйткені Мұхтар осы үйде көбінесе кітап оқып, ылғи жазып отыратын. Өз замандастары, құрбыларымен ойын-күлкі, сауық жасап отыратын. Бірнеше домбырашылар келіп қосылып неше түрлі күй шертіп бірігіп, Абайдың, және басқа өлеңдерді айтып отырушы еді. Мұхтардың ең негізгі жолдастары Абайдың сол кездегі балалары, немерелері еді. Ақылбайдың кенже баласы Сірәйіл, Абайдың Әйгерімнен туған кенже баласы Зікәйіл тартқан скрипқаны жас-кәрілерінің барлығы тыңдап бір түрлі әсерге түсуші еді. Мұхтар жолдастары кетіп тарағаннан кейін кеш мезгілінде ауылдағы балаларды жинап алып, бір-бірімізбен күрестіріп жаяу жарыс жасатып, көгалға отырғызып қойып қосылтып Абайдың әндерін айтқызып, білмеген жерлерімізді түзетіп отыратын. Одан кейін ымырт жабыла бергенде алтыбақан құрғызып, Серкеқұлақ, ақсүйек ойындарын, жас қыздар, жас жігіттерді шақыртып алып ойынды өзі басқарып көңілді өткізетін...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР—1. 375-п.).

...Абайдың баласы Тұрағұл осы жылы июль айында ең үлкен қызы Ақиланы Оразбайдың баласы Саниязға ұзатады. Июль айының кезінде той жасамақ деген хабар қожаның аулына келіп жетті. Мұхтардың осы кезде «Еңлік — Кебек» атты пьесасын жазып болған кезі еді. Бұл хабарды естігеннен кейін, Мұхтар Ізікәйіл, Сірәйіл, Жебеш, Мүбәрәк,

Аккенже, өз туысы Ахмет және басқаларын үйге шақырып алып, «Мына Тұраш ағамның ең үлкен қызын ұзатқалы отырған тойына біз жастар ең үлкен бір сый көрсетелік, Оразбайдың аулынан келген құда-құдағилар бір таңғалып кетсін» деп бұл сый не десеңдер, мен «Еңлік — Кебек» пьесасын жазып бітірдім, осыны тойға арнап қоялық деп еді. Ізкәйіл «Мұхтар-ау, мұндай пьеса тек орыстың сахналарында ғана қойылмаушы ма еді, біз ойнаушыларға киімді, гримді, сақалды және басқаларын қайдан табамыз» деп еді, Мұхтар «ол жағынан сендер саспаңдар, осы «Еңлік — Кебек» пьесасын ең алдымен елге қоямын деп бірнеше пьесадағы ойнаушыларға керегін қаладан өзім ала келдім, ал киімдерді ауылдан тауып аламыз» деп енді ойнаушыларды белгілеген кезде Еңлік ролін ойнайтын әйел табылмады, сол кезде Ахмет ойнайтын болды...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР — 1, 375-п.).

...Мұхтар ойнаушылардың барлығын жинап алды да «Еңлік — Кебек» атты пьесасын оқып берді. 20 күндей барлық ойнаушыларға репетицияны өзі жүргізді. Құдалар келіп той басталды, ат жарысы, күрес, ылақ тарту, ат үстінде жерден теңге алысу ойындары тарқар алдында Мұхтар және басқалары алты қанатты үш үйді қатарынан тіккізіп бір-бір керегелерін алғызып тастап, төбесіне туырлық салғызды да сахнада ойнаушылардың үйін түгел киізбен жапқызып, үлкен шымылдық құрғызды. Бұл алты қанатты үш үйден 200 адамдық үлкен зал шықты. Керегелердің арасынан көруге мүмкіншілік болды. Ел әбден жиналып болғаннан кейін Мұхтар, екі сандықты бірінің үстіне бірін қойып, үстіне шықты да, жиылған елге қоятын ойындары «Еңлік — Кебек» пьесасы жөнінде түсінік берді. Ойын басталды. Мұхтардың өзі суфлер болып тұрды. Әр шымылдық жабылған сайын Мұхтардың өзі елге түсінік беріп отырды: ойын сондай қызықты, түсінікті болып өтті білем, кейбір шал-кемпірлер жылап жіберген кездері болды.

Ойын біткеннен кейін келген адамдар Мұхтарға барып «қарағым, өркенің өссін, қалай ойлап таптың, біз «Еңлік — Кебек» хиссасын естігеніміз болмаса, нақ осындай көзіміздің алдына елестете көрінеді деген жоқ едік. Арманда кеткен марқұмдарды бұлай көрсеткеніне үлкен рахмет, шынында, сол кезде біздің Тобықтыда сондай жан аямастық болғаны рас», — деп бастарын шұлғып Мұхтарды орталарынан жібермей көп ұстады.

Той біткеннен кейін Мұхтар, 1916 жылы айттырып қойған қалыңдығы Райханға бес-алты жолдастарымен Шыңғыстың ар жағын жайлаған Қәкен аулына барып бірнеше күн жатып қызықтап көңілін көтеріп, ауылға келгеннен кейін қайтадан Семейге жүріп кетті. Бұл — 1918 жыл...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР — 1, 375-п.).

...Дем алып жолдастарымен әбден көңілін көтергеннен кейін бір күні Мұхтарды шақырып алып: «Мұхтар қарағым, сен келердің алдында мен Қәкен аулына барып келісіп келдім, аманшылық болса өзіңе керекті деген жолдастарыңды дайында, барлық ырымын мен дайындап қойдым. Барып келінді алып келу керек» деп еді, Мұхтар қарсылық жаса-

ган жоқ. Разақ басында құда түскендегі 30 түйе қалың малын екі жылдың ішінде беріп болған...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР — 1, 375-п.).

...Разақ маңайындағы үйлердің барлығына хабар беріп, он шақты үй тіккізіп, басы ту бие, екі-үш тай, семіз еркек қойларды тойға атап үлкен дайындық жасап жатыр. Мұхтар жолдастарымен бір жұма жатып қазақтың рәсімі бойынша барлық әдетін істеп, неше түрлі ойын-сауық жасап келіншегі Райханды құда-құдағиларымен алып келердің алдында Өмірзақты алдын ала Разаққа хабар бергізді. Мұхтар кетісімен дайындалып отырған Разақ, құдалардың келетін күні тосып отырып көш жерден алдарынан топты еркек, әйелдерді жіберіп қарсы алды. Разақ жалғыз інісі Мұхтардың үйленгеніне үлкен той жасап, ат шаптырып, көкпар беріп, күрес жасап, бірнеше күннен кейін құдаларын риза қылып аттандырды.

Үйленгеннен кейін Мұхтар бұл жылы жылдағыдай Семейге ерте кетіп қалмай, сабақ басталар алдында ғана кетті. Осы 1918 жылдың аяғында, 1919 жылдың басында ақ бандалар қашып жатқан кезі, Мұхтар Семей губисполкомінде секретарь болып істеді, осы жағдайда Мұхтар январь айында болатын қысқы каникулге келе алмады...

(Мәжит Диханбаев. Мұхтардың өмірбаяны. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. КПР — 1, 375-п.).

...Во второй раз встретился я с М. Ауэзовым в 1917 году. Наш аул вместе с аулом Абая откочевал на пастбище Ойкудук. Помню, созвали той в доме Айгерим по случаю женитьбы внука Оразбая Санияза (сына Медеу) на ее внучке Акыш. Еще до начала тоя пошел слух, что Мухтар написал пьесу, будет какая-то игра. Услышав диковинное слово «пьеса», мы, несколько сорванцов, на неоседланных лошадках помчались на той. Многие захватили с собой асыки, мечтая отыграться с сыном Магаша — Жакиком. Посмотреть пьесу собралось много народу. Одна из двух спаренных юрт была раскрыта настежь, убрана по-казахски. Виднелись сундуки, сложенные на них одеяла. Джигиты из аула Абая вырядились в дорогую одежду, приклеили усы и бороды. А внук Абая Жебеш, игравший Жапала, все лицо вымазал сажей. Только по голосу можно было узнать играющих. Брат Мухтара — Ахмет — превратился в девушку с длинными волосами, в шелковом платье и дорогом бешмете — Енлик. Аккенже стал Кебеком. Бастами — стариком Матаем, Жагпар — его старухой. Изкаил — Абызом. Они то и дело подходили к тому месту, где стоял сундук, суетились, много говорили, спорили. Я понимал только то, что шла речь об Енлик и Кебеке. А потом на сцене собрались мужчины, начали спорить и кричать, изображая биев. Вдруг один из них громко произнес:

— В народе говорят: «Подавши пищу, не следи за тем, как человек ест». Вы все время мешаете мне вершить справедливый суд.

Тут же я вспомнил беседу в доме Баймырзы, живо представил старого Ауэза, Мухтара и его блокнот, куда он записал эту казахскую пословицу. Я понял, что юноша еще тогда по крохам собирал материал для своих пьес. Аулчане, в жизни не видевшие игру артистов, пьесу, были благодарны юному Мухтару и не могли нахвалиться его талантом.

А когда услышали прощальную песню Енлик, многие собравшиеся, особенно женщины, начали вытирать слезы. Во время последнего действия один из джигитов громко объявил, что сейчас будет выстрел, что женщины и дети не должны пугаться. И все же, когда раздался выстрел, сразивший Енлик и Кебека, мало кто не вздрогнул. Мухтара я тогда видел лишь в перерыве. Это был не тот молчаливый, сдержанный юноша, каким я запомнил его с первой встречи. Горячий и подвижный, он чем-то был расстроен, говорил с джигитами резко, видимо, по поводу игры. Я подошел к нему вплотную, но поздороваться с ним и заговорить не посмел. Сейчас, оглянувшись на прошедшее, убеждаешься, что пьеса Мухтара Омархановича была светлым лучом в жизни людей казахской степи. Позже я встречался с Мухтаром лишь на каникулах, когда он приезжал из Семипалатинска. Обычно он отдыхал в аулах Какитая и Магавьи, участвовал в игрищах, охотился. На нас, еще не знавших настоящей жизни, такие джигиты, как Мухтар, их беседы, шутки, смех, умные наставления, оказали большое влияние...

(Гайса Сармурзин. Наставник и брат // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата: Жазушы, 1972. С. 303—304).

...Мұхтар жазғы демалыста жазбай ауылға келетін. Бірақ кейбір оқыған жастар сияқты ауыл-ауылды адақтамайтын. Ұятты-ұятты ел ақсақалдарына сәлем беріп қайтқан соң, өз аулына келіп уақыттың көбін кітап оқуға, жазуға, үлкендердің әңгімесін тыңдауға жіберетін. Көне көз қариялардан өткенді көп сұрайтын, олардың да өздерінен бұрынғы ата-бабасынан естігендерін, бастан кешіргендерін, көргендерін айтқызатын: аңыз әңгімелерді, салт-санаға байланысты түрліше жай-жапсарларды жинап, құнттап жазып жүретін. Кейін, жиырмасыншы жылдар ішінде, жазушы осы дағдысымен Абай туралы материалдарды жинай бастады. 1921 жылы Мұхтар мен Құлсүлеймен Жиреншин арасындағы әңгіменің сан рет куәсі болғаным бар. Ол ертегі, жыр, аңыз әңгімелерді өте көп білетін, парсыша біраз сауаты бар, аздап арабша да сөйлейтін, түркі тілдерінің бәріне жетік, көп оқыған адам еді. 1917 жылдың жазында демалысқа келер жолында Мұхтар Дархан өзенінде жайлауда отырған Өміртай Ақбердиннің аулына соғып, екі күндей сонда жатты. Онымен бірге Семейдің қалалық училищесінде оқитын Ғарифолла Мұсабайұлы Ысқақов, реальный училищеде оқитын Абайдың немересі Жәбірайл Ибрагимов, нотариальдық кеңсе қызметкері Сәлімғазы Ғабидуллин, Абайдың немересі (Мағауияның кіші баласы) Жағыпар Ибрагимовтар болды. Екінші күні түстіктен кейін олар Мұхтардың ұсынысымен шағын бір күлкілі әңгіме желісінде ойын қойып, соңын ән айтып, күй шерткен сауыққа ұластырды, жігіттер жеңіл-желпі спорт түрлерін көрсетті. Осы көңіл көтеруге атақты Ағашаяқ та қатысып, өзінің белгілі әндерін орындаумен бірге, түлкіге түсер алдындағы бүркіттің қимыл-әрекеттерін ыммен, мимикамен келтіріп, бүркіттің даусын салды. Осы қызықтың бәрі тап театрдағыдай белгілі жоспармен өтті. Жәбірайл Абайдың әндерін шырқады, оны Абай Семейге оқуға жіберген кедей баласы Сапарғали Молдабаев гармонмен сүйемелдеді. Жәбірайл Ибрагимов таза, қоңыр даусымен әнді тебірене, нақышына келтіріп айтатын, сырт елпектеу, тыңдаушыларға бола арзан қылықтар жасамайтын. Қабілетті, дарынды жас еді. Кейін Томск университетінде де атасы Абайдың әндерін сахнада жиі орындап жүрді. Мұхтар Жә-

бірайлды аса жақсы көретін, оған туған інісіндей ықылас білдіретін. Жәбірайлдың жан дүниесіне ерекше назар салып, зейін қоюы — содан әлдебір асыл қазына іздегендей сезілетін маған. Бәріміз де оны ой мен таланты жағынан ұлы атасының мұрагері болады деп үміттенгенбіз, бірақ, өкінішке қарай, ол ұзақ ғұмыр сүрмеді...

(Қ. Ақбердин. Жазушының жастық шағынан // Біздің Мұхтар. Алматы: Жазушы, 1976. 359—359-бб.).

...1917 жылы жазда екеуі (Мұхтар мен Райхан) үйленіп, тойын жасапты...

(Мұғамилә Мұхтарқызы Әуезова. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры).

...Женился Мухтар Омарханович в 1917 году, когда после смерти родителей оказался хозяином Большой Юрты...

(В. Н. Ауэзова. РФ НКЦ «Дом Ауэзова»).

...«Я расскажу вам, почему я написал «Енлик — Кебек», и почему эта пьеса мне дорога, — У Мухтара было хорошее, «разговорчивое» настроение, а рассказывать он умеет интересно. — Так вот, Абай не выполнил своего долга, долга поэта, он так и остался должником перед нашими казахскими Ромео и Джульеттой. Его сын Магавья написал поэму по мотивам народной легенды «Енлик — Кебек». Молодежь в аулах ее старательно переписывала. Одна такая рукопись аульного грамотея случайно попала в мои руки. Мне было тогда восемнадцать лет, и учился я в Семипалатинской семинарии.

В легенде чувствовался острый конфликт, и я решил поэтическое произведение Магавьи переделать в драматическое. Таким образом и родился первый вариант пьесы «Енлик — Кебек». Что у меня тогда получилось, честно скажу, я не знал. Пьеса ведь обретает свою жизнь на сцене. А до революции казахского театра не существовало. Правда, среди семинаристов-казахов были молодые люди, ходили они в русский театр, некоторые даже сами сочиняли что-то похожее на пьесы, но ставить их было негде. Мне с моей пьесой помог счастливый случай. В абаевском ауле, в пятнадцати километрах от знаменитых могил в урочище Ералы, произошло радостное событие, совпавшее с семинарскими каникулами. Вторая жена Абая, вдова Айгерим выдавала замуж внучку Акыш. Вот тогда и родилась у кого-то из моих друзей мысль сделать новобрачным подарок — показать «Енлик — Кебек». Наши семинаристы единогласно решили, что я должен быть режиссером. Я не стал отказываться, обрадовался возможности увидеть свою пьесу на сцене. Приехали мы в урочище Ералы и тут же обнаружились первые трудности. Нас было мало, а артистов требовалось много. Пришлось пригласить на помощь местных джигитов, но они были все неграмотные. Никто из них не в состоянии был выучить роль. Но и это было полбеды. Настоящая беда заключалась в другом — в ауле не нашлось ни одной исполнительницы роли Енлик. Ни одна девушка не согласилась выступить на сцене. Спектакль явно срывался. Выручил нас мой родной дядя, мой ровесник Ахмет Ауэзов. Лицо у него было очень приятное, а главное, он учился в городе и не отличался излишней застенчивостью. Ему под-

Дано сие студенту факультета общественных наук Туркестанского Госуниверситета тов. Ауэзову в том, что он выбыл из числа студентов ввиду отсутствия в составе Ф. О. Ч. Т. Г У избранной им специальности. К поступлению тов. Ауэзова в одно из вузов СССР в со стороны Правления Университета препятствий не встречается.

Проректор Т. Г У — *подпись*
Секретарь по студентческим делам — *подпись*

(Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 628, л. 4).

10 мая. Р С. Ф. С. Р Правление Туркестанского Госуниверситета ...№ 3449. Ташкент. 10-го мая 1923 г.

УДОСТОВЕРЕНИЕ

Дано сие студенту факультета Общественных наук Туркестанского Госуниверситета тов. Ауэзову в том, что он действительно был подвергнут Всероссийской студентческой перерегистрации, предусмотренной ин-

струкцией Главпрофобва от 20/III — 22 г. за № 4, таковую удовлетворил и оставлен на дальнейшее пребывание студентом Т. Г У

Проректор Т. Г У — *подпись*

Секретарь по студенческим делам — *подпись*

(Архив НКЦ. «Дом Ауэзова», п. 628, л. 5).

Т а м ы з. ...1923 жылдың тамыз айы. Семей, Зайсан, Қарқаралы, Кереку уездерінен Семей қаласына оқуға түсуге келген өңшең ауыл балалары күн сайын ГУБОНО-ның (губерниялық оқу бөлімінің) алдын босатпаймыз...

...Бір мезетте сол көшемен Мұхаң өтіп бара жатыр екен. Танып қалып, Шаймерден деген бала екеуміз сәлем беріп қалайық деп, соңынан жүгірдік. Мұхаң мені көре салып, жылы шыраймен сөз қатып, халжайымды сұрастыра бастады. Мен оқуға келгенімді айтып едім, кәдімгідей көңілденіп:

— Бәрекелді, жақсы болған, тіпті жақсы... Ал документтерің бар ма?— деді.

Мен ол кісіге өзімнің елден әкелген қағазымды, оқу бөліміне жазған арызымды ұсына қойдым. Мұхаң көз жүгіртіп оқып шықты да, сәл ойланып тұрып, кейін қарай бұрылып: «жүр, барайық» деді. Мен жалмажан: «Мына бала әлгі Тастамбектің Нұрымханының жетім баласы Шәймерден, мұның қағазы мынау», — деп, оны да ұсындым...

Мұхаң екеумізді ертіп, губерниялық оқу бөлімінің кеңсесіне әкелді...

...Сол бетімен оқу бөліміне келді де, бізді ауыз бөлмеде қалдырып, өзі төргі үйге кіріп кетті. Біраздан соң төргі бөлмеден орысша киінген бір қағілез қара жігіт шыға келіп, аты-жөнімізді сұрады да:

«Мына документтерді Қазпедтехникумінің директоры Әбікей Сәтбаев деген кісіге апарасыңдар. Енді жүре беріңдер», — дей салып, қайтадан кіріп кетті.

Оқып қарасақ, арызымыздың үстіне губерниялық оқу бөлімінің бастығы Асғат Сайдалин деген кісі Ә. Сәтбаевқа: «Техникумға алу керек» — деп бұрыштама қойып берген екен. Қуанышымыз қойнымызға сыймай, Совет көшесінің бойымен зыр жүгіріп отырып, техникумға келіп, директорға қағазымызды тапсырып, ақырында «әупіріммен» емтиханнан өтіп, оқуға түстік те кеттік...

(F Сармұрзин. Өмір сабақтары. 17, 18-беттер).

1 октября. ...М. Ауэзов поступил на факультет общественных наук, литературно-лингвистического отделения ЛГУ.

(Государ. архив Ленинградской области, л. 36). М

О с е н ь. ...Осенью 1923 г. Я перевелся в Ленинградский Госуниверситет, на историческо-филологический факультет (называвшийся тогда этнолого-лингвистическим, а впоследствии филфак)..

(Личное дело // Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 4).

...В непрерывной связи с учебой и литературно-творческой деятельностью, с 1923 г. начал заниматься изучением истории казахской литературы, в частности казахского фольклора, а также изучением жизни и творчества казахского классика Абая Кунанбаева...

(Личное дело // Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 4).

...Я поступил в Ленинградский государственный университет на филологическое отделение. Здесь я учился до 1928 года...

(Мухтар Ауэзов. Абай. М., 1950. С. 5).

...М. Ауэзов поступил в Ленинградский университет на филологическое отделение.

Состоял в ВКП(б) с XI—1919 г. по II—1923 г., был исключен из партии за нарушение партийной дисциплины. В оппозициях не участвовал, но обвинялся в 1922—1923 годах в националистических уклонах...

(Из личного листка по учету кадров М. О. Ауэзова // Президентский архив РК, ф. 708, оп. 39, о. 299, л. 2).

...Глубокие мысли, насыщенные речи Мухтара Омархановича делали сорок пять минут урока незаметными, и всегда нам казалось, что звонок дали раньше времени. Все любили молодого педагога и писателя. Ну и готовились к его занятиям старательно, вдумчиво.

Насчет оценок Мухтар-ага был весьма строг. Только такие студенты, как Шаймерден Тастанбеков с I курса, Муратбек Божеев со II, Рахимжан Жаманкулов с III, Алькей Маргулан с IV курсов получали «хорошо». А отличную оценку у него никто и не помнит...

(Гайса Сармурзин. Наставник и брат // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 306—307).

«Бәйбіше — тоқал». Төрт перделі форма. Ташкентте Түркістан Республикасының баспасөз таратушы Шәкнамасы. 80 бет жеке басылып шықты.

«Қайғылы жетім» М. Әуезовтің «Таң» журналында басылған әңгімесі.

(Таң. 1925. № 1. 78—85-бет).

«Қысқы түн» М. Әуезовтің бұл әңгімесі «Шолпан» журналында «Жаяусал» деген бүркеншік атпен басылған.

(Шолпан. 1923. № 4—5. 42—48-беттер).

М. Әуезовтің «Түнгі ауыл» әңгімесі «Қоңыр» деген құпия атпен «Шолпан» журналының 2—3 нөмерлерінде жарық көрді.

(Шолпан. 1923. № 2—3).

М. Әуезовтің «Үйлену» әңгімесі «Санада», 1923. № 1 нөмерінде «Жас жүректер» деген атпен жарық көрді.

(Сана, 1923. № 1. 74—82-бетте).

М. Әуезовтің «Сөніп жану» әңгімесі «Шолпан» журналында 1923 жылы 6—7 нөмерлерінде «Замана еркесі» деген тақырыппен жарияланды.

(Шолпан. 1923. № 6—7).

«Заман еркесі». Осы тақырыптан соң екі шумақ Абай өлеңі бар. «Роман» деп түсінік берген әңгіме.

(Шолпан. 1923. № 6—7—8. 113—114-беттер).

1924

Лето. ...Первая моя встреча с Мухтаром Омархановичем Ауэзовым закончилась крупной ссорой. Это произошло летом 1924 года, когда мы оба жили в Семипалатинске. Я работал секретарем русской газеты

«Степная правда», а Мухтар — в казахской газете «Қазақ-тили». Зимой он учился в Ленинградском университете, на летние каникулы приезжал в свой родной город, где и помогал редактору Шаймердену Тогжигитову выпускать губернскую газету

Мухтар был всегда великолепно одет, очень подтянут, с достоинством носил студенческую фуражку, явно гордясь ею... Объединение русских писателей выпускало тощий журнальчик «Шахта». В нем я опубликовал один из своих рассказов «Восьмая жена Айдагана». Вот из-за этой «восьмой жены» и произошла у меня ссора с Мухтаром Ауэзовым. Виноват был я. Не зная быта казахского народа, я сочинил такую «развесистую клюкву», при воспоминании о которой мне и сейчас делается стыдно. Мухтар прочитал рассказ и пришел в неистовство. Чувствуя большую неловкость, я в редакции признал свою вину, о чем сказал Мухтару. Я сидел за столом Тожигитова, а Мухтар ходил из угла в угол и возмущался: «В нашей газете я прочитал статью вашего сотрудника о Шемонаихе. Круглый невежда, он объясняет, что название села произошло от имени султана Шемоная. Не было такого султана! Никогда не было!» Узнав, что я живу в Казахстане только четыре года, Мухтар обозлился еще больше: «Какое же вы имеете право писать о народе, которого вы совершенно не знаете, ни быта его, ни истории. Над вашей безграмотной стряпней о «восьми женах» смеются не только казахи, но и русские!» Я молчал, возразить было нечего...

(Николай Анов. На литературных перекрестках // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 116—117).

1 октября. ...Состав Семипалатинского отдела русского географического общества.

На 1 октября 1924 г. в отделе числилось 116 членов, из них почетных — 2, действительных — 83 и членов-сотрудников — 31.

В течение отчетного года избрано 28 членов. В действительные члены избраны Ауэзов Мухтар Омарханович, Шанин Жуман Турганбаевич, Айманов Шайбай Аббасович, Беласлюдов Алексей Николаевич, Турганбаев Марат Турганбаевич...

Состав совета следующий: председатель Б. Г Герасимов, заместитель председателя М. О. Ауэзов...

(М. Жунусова. Штрихи биографии // Иртиш. 1927. 25 сентября).

15 қазан. ...1924 жылы қазандағы Кеңестің мәжілісінде М. Әуезов соның мүшелігіне алынсын деген ұсыныс қабылданды. Көп ұзамай 1924 жылы 13 октябрьдегі орыс географиялық қоғамының Семей бөлімінің жалпы жиналысында жасырын дауыс беру арқылы бірауыздан сайланды...

(Семей өлке тану музейі, 8 папка).

26 қараша. Орыс географиялық қоғамының Семей бөлімінің 1924 жылғы 26 ноябрьдегі жалпы жиналысы Абайдың 20 жылдығына байланысты пікір алынып, әрі осы кездегі халық ағарту бөлімі Абай күнін өткізу туралы пікір сұраған № 4979 ресми қатынас келгенін ескерсін, Абайға арналған салтанатты мәжілісті 1924 ж. бюро өткізу керек деген шешім алды.

...арнайы комиссия сайлап, оның құрамына М. Әуезов, Ж. Шакин кіреді.

(М. Мырзахметов. Семейде өткен сәтті жыл. // Жалын 1987.).

«Жас қайрат» журналының 3, 4 сандарында «Халық әдебиеті туралы» деген мақаласы шықты.

(М. О. Әуезов творчествосы бойынша библиографиялық көрсеткіш. 1972. 35-бет).

...Мұхаң Ленинградтағы оқуынан қайтып, Семейге келіп тұрды да, 1924—1925 жылдары бізге қазақ әдебиетінен, I—II курстарға әдебиет теориясынан, III—IV курстарға әдебиет тарихынан сабақ берді.

...Ол өзінің «соқыр ішек» болып, операция жасатып шыққанына қарамастан, төрт курстың бас-басына арнап кең түрде конспектілер жасап, күн сайын келіп сабақ береді, ол пьеса жазады, ол қаладағы әр түрлі мәдени шараларға ат салысып, Абай, Гоголь жайында лекциялар оқып, баяндамалар да жасайды; ол «Таң» журналын шығарудың ұйымдастыру жұмыстарын қолға алып, оған керекті материалдар жинастырады, сол журналға басылатын «Қанды түн», «Ескіліктің көлеңкесінде», «Қайғылы жетім», «Қаралы сұлу» сияқты тамаша әңгімелерін де жазды...

(Ғ Сармұрзин. Өмір сабақтары. 18-бет).

...Мұхтардың басқаруымен жағырафия қоғамы 1924 жылы Абайдың қайтыс болғанына 20 жыл толуына арналып әдеби еске түсіру кешін өткізді. Ол кешке Абайдың көзі тірі әнші, ақын шәкірттері де қатысты. Әуезов «Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны» деген тақырыпта баяндама жасады...

Бұл дерек М. Әуезовтің өмірбаянына қатысты жазылып, газет бетінде жарияланған Қ. Мұхаметханов мақаласынан алынды.

(Семей таңы. 1977 23 қыркүйек).

...Семейде... Мұхаң... әдебиет комиссиясының бастығы болып істеген күндері халық ақындарын жинап, айтыс өткізіп жүрді...

(Ә. Марғұлан. Еңбекпен өткен өмірім // «Жұлдыз». 1986. № 1. 174-бет).

...Мен Абайды қыс бойы жаттап, ауылда айтып жүрдім. Мұхтар естіген соң мені өзіне шақырып Абай өлеңдерін, Қозы Көрпеш — Баян сұлу жырларын тыңдап көрді.

Содан кейін Мұхаң мені өзіне жақын тартты. Мұхаң ол кезде техникумда, тағы басқа курстарда қазақ әдебиетінен сабақ беретін еді...

(Әлкей Марғұлан. Жадымда қалған жақсы күндер. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 671-п. 44-б.).

1924 жылы «Жас қайраттың» 3, 4 нөмірлерінде «Халық әдебиеті туралы» деген мақаласы шықты.

Ю. Вагнердің «Жердің жаратылысы жайындағы әңгімелер» атты еңбегін М. Әуезов аударып, Ташкентте Түркістан Мемлекет баспасында бастырған, 100 б.

...С 1923 по 1928 г. учился в Ленинградском Государственном университете...

(Из личного листка по учету кадров М. О. Ауэзова // Президентский архив РК, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 2 об).

...Мұхтар Әуезов Семей губерниялық атқару комитетінің председателі болып та қызмет атқарған. 1924 жылы Семейдегі Жағрафия қоғамының толық мүшесі және сол қоғамының председателінің орынбасары болды. Абайдың қайтыс болуының 20 жыл толуына байланысты Семейде әдебиет кеші өткізіліп «Абайдың қазақ әдебиетіндегі орны» жайында баяндама жасайды...

(Қайым Мұхаметханов. Мұхаң туған жерінде // Біздің Мұхтар. 1976, 383-бет.).

24 желтоқсан. ...1924 жылы 24 желтоқсандағы кеңес мәжілісінде Абай мерекесінде арнайы программаны даярлаушы комиссия мүшелері атынан М. Әуезовтің хабарламасы тыңдалды. Комиссия уақыттың тығыздығына қарай Абай мерекесін өткізуді 27, 29 декабрьге белгілеп, программаның жаңадан жасалған жобасымен таныстырды...

(Жоғарғы мақаладан)

«Қыр суреттері». М. Әуезовтің журналда басылған әңгімесі.

(Жас қайрат. 1924. № 1. 43—49-беттер).

...1924 жылы қыс елде тұрып бір роман жазып едім, ол әлі баспада, шыққан жоқ. Ташкентте тұрған уақытта бір пьеса жаздым. Ол да әлі шыққан жоқ...

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі». ҒМО-ның архиві. 382-п. 6-бет.).

1925

«Бәрекелде» деді ме екен? Ауыл. 1925. 8 қаңтар.

9 наурыз. Қаныш Сәтбаевтың М. О. Әуезовке жазған хаты.

«...Кенесарының хаты барған соң орыс үкіметі қайратына мініп 1846-ыншы жылдың басында Омбы мен Орынбордан тағы да күшті атрет шығарады. Оларға берген бұйрық «Не Кенені ұстау, басын әкелу, не біреуі қалғанша арқада өлу» түрінде болған. Бұл атрет шыққан соң Кенесары соғыс ашпай 1846-ыншы жылы орыстың шегінен шығып, «Қоқикөл» шегіндегі қытай қазақтарының ішіне барады...» Қойын блокноттың (кішкене) алты бетіне араб әрпімен жазылған Сәтбаевтің өз қол таңбасы. Сол хаттың басындағы төрт беті жоғалған. Музей архивінде соңғы 5—6 беті сақталған. М. Әуезов белгілі «Хан Кене» драмасын жазуға пайдаланған болса керек. Кенесары көтерілісінің тарихқа көмескі бағдары туралы бірталай деректі мағлұмат берген.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның архиві. КПР 391, 29-бет).

10 наурыз. «Қазақша жазу — қазақ сөздерінің кез келгенін құрастыра беру ғана емес».

(Ауыл. 1925. 10 наурыз).

23 к ө к е к. «Әдебиет ескілігін жинаушыларға»

«...Шаң басып жатқан ескілікті жинап басын құрап, көпшіліктің мүлкі қылып беру жалғыз ғана әдебиетті сүюшіліктен тумайды. Жақын жердегі алдыңғы керегі әдебиет сүйетін қазақ оқушыларына ой-сезім азыған беру болса, одан кейінгі зор пайдасы қазақ тілінің қалыптасып, нығайып, өзіне біткен көркімен күшін жинау үшін керек». Мақала «Семей техникумы» деген құпия атпен жарияланған. М. Әуезов Семейдегі қазақ педтехникумында қазақ әдебиеті тарихынан сабақ берген кезінде жазған мақаласы.

(Қазақ тілі газеті. 1925. 23 көкек).

18 и ю н я. ...В Семипалатинское Губоно

Лектора Кирпедтехникума и бывш. технического редактора журнала «Тан» — органа Семгубкома Губисполкома и Губпрофсовета — Ауэзова Мухтара

ЗАЯВЛЕНИЕ

Считаясь с огромной потребностью киргизской школы в киргизских культурных силах в качестве лекторов и организаторов народного просвещения, мною осенью 1924 г. по настоянию Зав. Губоно тов. Сайдалина и других ответственных работников Семгубернии было прервано учение, начатое в Литературно-лингвистическом отделении фона Ленинградского университета. Имея сейчас за собою годичную практику по педагогической, журналистской и краеведческой деятельности в Семипалатинской губернии, чувствую недостаточность запаса теоретических знаний, для того чтобы вполне соответствовать назначению деятеля народного просвещения.

Причем считаю необходимым сообщить о том, что годичная деятельность в указанных отраслях не прошла бесследно для меня, она к полному моему удовлетворению прикрепила меня надолго и идейно к школе. В данный момент я не мыслю свое будущее вне школы. Это то ценное, что я приобрел в результате годичной деятельности. Но вместе с тем одновременно чувствую и неудовлетворенность при мысли о том, что я не могу дать большего чем сейчас, большего в связи с всевозрастающим требованием к киргизской школе со стороны далеко отставшей народной массы. Вот эта мысль ставит передо мною неизбежную необходимость пополнения своих знаний, чтобы явиться во всеоружии на высоко ответственный пост деятеля народного просвещения в Киргизском крае. И на основании этих соображений я решил прервать на два года начатую педагогическую деятельность, чтобы окончить указанный выше факультет, для чего прошу Губоно:

1) разрешить мне продолжение своего образования;

2) возбудить совместно с Губисполкомом ходатайство перед приемочной комиссией Ленинградского университета о восстановлении меня в правах студента II курса Литературно-лингвистического Отделения, так как в период годичного отсутствия я механически выбыл из списка студентов.

О проделанной мною работе в журнале «Тан», в краеведческих организациях и в качестве лектора совпартшколы считаю излишним

распространяться особо, так как моя деятельность во всех отраслях достаточно известна для Губоно».

М. О. Ауэзов был восстановлен приемной комиссией Ленинградского университета и им был получен матрикул студента 17/IX—1925 г. ...

(Государственный архив Ленинградской области, л. 5, 6).

23 июня. ...В ходатайстве М. Ауэзова о восстановлении студентом Ленинградского Государственного университета отмечается, что при поступлении он имел рекомендацию от ЦК Коммунистической партии Туркестана. В период перерыва в учебе М. Ауэзов был лектором кирпедтехникума, Губсовпартшколы г. Семипалатинска, техническим редактором журнала «Тан» органа Семгубкома Губисполкома...

(Государственный архив Ленинградской области, ф. , д. , л. 12).

Жаз. 1925 жылдың жаз айларында Мұхаң Семейдегі пәтерінде кешке жақын толғанып отырып:

— Ленинградқа оқуға жүрердің алдында екеуміз біздің елге барайық. Шыңғыс тауын жақсылап көреміз. Абай ақынның аулымен танысамыз. Ол жерде әнші, ойыншы адамдар ете көп, соларды көріп қызықтайсың, — деді.

(Әлкей Марғұлан. Жадымда қалған жақсы күндер. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. № 671-п. 45-бет).

11 сентября. ...В приемную комиссию фона Ленинградского университета.

Препровождая при сем заявление на имя Губоно тов. Ауэзова, бывшего студента литературно-лингвистического отделения фона Ленинградского университета о восстановлении его в правах студента ввиду механического выбытия его из университета вследствие несвоевременной явки к сроку — Семипалатинский Губисполком совместно с Семгубоно поддерживает его ходатайство о восстановлении. Причем Губисполком и Губоно сообщают, что тов. Ауэзов, являясь одним из активных работников туземной школы и печати, временно прервал свое учение в университете в 1924 году по настоянию Семгубоно для педагогической деятельности в киргизском педтехникуме в качестве лектора по киргизской литературе. Ввиду отсутствия среди киргиз подготовленных культурных сил при огромных потребностях туземной школы в подготовлении киргизского учительства Губоно оставило тов. Ауэзова в качестве лектора еще потому, что в среде остального мало подготовленного киручительства не было лиц, могущих вести преподавание указанного нового предмета. А тов. Ауэзов, благодаря проявленному им интересу к киргизскому литературному творчеству и благодаря своим самостоятельным исследованиям в данной области, являлся единственным кандидатом в качестве лектора кирлитературы в техникуме. Кроме того, тов. Ауэзов по приглашению АПО Семгубкома вел преподавание по истории революционного движения в России, на киргизском отделении Семгуб. совпартшколы. Наряду с этими обязанностями тов. Ауэзов, являясь киргизским журналистом по прошлой своей деятельности, был приглашен редакцией журнала «Тан», органа Семгубкома, Губисполкома в качестве технического редактора последнего, где проработал до июля месяца настоящего года. Со всеми перечисленными обязанностями тов. Ауэзов еще совмещал краеведческую работу, будучи заместителем председателя Семипалатинского Отдела Русского Географического

общества. В последней отрасли своей деятельности он являлся одним из организаторов собирания киргизского фольклора и организатором киргизских краеведческих кружков. В настоящий момент в дополнение к перечисленным обязанностям он является лектором летних киргизских курсов по переподготовке киручительства. Проявляя во всех указанных отраслях деятельности достаточную активность, тов. Ауэзов имеет глубокое уважение к идее народного просвещения, обещает быть одним из ценных работников киргизского края. На основании чего Семгубисполком и Губоно поддерживают возбужденное им ходатайство о восстановлении, в свою очередь убедительно просят в крайнем случае сделать снисхождение как единственному представителю отсталой киргизской народности в литературно-лингвистическом отделении — восстановить его в правах студента II-го курса согласно сданного им в 1923/24 учебном году минимума зачетов.

Пред. Семгубисполкома (*Токтобаев*)
Зам. завгубоно (*Шахматов*)
Зав. Губпрофобром (*Шнырев*)
Нач. канц. (*Беликов*)...

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 610, л. 15—16).

Осень. ...Занимались мы вместе лишь первый семестр, потом у него был полуторагодичный перерыв, когда он жил и работал в Семипалатинске. Вернулся в Ленинградский университет Мухтар осенью 1925 года...

(Валентина Ауэзова, Первые годы // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 325).

Күз. ...1925 жылдың күзі. Үш сабақтан кейінгі 20 минутты үлкен үзілісте Мұхтар мені шақырып алып, өзінің «Қарагөз» атты пьеса жазғанын айтты...

(Ғалиакпар Төребаев. Алғашқы спектакльдер // Біздің Мұхтар. 1976. 397-бет.).

Күз. ...Семейде М. Әуезовтің «Қарагөз» драмасын қойды. Актерларды Мұхаң өзі таңдап алды. Рольдерді Семейдегі зиялы орта өкілдері, жастар орындады...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры № 603, 604 п. 458-б.).

9 желтоқсан. ...Алайда одан бұрын 1926 жылы 13 қаңтар күнгі қойылымнан бұрын 1925 жылы 9 желтоқсанда Мұхтар Ленинградта жүргенде «Еңлік — Кебек» сахнада қойылыпты. Бұл артистердің шама-шарқын байқау үшін, спектакльдің жай-күйін білу үшін үкімет комиссиясының ресми емес қабылдауы болса керек.

Сол алғашқы қойылым хақында «Еңбекші қазақтың» 10 желтоқсанындағы санында мақала жарияланды...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603, 604-п.).

10 желтоқсан. «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 10 декабрьдегі нөмірінде «Жауқашар» деген бүркеншік атпен «Еңлік — Ке-

бек» деген мақала басылды. Онда «Кеше Қазақстан Мемлекеттік ұлт театрында Қазақстанның о жақ, бұ жағынан шақырылған сауықшылар мен Қызылорда әуесқойлары тізе қосып «Еңлік-Кебекті» ойнады. Жиналған жұртпен театр іші лық толды... Бұлардын бәрі түгелделсе «Еңлік — Кебек» сықылды пьесалар ескірмейді».

11 желтоқсан. «Тілші» газетінде С. М. деп қол қойған Сәбит Мұқановтың «Еңлік — Кебек» қойылды деген мақаласы шықты.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 382-п. 1—7-беттер.).

1925 жылы «Таң» журналының екінші нөмірінде «Қарагөз» жарияланды.

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның архиві. 382-п. 1—7-б.).

«Бүркіт аңшылығының суреттері» М. Әуезовтің «Басылмаған романынан» деп аталған әңгімесі.

(Таң. 1925. № 3. 75—78-беттер).

«...Ленинград университетінің II курс студенті Мұхтар Әуезовтің жолдаған өтінішін қанағаттандыруды сұрап халық комиссарлар кеңесіне Смағұл Садуақасов былай деп жазады. Құжатты сол күйінде келтіруді жөн санадық. «М. Ауэзова я знаю. Он бывший член президиума ЦИК Казахстана, был членом РКП (б) и механически выбыл в силу формальных мотивов. Он работал в Ташкенте. Очень положительный человек, молодой литератор, подающий большие надежды в будущем. Непременно надо удовлетворить, представив в Президиум ЦИК-а в качестве Стипендиата его.

С. тов. приветом С. Садвакасов».

Әрине, бұл өтініш Н. Нұрмақовтың қолынан өтіп, М. Әуезовке стипендия төленетін болды.

(Мемлекеттік архив. 86 папка. Көкшетау газеті, 1995.6 маусым).

«Барымта» әңгімесі «Қанды түн» деген жасырын атпен басылған. Жазушының «Таң» журналында жарық көрген әңгімесі.

(Таң. 1925. № 1. 98—110-беттер.).

«Жетім» атты әңгімесі. «Қайғылы жетім». М. Әуезовтің журналда басылған әңгімесі.

(Таң. 1925. № 1. 78—85-беттер.).

«Қаралы сұлу». М. Әуезовтің «Таң» журналында басылған әңгімесі.

(Таң. 1925. № 2. 79—92-беттер.).

...Мұхаң 1925 жылы «Таң» журналының редакторы болып істеді...

(Ә. Марғұлан. Еңбекпен өткен өмірім // Жұлдыз. 1986. № 1. 173-бет).

...«Қаракөз» жарыққа шыққан соң конкурста бірінші бәйгені алып, тұңғыш рет Семейдегі драмалық труппаның сахнасына қойылды...

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 1-т. 109-бет.).

«Ескілік көлеңкесінде». Жазушының журналда басылған әңгімесі.

(Таң. 1925. № 4. 102—120-беттер.).

«Қазақ қызы». Жазушының журналда басылған әңгімесі.

(Таң. 1925. № 2. 100—112-беттер.).

«Қазақ қызы». Жазушының журналда басылған әңгімесі.

(Таң. 1925. № 3. 90—100-беттер.).

«Ескілік көлеңкесінде». М. Әуезовтің «Таң» журналында басылған әңгімесі.

(Таң. 1925. № 4. 102—120-беттер.).

...1925 жылы Семейде «Таң» журналын шығардық. Сонда бірнеше әңгімелерім басылды. Сол қыста «Қаракөзді» жаздым...

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның архиві. 382-п. 6-бет.).

1926

13 қ а ң т а р. ...С. Қожамқұловтың режиссерлығымен «Еңлік — Кебек» қойылды.

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 1-т. 353-бет).

13 қ а ң т а р. Қазақстанның астанасы Қызылордада Қазақтың тұңғыш Ұлттық театрының алғашқы шымылдығы 1926 жылы 13 қаңтар күні «Еңлік — Кебек» трагедиясымен ашылды. Театр не бары 320 орындығы бар жергілікті кино үйінде ойналды.

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 1-т. 97-бет).

27 қ а ң т а р. М. Әуезов. «Бәйбіше — тоқал». Режиссер С. Қожамқұлов.

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 1-т. 353-б.).

8 а қ п а н. «Еңбекші қазақ» газетінде «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген тақырыпта мақаласы шықты. Ол мақаланың жалғасы 9, 15, 17 ақпанда жарияланды.

25 ф е в р а л я. ...Ленинград, 1926 год. 25 февраля — день моего рождения. Мухтар впервые подарил мне тогда фотографию с надписью: «Моей любимой Валентине. На память о наших солнечных днях. С верой и надеждой, что не забудешь и не будешь забыта. Твой Мухтар.

25. II. 1926 г. Ленинград, В. О. 3 линия, дом 46, кв. 63, 1 час 10 мин.».

(Валентина Ауэзова. Первые годы // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 325).

Ақпан. «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» деген мақаласында «Қазірде біз көтеріп отырған театр мәселесі өнерлі елдің өмірінде қандай сатыдан өтті, театрдың өсіп-өрбіген тарихы не айтады?» — деді.

(«Еңбекші қазақ». 1926, ақпанның 8, 9, 10, 11, 15, 17-і.).

Ақпан. Театр репертуарынан берік орын алып, сахнаға Серке Қожамқұловтың басқаруымен үшінші пьеса «Бәйбіше — тоқал» қойылды.

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 1-том, 121-бет.).

8 көкек. М. Әуезов. «Қаракөз». Режиссері Қ. Жандарбеков.

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 1-т. 354-бет.).

Көкек. «Қаракөз» трагедиясы (Қызылорда) астаналық қазақ театрының сахнасына Құрманбек Жандарбековтің режиссерлығымен қойылды.

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 1-т. 109-бет.).

18 тамыз. Нарын.
«№10-ыншы бөлім кіші шабуыл. Айтқан Сағымбай, жиған Ыбырайым Абдрахман ұлы». (Зерттеушінің қырғыз достары арқылы жинаған материалы).

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 182-п., 32-бет.).

Тамыз. ...1926 жылы елге каникулға барғанда көңіліміз қасқыр алып жүрген екі алпауыт тазыға түсті. Тамыз айының орта шенінде біз бұл иттерді арбаға байлап, бір топ бала Шідертіден Павлодарға жөнелдік...
Мұхаңа тазыларды көркем түрде жеткізу мақсатымен мәпелеп баптап, мойнына әдемі қарғы тағып, сәулетті түрге келтірдік.
Семейде Мұхаңмен біздің досымыз Шикібаевтың үйіне тоқтадық. Ол кезде Мұхаң еліне келмеген.
Қыс күні екі тазыны қызық еткен Мұхаң олармен қасқыр аулап жүргенде елдің малына тыным бермеген көкжал қасқырға кездесіп, оны ғажайып түрде өз көзімен алдырады...

(Әлкей Марғұлан. Жадымда қалған жақсы күндер. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. № 671-п. 50-бет.).

10 қазан. М. Әуезовтің «Жуандық» әңгімесі. 1926 жылы 10 қазанда «Ескі індет» деген тақырыппен, «Айғақ» деген құпия атпен «Қазақ тілі» газетінде жарияланды.

(Қазақ тілі. 1926. 10 қазан.).

...Мұхаң бірінші театр ашылуын қатты қуаныш етті. Ол 1926 жылы еді. Театр туралы мақала жазып, онда театр артистерінің ойынын талдап берді. Ол мақаланың қолжазбасын мен бес жылдай қолымда сақтадым (1927—1932). 1932 жылы Мұхаң театрға әдебиет бөлімінің меңгерушісі боп келгенде қайтарып бердім...

(Серке Қожамқұлов. Мұхтар Әуезов туралы. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. № 671-п. 9-бет.).

...1926—27 жылы «Сұғанақ сұр» деген повесть жазып едім, баспаға шықпады...

(Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қорынан. № 382-п. 6-бет).

«Қаракөз». Үш перделі алты суретті драма. Ескі ақын салдар өмірінен. Семейдің губерниялық баспасы. 87 бетпен жеке кітап болып шықты.

...Так, в 1926 г. занавес первого казахского драмтеатра, позднее переименованного в Академический театр Драмы, открылся моей пьесой «Байбише-Токал»...

(Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 3).

...М. Ауэзов присутствовал на постановке его пьесы «Енлик — Кебек» любительским коллективом на сцене клуба в г. Павлодаре.

(Зеин Шашкин. Мои встречи с Мухтаром // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 187).

...Сол 1926 жылы қазақ мәдениетінің тарихында зор бір оқиға болды: тұңғыш рет қазақтың ұлт театры ашылды... Сөйтіп жүріп театрға да үйрене бастаған кезде Мұхтар Әуезовтің сол жылы бірінші бәйге алған пьесасы «Қаракөзді» көрдік. Драматург ол кезде Ленинградта, жүлде алғанын білмесе де керек, бір күні Әлкей Марғұлан бастаған бір топ қазақ жастары Мұхаңнан сүйінші сұрап той жасатады...

(Ы. Дүйсенбаев. Адам дегеніңіз осындай-ақ болар // Біздің Мұхтар. Алматы: Жазушы, 1976. 333-бет.).

Ж. Шаниннің «Арқалық батыр» пьесасына жазған мақаласында «Күн өзінің бір көрікті жылы шуағын мына батырдың ақылды жылы көзінен білдіріп, танытып тұрған сияқтанады. Төңбектеп, алысқа шабатын жері қашық қазақ жүйрігінің кәрі қара қайратын Абылқай өзі де ұққан, ұқтыра да біледі», — деген.

(М. Әуезов. Шығармалар. II том. 63-бет, Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 154-бет.).

...Он үш жасар жеткіншек осы кездесуді өмір бақи зердесіне түйді: бұйра шашты, сымбатты жас жігіт, кере қарыс жазық маңдай, қыран мұрын...

1932 жылдың жазында оны екінші мәрте кездестірдім. Мен

ҚазАПП-тың басшысында отырғам, кенет есік айқара ашылып, кескін-келбетінде тек шығысқа ғана тән ерекшелігі бар адам ішке кірді де, өзін «Әуезовпін» деп таныстырды. Менің абыржығаным сонша, орнымнан атып тұрып: «Мен сізді баяғыдан бері білем». — дей жаздадым... Бірақ осыны айта алмадым, екеуін оңаша қалдырып, сыртқа шығып кеттім. Әуезовті алғаш көргендегі балалық әсерім алдамапты, сөйтсе де аздап қателесіппін: қыран мұрын емес, қыр мұрын ғой...

(Зейін Шашкин. Мұхтармен кездесулерім // Біздің Мұхтар. Алматы: Жазушы, 1976. 220-бет.).

...На Казахстанском конкурсе на лучшие драматические произведения, в 1926 г. получила первую премию моя пьеса «Қаракоз».

(Автобиография, написанная 3 января 1946 года // Фонд рукописей НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 3).

...БК(б)П Қазақ өлкелік партия комитетінің баспасөз бөлімінің 44367 санды қатынас қағазына жауап ретінде жазылған «Қазақтың көркем әдебиетінің қазіргі халы туралы менің пікірім» деген құжатта С. Мұқанов: «Мен қазіргі жазушыларды төрт түрге бөлем... 1. С. Сейфоллаұлы бастаған Октябрь ұлдары, 2. Бұрын ұлтшыл болған, төңкерістен соң өзгеріп, кеңес тілегіне қосылған Бейімбет бастаған топ; 3. Нағыз оңшыл ұлтшылдар Мағжан Жұмабайұлы, Мұхтар Әуезұлы, Міржақып Дулатұлы, Ахмет Байтұрсынұлдары; 4. Жол бикелер Жүсіпбек Аймауытұлы, Шәкәрім Құдайбергенұлы, Иса Байзақұлы, Сәбит Дөненталұлдары және т. б.» деп жазды...

(ҚР Президенттік архиві, 141-қ, 1-т., 980-іс, 2—7-п.).

1927

2 марта. ...Гвоздев. Пособия: Общий курс, II часть. 1) Коллективный труд под редакцией Батюшкова.

(Записи из блокнотов М. Ауэзова // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 244, л. 74).

16 марта. ... Корский. Склонение местоимений: прошлые различные... учет, много таких случаев, где окончивший основу...

(Записи из блокнотов М. Ауэзова // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 244, л. 110).

23 марта. ...Корский. Последний отдел спряжение, прибавившийся к обозначению отдельных функций...

(Записи из блокнотов М. Ауэзова // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 244, л. 111).

14 мамыр. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің Секретариаты Қазақ мемлекеттік баспасының 1927 жылдың екінші жарты жылдығына арналған жоспарын қарап, 25 оқулықтың үшеуін — А. Байтұрсыновтың

(ҚР П А., 141-қ., 1-т., 1043-іс, 349-п.).

«Тіл құралын», М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихын», А. Байтұрсынов пен Т. Шонановтың «3-ші және 4-ші оқу жылдарына арналған хрестоматиясын» жарыққа шығаруға тыйым салды.

19 мамыр. ...БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің баспасөз бөлімінің алқасы М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабы туралы мәселені талқылап, А. Байділдинге кітаптың мазмұнымен егжей-тегжейіне дейін танысып, бір аптаның ішінде өзінің пікірін білдіруді және кітапты баспадан шығаруды мүмкін деп тапса, осы мерзім ішінде марксшік-лениндік сын тұрғысынан алғысөз жазып беруді тапсырды.

(ҚР ПА., 141-қ., 1-т., 1043-іс, 388-п.).

Мамыр. М. Әуезов жұбайы В. Николаевна екеуі Ленинград қаласындағы Декабристер көшесінің 14 үйінің бір бөлмелі нөмері бірінші пәтерін жалға алады.

6 шілде. ...«3 шілде күні Қазақстанның күншығыс елдерін аралауға шыққан мемлекет театрының артистері, барлығы 15 адам Қызылжар қаласында он шақты күн тұрып, көркем суретті, үгіт-насихатты бірнеше сауық кештерін жасамақ. Сауық кештері шәһар бақшасында 6 шілдеден басталмақ». Гастрольдік репертуарда «М. Әуезовтің «Енлік — Кебек», «Қаракөз»... т. б...

(Бостандық туы. 1927, 6 шілде.).

9 тамыз. Көркем әдебиет туралы айтыс ретінде «Екеу» деген атпен М. Әуезов Ж. Аймауытов екеуі бірігіп жазған мақаласы «Еңбекші қазақ» газетінде жарық көрді.

Лето. ...В это же лето 1927 года в Алма-Ата познакомился Мухтар с Ильясом Джансугуровым, сохранился снимок, где они сфотографировались у какого-то уличного фотографа верхом на конях на фоне загородки из плетеной соломы...

(Валентина Ауэзова. Первые годы // Мухтар Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 322).

4 қыркүйек. Мұхтар Омарханұлының 5 қыркүйекте Ленинградта болатыны туралы Москвадан соққан телеграммасы келді.

В. Н. Әуезова.

Қыркүйек. «Қараш-Қараш оқиғасы» (повесть) Ленинград. 1927 ж. қыркүйек.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның архиві. 38-п. 1—100 беттер.).

22 к а р а ш а. Мұхтардың өміріндегі Смағұл Сәдуақасовтың қандай орын алатындығы оған жолданған төмендегі хаттың мазмұнынан анық байқалады... «Жолдаушы Мұхтар Әуезов. 22/XI—27 ж.

А л у ш ы: Қызылорда қаласы, Ленин, № 26. Б. Майлинге Сәдуақасов Смағұлға табыс ету үшін... Хаттың сыртындағы жазу: Бейімбет, Смағұл онда жоқ болса Ташкенге жіберуінді сұраймын.

(Т. Жұртбаев. Талқы. «Әуезов үйі» ҒМО-ның архиві қолжазба қорынан. 633-п.).

Л е т о. ...Летом 1927 года Мухтар первый раз в жизни попал в Семиречье, не помню точно — в составе какой-то экспедиции по сбору фольклорных материалов или это была индивидуальная командировка. Железной дороги в Алма-Ату в то время не было, и Мухтар, прибыв поездом на ст. Пишпек (г. Фрунзе), дальше продолжал свое путешествие на подводах через Курдайский перевал. С этого времени и началось знакомство и дальнейшая многолетняя работа Мухтара над киргизским эпосом «Манас».

...Хочется мне рассказать об одной встрече, имеющей прямое отношение к биографии Мухтара. Едва ли кто-либо знает о том, что у Мухтара мать отца и мать матери, т. е. его бабушки, были родными сестрами. Очевидно родство по женской линии не могло служить препятствием при заключении брака. Мать Мухтара родилась и жила до замужества где-то недалеко от Алма-Аты — это все, что он знал, впервые приехав сюда. Вполне понятно, что он предпринял попытки разыскать кого-либо из родственников матери, и вот в поселке Байсерке нашел дядю по матери, свою двоюродную сестру, и что самое радостное — была жива и бабушка. Это была трогательная до слез встреча. Можно представить себе, что расстояние между Алма-Атой и Семипалатинском, когда не было других средств сообщения, кроме конных подвод, было почти непреодолимым, и весьма возможно, что не только внуков, но и дочери своей после ее замужества бабушка больше не видела. Неожиданное появление Мухтара так ее взволновало, что она, по словам Мухтара, только обнимала его, плакала и без конца твердила одно — что точно таким был его отец, когда женихом приезжал в аул.

Сейчас ни бабушки, ни дяди Мухтара уже нет в живых, живет в Байсерке его двоюродная сестра Сара, да сохранился материнский дом, снимок его есть в Доме-музее.

(Валентина Ауэзова. Первые годы. // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 322—323).

31 д е к а б р я. На бланке: Свидетельство о рождении № 412. Выдано в том, что Ауэзов Эльдес Мухтарович родился в 1927 году 31 числа декабря месяца, о чем в книге записей актов гражданского состояния о рождении за 1928 год 14 числа января месяца произведена соответствующая запись. Родители: отец — Ауэзов Мухтар Омарханович, мать — Кузьмина Валентина Николаевна. Город Ленинград. От оплаты гербовым сбором освобождено.

Заведующий *(подпись)*.

Делопроизводитель — *Подпись.*

(Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 615, л. 15).

«Жаңа мектептің» 1927 жылғы, 11—17 сандарында М. Әуезовтің «Қараш-Қараш» оқиғасы жарық көрді.

(Жаңа мектеп, 1927. № 11—12).

М. Әуезовтің Тұрағұлға жазған хаты. Үйленгенін айтып, себебін көрсетіп, кешірім сұраған.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 604, 603 п., 504-бет.).

...В Уральске в любительских коллективах ставились пьесы М. Ауэзова «Енлик — Кебек» и «Карагоз», Г Сланов — учащийся фабрично-заводского училища исполнял роль Срыма в пьесе «Карагоз»...

(Габдол Сланов. Орлиный взлет // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972 С. 106—108).

...В 1927 году я выпустил свой первый объемистый исследовательский труд — «Историю казахской литературы»...

(М. Ауэзов. Личное дело // Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 4).

«1927 жылдың күзінен бері «Қараш-Қараш оқиғасы» деген бір повесть жазып, «Жаңа мектепке» жібердім. Аяғында, жақында «Қилы заман» деген бір ұзақ әңгіме жазып, Госиздатқа жібердім. Ірі жазғандарым осы.

(М. Әуезов. Өз жайымнан мағлұмат. «Әуезов үйі» ҒМО-ның архиві. 382-п., 6-бет.).

1928

15 марта. Тов. Ауэзову М. Ленинград, Центр. ул. Декабристов, 14, кв. 1. Редакция большой советской энциклопедии. Москва, Волхова, 14.

Глубокоуважаемый тов. Ауэзов. Словник Ваш нами получен. Его, очевидно, придется немного сократить, во всех остальных отношениях он вполне удовлетворяет нашим требованиям. В некоторых случаях, однако, у нас возникают сомнения, так как нам трудно понять, даете ли Вы имя писателя или его фамилию (Марабай, Нысанбай, Махамбет, Жанак, Мурат, Шортанбай), то же просим Вас сделать с именем Ахан Серы. Когда словник будет утвержден в окончательном виде, выяснится, какие статьи мы в близком будущем будем просить Вас составить.

С искренним уважением секретарь отд. ЛИЯ *С. Макашин.*

(Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 638, л. 20).

21 наурыз. ...Әлімхан Ермеков Ленинградтағы Мұхтардың мекен жайына Әлихан Бөкейхановқа арнап хат жолдаған. Ол хатты 1928 жылы 21 наурыз күні ОГПУ-дің тергеушілері қолға түсірген де іле ОГПУ-дің КСС бойынша төтенше өкілі Петросянға: «Осы хат арқылы Әлімхан

Ермековтың Мұхтар Әуезовтің атына жолдаған құжаттары мен оның фотокөшірмелерін жолдап отырмыз» — деп түсініктеме берген...

(Т Жұртбаев. Талқы. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 633-п.).

М а р т. ...Заведующий орготделом Казкрайкома ВКП(б) О. Исаев в своей остро критической статье против С. Садвокасова, приводя в качестве аргумента слова Сталина о том, что «поворот (в политике) опасен для тех, кто не крепко сидит в партийной тележке. При повороте не всякий может удержать равновесие. Повернул тележку — глядь и кое-кто выпал из нее», пишет: «Тем более этот поворот опасен Садвокасову, по ошибке севшему в партийную тележку. Хорошо, что Садвокасов не выпал еще вместе с Байтурсыновым, Ауэзовым и Аймауытовым и прочими...

(Исаев О. О национальностях и буржуазных националах // За партию. 1928. № 3. С. 25).

22 м а я. Личная карточка члена ССП СССР... Окончил Ленинградский государственный университет, факультет языка и литературы, поступил в 1923 г., окончил в 1928 г., № 204/23 от II/V—1928 г.

(ЦГА РК, ф. 1778, оп. 3, д. 42, л. 6 об. 1953 г. 10 февраля).

6 м а у с ы м. М. Әуезов өзінің БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің үгіт-насихат бөліміне жазған арызында «Қазақ әдебиетінің тарихы» атты еңбегінің 1927 жылдың көктемінен бері Ташкенттегі Наркомпростың баспасында қозғалыссыз жатканын хабарлап, оның жарық көруін тездетуді сұрады.

(ҚР ПА., 141-қ., 1-т., 2275-іс, 178—179-п.).

12 м а у с ы м. Ликвидком төрағасы Трацвеский БК(б)П Қазақ өлкелік комитеті мен Оқу халкомына жазған қатынас қағазында Ташкенттің Саяси Бас басқармасының (ГПУ) қоймасында М. Әуезовтің «Қазақ әдебиетінің тарихы» кітабының 10.000 данасы қозғалыссыз жатқандығын және бұл кітапты таратпау туралы шешімді қайта қарау мүмкіндігін хабарлауды өтінеді.

(ҚР ПА., 141-қ., 1-т., 2275-іс, 177-п.).

19 м а у с ы м. «Манас». 1-інші бөлім Манастың балалық уақты. «Мынандай аңсар, ағлан, ақбар бұрынғылардан қалған сөз».

М. Әуезовтің «Манас» эпосын зерттеу кезіндегі жиналған материалдары. («Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 182-п. 1-бет.).

19 м а у с ы м. «Манастың айтушылары»... «Бөлек сөзі мұнан 121 жыл бұрын «Манасты» қырғыздарда асық руынан Келдібек жыршы 50 жастағы кезінде айтады екен. Келдібек туғанына 171 жыл болады...»

М. Әуезовтің өз заманында «Манас» эпосын жырлаған атақты манасшылар жайында ел аузынан жазып алып жинаған әр қилы болжам деректі материалдар. («Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 182-п. 2-бет.).

19 маусым. «Манас» жайында ел аузынан және жазба перечтение деп бөлек құраған сөздері».

М. Әуезовтің қырғыздың «Манас» эпосын зерттеуге қатысты хатқа түскен материалы. («Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 182-п. 3-бет.).

5 августа. ...В Ленинградский Государственный Университет М. Ауэзов поступил в 1923 году и окончил в 1928. Факультет общественных наук по литературно-лингвистическому отделению специальности редакционно-издательской. Диплом № 2041 от 5 августа 1928 г.

(Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 632, л. 1).

Қыркүйек. «Қараш-Қараш оқиғасы». М. Әуезовтің журналда басылған шығармасы.

(Жаңа мектеп. 1928. № 1—2—3. 48—57-беттер).

Сентябрь. М. О. Ауэзов аспирант Восточного факультета САГУ и преподаватель в Казахском педагогическом институте в г. Ташкенте.

(Из личного листка по учету кадров // Президентский архив РК, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 4 об.).

12 октября. На бланке: Свидетельство о смерти № 1213. Выдано в том, что ребенок Ауэзов Эльдес умер в 1928 году 12 числа октября месяца, о чем в книге записей актов гражданского состояния о смерти за 1928 год 12 числа октября месяца произведена соответствующая запись. От оплаты гербовым сбором освобождено. Место смерти — Ташкент. Умер в 1928 г. отроду $8^1/_2$ месяца. Особые отметки — острое воспаление толстых кишок. Заведующая — подпись. Секретарь ЗАГС — Подпись.

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 615, л. 12).

25 декабря.

Казахский Институт Просвещения, 25 декабря 1928 г., № 267

Управление САГУ

Тов. Ауэзов прикомандирован в Казинпрос в качестве штатного преподавателя в начале настоящего учебного года Постановлением Коллегии Казнаркомпроса и ведет на основных курсах Инпроса по истории русской и казахской литератур...

Заведующий учебной частью Казинпросос *Буралкиев*...

Секретарь *Леонтьева.*

(Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 628, л. 3).

...Тіпті 1928 жылы Абай ұрпақтарының барлығы Ташкент, Шымкент жаққа көшкенде «Мұхтармен кездесіп қаламын, не іздеп келеді» — деп Кәмилә бармай, Семей қаласындағы Белағаштағы туысқандарында қалып қойған...

(Т Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603, 604 п. 503-бет.).

«Мұхтар Әуезов «Манас» туралы мақалалары мен ойлары». «Шоқ газаттың аяғы...». «Аруағы көтеріп айтқан сөзді, ақын шынға айналдырып көтеріп жібереді».

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 182-п., 107-бет.).

«Мұхтар Әуезов «Манас» туралы мақалалары мен ойлары»... «Семетей Жақсылықтың айтуынша Жақсылық Садық ұлы 49 жаста айтқан. 20 күнде жазып бітірсе керек, үш кісі жазған».

Зерттеушінің өзі араб әрпімен хатқа түсірген автограф. («Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 182-п., 11-бет.).

«Мұхтар Әуезов «Манас» туралы мақалалары мен ойлары»... «1-інші том. Жақыпбайдың зары» Әуезовтің «Манас» эпосына өз қолымен араб әрпінде жазылып көшірілген қырғыз тілінде ұзақ жыр 51-беттен басталып 100 бетте бітеді.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 182-п., 51—100-беттер.).

«Хан Кене» пьеса. Араб әрпінде хатқа түсіп түптелген қолжазбасының бір нұсқасы.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 75-п. 1—35-бет.).

...Ленинградский университет Мухтар закончил весной 1928 года, а в августе мы уехали из Ленинграда в Ташкент, где Мухтар проходил аспирантуру в САГУ.

В Ташкенте мы жили на территории Казахского лесного техникума в большом ореховом саду на берегу речки Салар. Теперь там один из городских парков.

В Ташкенте мы похоронили нашего первенца Эльдеса, там родилась наша дочка Лейля.

В Ташкенте был написан известный рассказ Мухтара «Коксерек». Было время, когда вокруг этого произведения велось много разговоров, в нем искали и находили какую-то символику, а на самом деле все было иначе. Купила я самый обычный отрывной календарь на 1929 год, и он висел над рабочим столом Мухтара. На этом календаре была репродукция известной картины (к сожалению, не знаю имени художника) — зимняя ночь, снежное поле, вдали чуть видны огоньки какой-то занесенной снегом деревушки, а на переднем плане — волк. Он-то и напомнил Мухтару о моих рассказах, услышанных от бывалых степных охотников еще в юности, которые теперь, когда каждый день перед его глазами была эта картина, как бы снова ожили в его воображении. Так писал Мухтар своего «Коксерека» («Серого Лютого»)...

(Валентина Ауэзова. Первые годы // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 324—325).

...Окончив Университет в 1928 году, в том же году перевелся в Ташкентский университет аспирантом Востфака, специализировался по истории литературы народов Средней Азии. В непрерывной связи с учебой и литературно-творческой работой с 1923 г. начал заниматься научным

изучением истории казахской литературы. В 1927 году выпустил свой первый исследовательский труд, объемистую книгу, посвященную истории казахской литературы...

(М. Ауэзов. Автобиография // Президентский архив РК, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 6 об, 7).

...Кроме того, с 1929 г. я не работал на территории Казахстана (до 1928 г. учился, живя в Ленинграде, а с 1928 г. до ареста работал в Ташкенте, состоя научным сотрудником САГУ). Одновременная педагогическая деятельность за последние два года в казахских школах (Инпрос и Лестехникум) в качестве преподавателя истории казахской литературы не только не была направлена к подрыву основных установлений власти по линии просвещения, но я глубоко и непоколебимо убежден, что моя работа, основанная на пролетарско-социологических принципах изучения казахской литературы... Двухлетняя педагогическая деятельность протекала исключительно на основе этой программы...

(РФ «Дом Ауэзова», п. 634, с. 1—2).

...Мұхтардың есімін «әдебиеттен сызып тастауды» талап еткізген де «Қаракөз». Бұл Мұхтарға жасалған алғашқы шабуыл, бірінші атылған оқ. 1928 жылы пролетариат сыншыларының басын біріктірген «Құс жолы» жинағы шықты. Сонда «Қаракөз» атты атышулы мақала басылды. Жинақтың мақсаты таза кедейшіл әдебиет пен «сұлу, бірақ байшыл» әдебиеттің арасын «ажырату», яғни жік тастау...

(Т Жұртбаев. Бесігіңді түзе. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 603, 604-п., 440-бет.).

СВИДЕТЕЛЬСТВО

Выдано настоящее свидетельство гражданину Ауэзову Мухтару Омархановичу, родившемуся в бывш. Семипалатинской губ. в 1897 г. в том, что, поступив в 1923 году в Ленинградский Государственный Университет, он окончил в 1928 г. курс наук факультета общественных наук по литературно-лингвистическому отделению, специальности редакционно-издательской, и что им были сданы экзамены по нижеследующим курсам и выполнены практические занятия по следующим дисциплинам:

А. Теоретические курсы

Введение в языковедение. История русской лит. древн. в XV в., История России XIX и XX в., История русской лит. XX в., Введение в этнографию, История Запада, Теория литературы, Русский литературный язык, Методология литературы, Древнеболгарский язык, Полиграфическое дело, Редакционно-издательское дело, Теория трудовой школы, История греческой литературы, История римской литературы, История новой русской литературы второй половины XIX в., Истор. Зап.-европейск. литер., Немецкий яз., История русского яз. Политические предметы: Общее учение о государстве и конструкция СССР, Политическая экономия, История Р К. П., Ленинизм, Исторический материализм, Экономполитика.

Военные предметы: Тактика, Уставы.

Б. Практические занятия

Семинарий по русской литературе первой половины XIX в., Семинарий по новой русской литер. второй полов. XIX в., Семинарий по русской литер. XX в., Семинарий по эконом. географии, Семинарий по методолог. лит-ры, Семинарий по теории драмы, Семинарий по лингвистич. толкован. Пушкина, Семинарий «Пушкин и его время».

Настоящее свидетельство удостоверяется подписями и приложением печати.

Директор — *подпись*

Завед. учебной частью — *подпись*

(Архив Ленинградской области, ф. , д. , л. 48).

...В 1928 году в результате изучения исторических архивных материалов о борьбе Кенесары с царизмом написал историческую пьесу «Хан Кене»...

(Личное дело. Автобиография, написанная 3 января 1946 г. // РФ НКЦ «Дом Ауэзова, п. 364, л. 3.).

...С 1928 г. по 1930 год — аспирант Востфака САГУ, г. Ташкент.

(Личный листок по учету кадров // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364., л. 2).

1929

29 қаңтар. «Өз жайымнан мағлұмат». М. Әуезовтің жастық шағы, оқыған кезі туралы араб әрпінде хатқа түскен өмірбаяны.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 382-п., 7-бет.).

21 февраля. ...Зам. заведующего агитационно-пропагандистским отделом Казкрайкома ВКП(б) Н. Мартыненко представил ректору Среднеазиатского университета характеристику на М. Ауэзова, в которой отмечается: «Только за последние годы замечается некоторый сдвиг в его мировоззрении, дающий возможность судить о нем, что он отказывается от прежних своих буржуазно-националистических устремлений. Это обстоятельство, а также отсутствие казахских литературных кадров убеждает нас дать согласие на занятие тов. Ауэзовым должности научного сотрудника САГУ»...

(Архив Президента РК, ф. 141, оп. 1, д. 2407, л. 121).

1 марта. ...М. Ауэзов становится аспирантом восточного факультета САГУ на кафедре турецкой филологии по специальности казахский язык и литература.

(Государств. архив г. Ташкента (ГА, ч. 1), ф. Р-38, оп. 1, д. 359, п. 9.).

10 марта. Выписка из протокола № 6. Заседания Правления Среднеазиатского Гос. Университета от 10-го марта 29 г. Гор. Ташкент: 8. Утвердить тов. Ауэзова аспирантом по кафедре турецкой филологии (Казаховедение), 10. III. 29 г.

(Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 628, л. 2.).

16 марта. АҚТ № 321: Гр. Ауэзов зачисляется на службу в САГУ с 10-го марта 1929 г. на должность аспиранта на кафедре турецкой филологии Востфака с оплатой труда — .... Срок испытания — ....

Ректор *(подпись)*. 16/III-29 г.

(Архив НКЦ «Дом Ауэзова», п. 381, с. 4.).

2 апреля. Корешок удостоверения № 1753.

Выдано тов. Ауэзову Мухтару Омархановичу. Состоит сотрудником... Аспирант Востфака. Зав. Общ. канц... Лич. Состав...

20 с ә у і р. М. Әуезов Біріккен мемлекеттік Саяси Басқармасының (ОГПУ) Қазақ АҚСР-індегі өкілетті өкілдігіне жаздым-жаңылдым деген хат жазып тапсырды. Хатта ол өзінің 1922 жылдан 1929 жылға дейінгі кезеңде: «я все же по существу оказался не в лагере революционных писателей Казахстана, а стал одним из националистически настроенных писателей. А этот путь объективно вел к контрреволюции... я в данный момент отношусь отрицательно не только к своей прежней литературной позиции, как литератора, но даже осуждаю свои позиции и в области исследовательской деятельности, как историка казахской литературы» деп, өзімнің «Шолпан», «Таң» журналдарындағы идеялық зиянды ойларымда, Абай туралы зерттеулерімдегі жіберген қателіктерімді, «Алқа» ұйымының бағдарламасын қолдағанымды, революциялық-марксистік, сынның дауысына құлақ аспағанымды мойындаймын дей келіп, «Приходя искренне к таковой оценке своего литературного прошлого, я в дальнейшем обещаю не быть помехою (на) пути предуспеваний культурной революции в Казахстане, а наоборот, буду способствовать ее успешному ходу» деп жазды.

(ҚР ПМ., 141-қ., 1-т., 5042-іс, 259—260-п.).

20 к ө к е к. Қазақстандағы Ерекше мемлекеттік саяси басқарманың төтенше өкілеттігінің жанындағы Үштіктің мәжілісінің № 111/к мәжіліс хатының көшірмесі. 1932 ж. 20 көкек.

Т ы ң д а л д ы: № 2370 іс бойынша:

...17. Әуезов Мұхтар — үш жыл концлагерьге қамалсын, уақыттары 8/X—30 ж. бастап есептелсін. Ермеков пен Әуезовтің үкімі шартты деп есептелсін.

(Т. Жұртбаев. Талқы. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. № 633-п.).

20 м а я. Приказ № 58. 20. V 32 г.

Зачислить в штат с сего числа ответственным руководителем лите-

ратурной частью театра т. Джансугурова Беимбета с окладом 400 руб. в месяц.

Зачислить в штат с сего числа в качестве литературного сотрудника т. Ауэзова Мухтара с окладом 500 руб. в месяц.

Директор — *подпись.*

(ЦГА РК, ф 1148, оп. 1, д. 5, св. 1, л. 10).

22 мая. Машинопись:

Справка дана настоящая Ауэзову Мухтару в том, что он содержался под стражей при ПП ОГПУ в КазССР и из-под стражи освобожден как осужденный условно к заключению в к/л, сроком на три года, считая срок с 8/X—30 г.

П. нач. УСО — *подпись*
Уполномочен. — *подпись.*
Заборная книжка выдана 22 мая 1932 г.

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 615, л. 3).

...1932 жылдың жаз кезі Алматыда Қазақ педагогикалық институтында оқып жүрміз. Бір күні Әуезов Алматыға келіпті деген жаңалық хабар дүңк ете қалды... Сол күні «Социалды Қазақстан» мен «Казахстанская правда» газеттерінің беттерінен М. Әуезовтің қазақ халқына арнаған хатын оқыдық...

(М. Қаратаев // Біздің Мұхтар. Алматы, 1976. 277-б.).

10 маусым. «Социалистік Қазақстан» газетінің 10 маусым күнгі санында М. Әуезовтің ашық хаты жарияланды.

10 маусым. Әуезұлы Мұхтардың хаты.

«Менің әдебиет пен саясат жолында бұрын қандай адам болғандығым туралы Қазақстан партиялық кеңестік жұртшылығы өзінің қоғамдық сынын айтқан болатын. Ол сын ашық, нық айтылған дұрыс сын еді. Ондағы берілген баға бойынша мен: «байшыл, алашордашы одағындағылардың салт-санасын әдебиет жүзінде іске асырушы кісі» болғам.

Осы жай барлық жұртшылыққа да, менің өзіме де мәлім. Бұл сияқты тарихы дұрыс және қажет болудан, менің өз ісімнен туған дәл сынды жазушылар кімдер болды? Ол Қазақстанның партиялық кеңестің баспасөзі, соның ішінде бірнеше жылдар бойында сын ретімен, айтыс ретімен тексеру жүргізген ҚазАПП тобының төңкерісшіл, марксшіл сыншылары, жазушылары. Газет қызметкерлерінің сындары болды. Сондайлық бетпен келе жатқан жұртшылық соты — өзінің толық сөзін ҚазАПП-тың соңғы конференциясында түгел жеткізе айтты. Мен қазір осы сөзді жазып отырғанда, сол сотта өзімнің ендігі көзқарасым қандай — соны жұртқа салмақпын. Қазір мен өзімнің сол бұрын өткен ізімнен қайтып, соны қатты айыптайтынымды білдірмекпін.

Соңғы бірнеше жылдар бойында менің ішімде жәй созылса да ілгері басып келе жатқан өзгеріс бар еді. Бұл өзгеріс жолында мен маркстік-лениндік жүйесін және оның тарихи-социалдық қисыны мен танымын — дүние танудың ғылыми жолы есебінде бір қабылдап алып ем. Кейініректе, қазірде, сол негізді өзімнің дүние көзқарасымның, бойыма сіңген

нанымның іргесі деп ұстадым. Бір жағынан осындайлық менің қазіргі мазмұным мен бағытымды айқындайтын пікірлік жаңа негізді ғылымдық көзқарасым болса, екінші жағынан жаңа жақсы тұрмыс үшін алысқан пролетариаттың жеңуі, дегеніне жетуі, тарих жүзінде ақталған, орнаған табысы болып отыр. Осы қалмен қатар пролетариатқа жаулық ниетінде болған үлкенді-кішілі топтардың барлығының жат, жау қимылының бәрі де құлап, күйреп біткелі отыр. Сол сынаған жайлардың барлығын еске алып келіп мен барлық кеңес жұртшылығының алдында, менің өткен жолымды сынап шыққан ҚазААП даусына өзімнің де кіналарымды өзім айыптаған жаңа сыным мен пікір жолындағы жаулық құралымды анық тастаған даусымды қоспақпын.

Ең алдымен менің кейінгі барлық саяси, әдеби терістіктерімнің себепшісі болған нәрсе не? Ол менің көп замандар бойында ұлтшыл алашордашы негізінде төңкерістің жауы болған топтың салт-саналық бағытымен байланысты болып еді. Осы халмен тарихи нық байланысқан нәрсе — менің саясат пен әдебиеттегі ісімнің мазмұны мен қалпы соңғылардың саяси бағытын бастады. Бастағанда, анықтағанда пролетар төңкерісінің тілегіне жау болған, барынша қарсы бетке бастады.

Өзге алашорда басындағы жазушылар сияқты мен де бұрынғы ауыл мен пролетариат қожалығының тұсындағы ауылдың байы мен ру басыларының тілегін, мұқын жоқтайтын салт-санасы болдым.

Осы жаймен қатар мен көп уақыт қоғамдық жолдар мен салт-саналық үстемшіліктің мазмұнын түсіндіру, тану мәселесіне келгенде әрі залалды-санашылдық түсінігін ұстап қалдым. Теріске көшкен, қаталаскан бетіммен болып, әдебиетте өзге қоғам-шаруашылық жағдайларының барлығынан жарып алып, жекелеп қарап, оның арналған мұратын, ролін, бітімін жеке-дара қып ұстау қажет дедім. Маркс-Лениннің даусыз ақиқат есебінде айырып айтқан дұрыс жолы бойынша әдебиет барлық мемлекет құрылысы мен соның саясатына ежелден бағынатын нәрсе екенін ескермедім, қабылдамадым.

Бұл сияқты, ғылым жағынан негізсіз, тарихи жағынан қате болған салт-саналық бағытымды — қазір де тарихта және ұлғайып өрлеп дәуірлеп келе жатқан социалдық құрылыстың өсуі де түгел теріске шығарып, қағып тастап отыр.

Сондай теріске шығарудың бірі — ұлт мәселесін даусыз, әділ Ленин жолымен шешуде болды. Бұл жолмен бүгінде барлық бұрынғы патша отарының, соның ішінде біздің Қазақстанның елінің тағдыры шешіліп отыр.

Бірақ менің бұл дәуірдегі, социализм құрып жатқан дәуірдегі тарихи уақиғаларды біржақты болып теріс, тар ауданда түсінуім себепті Қазақстанда партия мен үкіметтің жүргізіп жатқан ірі төңкерістік шараларына көбіне көзқарасым теріс болды. Ол шаралар өткен заманда езгіде болған Қазақстан еңбекшілерінің пайдасы, игілігі үшін ең қажет шаралар екенін түсінбедім.

Біздің аймақтың барлық қоғамдық шаруашылық қалпын капиталшылдық жолынан социализм жолына аударып, бұрып салу үшін ол шаралар қажет екенін есептемедім. Жекелеп айтқанда байлар мен ру басыларын конфискелеудің қажеттілігін іштей қабылдамадым.

Үкіметтің колхоз, совхоз құрылысының тұсында істеген берік ұлы шараларына да басында сенімсіздікпен қарап, қарсы болдым. Ал ол құрылыстың орнаған жері кешегі жабайылық күйіндегі көшпелі, жарым көшпелі ауыл мен сол жайлаған жабайы, сансыз ғасырлар бойында өзі-

мен өзі ғана болып, ылғи артта қалуын, қалғуын сақтап келген дала еді.

Сол сияқты Қазақстанда өндіріс құрылысының кеңінен өріс алуына да сенбеп едім. Бүгінде ол жүзеге асқан ұлы іс болып, Қазақстанның барлық қалпын қайта туғызғандай боп отыр.

Қазір өмірде қайта барлық Одақ пен Қазақстанның ұлы құрылысының тәжірибесімен және социализм үшін алысқан халық бұқарасының жаңғырған саналы тіршілігінің тәжірибесімен менің жаңағыдай түсініктерімнің барлығы әрі теріс, әрі залалды екендігін айқындады.

Енді Қазақстан еңбекшілеріне жаулық ниет ойлайтын ішкі-тысқы таптар мен жеке адамдардың жат ниеті мен үміттеріне қарсы нақ сеніп айта алатыным — олардың жолы тарихтан қағылып шыққан көзсіз жол — қазақ жолы. Бұл таптардың өткен уақыттағы саяси бағыты — енді тарихтың аударып кеткен, жабылып қалған беті болады. Және, бұны ашық мойынға алу керек, ол тарихтың мақтаусыз, бәйгесіз, ажарсыз беті болып саналуға тиіс.

Олардың бұрынғы өзін әлденеге бағалағандығы болса, Қазақстан еңбекшілерінің тұрмысындағы жаңалап өскен дәуірдегі оның бәрін керексіз қылып, жолынан алып тастап отыр.

Ондай бағыттар бұрын қандай залалды болса, қазір онан да әрі залалдырақ. Одақ еңбекшілерінің ендігі тұрмысының өсу, гүлденуіне бөгет болар кедергінің бәрін қандай керексіз десек, бұны да сол сияқты керексіз, зиянды деп білемін.

Өзімнің сондай топтармен байланысқан артқы күнімді осылайша нық тексеріп, қайта бағалап келгендегі ендігі байламым: сол ескілігімнен өз арамды бұдан былай біржола үзіп-жарып алу, және сол ескілікпен мені байланыстырып, жақындастырған жайлардың барлығынан үзілді-кесілді арылып шығу.

Осы сияқты жаңа түсінік, жаңа бағыт тұрғысынан енді менің жүріп өткен әдеби — және (қазақ әдебиетінің тарихын қарастырғандағы) зерттеушілік қызметімді шолып өткенде айтатыным: ол қызметтерім Қазақстандағы мәдени төңкерістің жол-бағытымен үйлескен жоқ. Қайта соған қайшы келіп отыр.

Менің өткендегі жазушылық қызметімнің айқын белгілері «Еңлік-Кебек», «Қаракөз» сияқтылары еді. Бұлар бүгінгі төңкеріс дәуірінен алыстағы қазақ салтын көрсетумен қатар, өздерінің екшеліп алынған тақырыптары бойынша төңкеріс тематикасынан әдейі аулаққа жайылып кеткендігі және ұлтшыл жазушылардың тобына кеткендікті білдіретін нәрселер. Мен сол жазушылардың қатарына кіріп, 1920 жыл мен 1928 жыл аздап 1929 жылдың аяғында Қазақстандағы және Ташкендегі баспасөзге әсер етіп, баурап алмақ боп әрекет еттік. Сол жылда оқушы тобына тар ұлтшылдық бағытында әсер етіп, әдеби шығармалар, сындар, айтыстар арқылы ұйымдар қандай іс жүргізсек, жастар арасына ұлтшылдық күйін тараттық. Бұл әрекеттің барлығы ортақшыл партиясы мен кеңес үкіметінің сол жастарды интернационалдық рухында баулимын деген міндет бағытына негізсіз қарсы жүріп отыр. Мен қазірде жаңағы сияқты шығармаларымның бүгінгі күннен аулақ кетіп, бірбеткей тақырыптарды ғана екшеп алғандығын айып деп, кінә деп қоймаймын. Сол тақырыптарды суреттеген, таратқан әдісін салт-санашылдық — суреттеулік ретіндегі қалыптасуын да теріс деп білемін.

Менің шығармамның көпшілігі сарнамашылдық бетімен болуымен бірге, өткен дәуірді төңкерісшіл сарыншылдық жолымен сипаттаудан қашық болды. Қайта ескіліктің кейбір залалды салттарын жарыққа

шығарып өсумен, ол салтты жақтаушыларды аз-аздап пікірі жолындағы құралсыздануымен қатар, бәрібір мен өз шығармаларымның көпшілігімен анығында беті ашық ұлтшылдық күйіндегі жазушы боп шықтым.

Ал бұл жол — біздің аймақтың кенесі тарихи өсуінің қорытындысында төңкеріске жаулық жолы боп шықты. Себебі, жаңағыдай шығармалардың пікір, сезім жолындағы теріс әсері, біздің уақытымыздағы қазақ жастарының ойына да, рухына да тиетін болды. Өйткені біздің жастар өткен күнін жаңа танып келе жатқан, жаңа оянған артта қалған елдің жастары болатын. Корытындысын айтқанда, менің әдеби қызметім, сол жастардың көңіліндегі, салт-санасындағы ұлтшылдық күйін жеңілдетіп, сейілдетуге арналмай, қайта соны нығайта түсуге арналып кетті. Қазіргі күнде мен өзімнің бұрынғы жазушылық жолымдағы бағытыма ғана емес қазақ әдебиетін тексерген тарихшы, зерттеуші есебіндегі қызметіме де теріс деп қараймын.

Түгелдеп айтқанда, төңкеріс жолдарының қоғамдық заказы мен төңкерісшіл жұртшылықтың тілегіне біржолата үйлеспейтін сөздерім болған. Бұл ретке қосылатын төңкеріс жолындағы жылдар ішінде қазақ әдебиетінің жолы қандай болу туралы «Шолпан» журналының бетінде ертеректе айтқан пікір. Бұл салт-сана жолында залалды пікір еді.

Сол қаталарым кейбір кейінгі тексерулерімнен де арылған жоқ. Мысалы, соған ұқсаған қаталар Абай шығармаларын тексеруімде де бар.

Онан соң «Алқаның» бағытын әдебиеттегі жаңа төңкерісшіл бағыт деп қабылдауым да теріс еді. Анығында ол марксшылдыққа құр ғана иек сүйеп отырып, негізінде бұрынғы тар ұлтшылдықты қайта тереңдетіп, қайта қалыптап, қайта нығайтамын деген жол болатын. Мен оның негізгі бағытын қаталасып барып, көтере бағалаппын. Қазірде қазақ жазушыларының алдында тұрған төңкерістік міндеттерді түсіну жолында, мен ол «Алқаның» теріс ұлтшылдық бағытынан бойлап астым. Сондықтан бұдан былай онымен ешбір байланысым жоқ деп санаймын.

Тағы бір сөз, ауыр қатам деп санайтыным қазақ баспасөзінің жүзіндегі төңкерісшіл марксшілдің сынына құлақ салмауымда.

Дәлелсіз сыңаржақтықпен қарап, барлық сынды түгелімен ұйымсыз жазушыларға арналған жаулықтың ғана сыны деп санап жүрдім. Өз ісімнен ол сынның ролі де, мұраты да ортақшыл емес. Жазушыны әдебиет жүзінде соққыға жығудан басқа емес деп біржақты теріс баға беріп жүрдім, сонымен сынның негізді — ғылыми негізді төңкерісшіл басшы екенін ескермедім. Сынға осылайша теріс қараған көзқарасыммен соңғы жылдарға шейін келдім де, әдейі ұстанған көңіл құрылысы есебінде, жұртшылық алдында өзімнің қаталарым туралы да үндемей сөз көтермей келдім. Бұл да қатамның бірі еді.

Енді «Қазақстан правдасы» мен «Социалды Қазақстан» арқылы барлық Қазақстан жұртшылығының алдында өзімнің бұрынғы әдебисаяси істерімді осылайша айқын күйінде айыптайтынымды ашық жарияламақ боламын. Сонымен бірге, енді бұрынғы қаталарымды төңкеріс ісіне барымша бой салып ұдайы, адал қызметпен түзетуге бекінгенімді білдірмекпін. Енді мәдениет, салт-сана майданының ең жауапты, ең қызу тартысының кезеңдерінде іс істеуге өзімді өзім міндеттеймін деп санаймын.

Әуезұлы Мұхтар»

(Социалды Қазақстан. 1932. 10 маусым. Әуезов үйі ҒМО-ның қолжазба қоры. 676-п. 1—6 п.).

10 маусым. Мұхтар Әуезов те рухани ұстазы Әлихан Бөкейхановтың пікірін ұстануы. Ол өзінің 1932 жылғы 10 маусым күнгі «Социалды Қазақстанда» жарияланған «Ашық хатында»:

«Ол менің көп замандар бойында ұлтшыл-алашордашы негізінде төңкерістің жауы болған топтың салт-саналық бағытымен байланысты болып еді. Осы халмен тарихи нық байланысқан нәрсе — менің саясат пен әдебиеттегі ісімнің мазмұны мен қалпы — соңғылардың саяси бағытын бастады. Бастағанда, анықтағанда пролетар төңкерісінің тірегіне жау болған барынша қарсы бетке бастады» — деп «қателігін мойындады».

(Т Жұртбаев. Талқы. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. № 633-п.).

14 сентября. Выписка из приказа № 79 от 14 сентября 1932 года по казахскому скотоводческому институту.

§ 1

Ауэзова Мухтара с 1 сентября 1932 года считать зачисленным доцентом казахского и русского языков с персональной нагрузкой и окладом 675 рублей в месяц.

Директор Института — *подпись*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 495, л. 16).

...Бұрын шығармалары арқылы сырттай жақсы таныс Мұхаңды 1932 жылдан бері қарай көріп біліп араласа бастадым... Ең алғаш ҚазПИ-де Қазақтың Абай атындағы Мемлекеттік педагогика институтында оқып жүргенімде Мұхаң бізге Орта Азия халықтарының әдебиеті тарихынан лекция оқыды...

(Есмағамбет Ысмайылов. Биіктей бергің келеді // Біздің Мұхтар. Алматы. 1976. 317-б.).

15 ноября. Приказ № 104. 15/XI—32 г.

С сего числа я выбываю в служебную командировку в г. Москву, Ленинград, оставляю своим заместителем т. Ауэзова Мухтара, которому поручаю политическое руководство, разрешение принципиальных вопросов, организацию студии, представительство в директивных организациях и руководство коллективом.

Директор — *подпись.*

(ЦГА РК, ф. 1148, оп. 1, д. 5, св. 1, л. 18).

Ноябрь. ...Премьера спектакля «За Октябрь» М. О. Ауэзова. Режиссер Ж. Шанин, художник С. Столяров...

(Б. Кундакбаев. Путь театра. Алма-Ата, 1976. С. 252).

М. Әуезов театрдың әдеби бөлімін басқарады.

(Қапан Бадыров. Естен кетпес есімдер. Алматы: Өнер, 1981. 10-б.).

Ж. Шаниннің режиссерлығымен, суретшісі С. Столяров «Октябрь үшін» пьесасы қойылды.

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1975. 1-том. 356-б.).

...Преподавал в Зооветинституте г. Алматы...

(Из личного листка по учету кадров М. Ауэзова // Президентский архив РК, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 2 об.).

...С 1932 года по 1937 год работал зав. лит. частью Каздрамтеатра г. Алма-Ата.

С 1932 года по 1949 год профессор, преподаватель КазПИ...

(Личный листок по учету кадров // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 2).

Желтоқсан. ...Соның алдында ғана қатты дау-дамаймен талқыланған пьесаны сахнаға шығаруға театрдың дәл қазіргі құрамы дәрменсіздік танытты. 9 желтоқсан күнгі қойылымнан ғоң «Октябрь үшін» спектаклі сахнадан алынып тасталды...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. Т. Жұртбаев. Бесігіңді аяла. 638-б.).

...Мұхтар «қазақ ұлтшылдығы» үшін 1930 жылы сотқа жауапқа тартылып, 1932 жылы шартты түрде 3 жылға бас еркінен айрылды...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. Т. Жұртбаев. Бесігіңді аяла. 576-б.).

...Одним из первых преподавателей русского языка в институте был известный казахский писатель, академик Мухтар Омарханович Ауэзов.

Ауэзов М. работал в институте с 1932 года в течение нескольких лет и был освобожден от академической нагрузки в связи с выполнением большой научно-исследовательской работы (оказание помощи переводчикам в решении терминологической проблемы). В то время он имел звание доцента, им было издано более 14 научных работ...

(Труды Алма-Атинского Зооветинститута. Алма-Ата, 1967. Т 14. С. 79).

...И с 1932 года, решительно осудив свои идейные и творческие заблуждения, я начал работать по-новому, как советский писатель, драматург и прозаик, как исследователь истории казахской литературы, как педагог и лектор в казахских вузах...

(Мухтар Ауэзов. Абай, М., 1950. С. 5).

...Мұхаңды 1932 жылдан бері қарай көріп, біліп, араласа бастадым. Оқу, білім жолында әркімнің де ұстазы бар, бірақ Мұхаңдай жақын араласқан ұстаз досым сирек...

(Есмағамбет Ысмайылов. Биіктей бергің келеді // Біздің Мұхтар. 1976. 317-б).

...Университет и близкое знакомство с основами марксизма-ленинизма помогли мне во все эти годы (начиная с 1926—1927 гг.) преодолеть и освободиться от всех прежних националистических ошибок и в

1932 году, после ликвидации РАПП, я вступил в ряды советских писателей Казахстана...

(Президентский архив, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 11).

1933

...Мұхаңның «Еңлік — Кебегі» қойылды. Халық дегенің қарақұрым. Серуендеп жүргендердің, кассадағылардың да әңгімелері спектакльден гөрі авторға көбірек ауысуда.

Алдағы қатардағылар: «автор», автор»! деп айғайлаған еді, тобылғы торы адамды жетелеп Жұмат ағай шықты. «Мұхтарларыңыз міне, ағайын». Көрермендер дуылдаса ұзақ қол соқты. Мұхаң екі қолын көкірегіне қойған қалпы көрермен қауымға кемеңгер басын төмен иіп ізет білдірді. Сонан соң Рабиғаны қолынан сүйіп, Жағданы құшағына қаусырды.

Халық Мұхтарын, Мұхтар халқын соншама сыйлайтынын көрдім...

(Әбу Сәрсенбаев. Келешектің тұстасы // Жұлдыз. 1977. № 9. 159-бет.).

...Мұхаңмен 1932 жылы қазақ өнерінің қара шаңырағы — драма театрына әдеби көркемдік бөлімінің меңгерушісі болып келгенде таныстым.

Халық ағарту комиссариатының және театр дирекциясының ұйғарымымен Мұхаң, Ілекең (Жансүгіров) және маған қазіргі тақырыпқа пьеса жазу тапсырылды. Бұдан соң Алатаудың төскей бетіне ақ шаңқан үй тігілді. Бірде Мұхтар қалаға кетті. Сонда Ілияс бір әңгімелердің ретінде:

— Қана, байқайсың ба, мына Мұхтардың жалғыз өзі бір академия ғой. Өмір сұрағының жауабындай адам екен. Ай жарым уақытта асыл ойларының теңізіне шомылғандай әсер алдым. Мен өзі көп адамды мойындай қоймаған Ілияс едім...

(Қанабек Байсейітов. Ұмытылмас кездесулер // Жұлдыз. 1977 № 9. 174-бет.).

12 қаңтар. Орынбек, Мұхтар (Бекұлы, Әуезұлы). Қазақстан мемлекет театрының жеті жылдығы және алдағы міндеттері.

(Социалды Қазақстан. 1933. 12 январь; Әдебиет майданы. 1933. № 8.).

Қаңтар. «Общая тетрадь» деген дәптерінде қазақ, қырғыз ауыз әдебиетінен әр қилы ғылыми деректер жинаған.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 434 п., 3—9 п.).

Қаңтар. Полат Галиевтің «Өзбекстан тарихы» кітабынан өзбек, қазақ тілінде конспекті жасаған. Мысалы, «Өзбектердің кейін шығуы... Өзбек ханы Шайбаны Жошының баласы Бұған Жайықтан бастап Сырдарияға шейінгі жер берілген. Елі найман, қарлық, бүйрек, құсты дейді. Барлығы 15 мың үй».

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 454 п., 15—16 п.).

Батыс Европа халықтары фольклорлық шығармалары «Песнь о Роланде», «Песни о Нибелунгах» туралы мағлұматтар жинаған.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 454 п., 20—28 п.).

Я н в а р ь. Алма-Ата постр. 1854 г...

...В 1866 г. война с Кок. ханством считалась законченной — взять Чимкент сошлись два отряда.

1860 кокандцы разбиты при Узун-Агаче. В 1868 г. закончил перемирие с Бухар-эмиром, он уступил часть своих владений по верхнему теч. Зерафшана. 1933. Январь...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 454 п., 2 п.).

Қ а ң т а р. Өзі оқытқан пәннен 12 студенттен емтихан алған. Олардың ішінде жақсы баға алған Мәлік Ғабдуллин мен Есмағамбет Ысмайылов бар.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 454 п., 29 п.).

21 а қ п а н. ...Әрине, уақыт талабы, өнерге деген көзқарас өзгерді. Мұхтар да, Сәбит те «ет қызуымен» айтылған пікірлерінен қайтып, қателіктерін мойындады. Сәбит Абайдың қаралаушысынан насихаттаушысына, зерттеушісіне айналды. Мағжанды да, Мұхтарды да мойындады. Оған 1933 жылы 21 ақпанда Мұхтарға, 1934 жылы қарашаның екісі күні Мағжанға жазған хаттары дәлел. Екі хатта да Сәбит пікір таластыра отырып ойын ашық айтады...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. Т Жұртбаев Бесігіңді аяла. 627-б.).

26 м а р т а. Приказ № 56 по Казахскому государственному педагогическому институту от 26 марта 1933 г.

1

Во изменение предыдущих приказов за декабрь 32 г. и январь 33 г. на основании проведенной проверки фактической нагрузки преподавателей производить с 1 января с/г следующий расчет по зарплате профессорско-преподавательского состава.

62. Ауэзова М. доцента зачислить доцентом с нагрузкой 164 часа без вычета за совместительство.

Директор Казпединститута — *подпись*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 18, л. 26).

...Премьера спектакля «Енлик — Кебек» М. О. Ауэзова. Режиссер М. Г Насонов, художник К. Ходжиков...

(Б. Кундакбаев. Путь театра. Алма-Ата, 1976. С. 252).

М а м ы р. Қойын дәптерінің «Қалининнен Шақпаққа қарай» деген тақырыбында жазушының Жуалы, Түлкібас ауданына карасты «Қызыл

әскер», «Қызыл шығыс», «Дихан», «Ынтымақ» колхоздарын аралап, дерек-мағлұматтар жинау әрекеті айтылған.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 557 п., 50 п.).

М. Әуезов 1933 жылы «Карл Маркс» колхозына орналасқан көшпеншілер көктемде Жуалы ауданына (қазіргі Жуалы, Түлкібас ауданы) әңгіме, очерк жазу мақсатымен сапарға шыққан жолындағы қойын дәптеріне жазылған дерек мағлұматтар, осы шығармаларға пайдалану мақсатында жергілікті диалектілік ерекшелігі бар сөздер тобы терілген.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 557 п., 50—57 п.).

«Октябрь үшін». «За октябрь». 9 суретті драма. Алғашқы нұсқасы араб әрпінде хатқа түсіп түптелген, 1933 жылы «Қазақстан» баспасында жеке кітапша болып латын әрпінде басылған. 1—80 бет.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 130 п., 1—80 п.).

Мамыр. Қырғызстанда Әбдікәрім Садықов бастаған ұлттық қоғам қайраткерлерінің ең тандаулы 23 өкілдері тұтқынға алынды. Тарихшы В. Плоских 1931—1933 жж. Қырғызстанда Кеңес өкіметіне қарсы астыртын қимыл жасаған Социалдық Туран партиясының (СТП) ісі бойынша қуғынға ұшыраған адамдар қатарында, М. О. Әуезовтің есімін атайды. Тарихшының пайымдауынша, М. Әуезовтің бұл іске тартылуына оның «Манас» эпосын зерттеуі және қырғыздың басшы қызметкерлері мен әдебиетшілерімен жақсы қарым-қатынасы себеп болған. Автор СТП ісі бойынша жауапка тартылған адамдардың бірінің тергеу үстінде «М. Ауэзов одобрил идею, но от конкретного участия отказался» деген жауабын келтіреді. Сонымен қатар В. Плоских Қырғызстанның бұрынғы партия мұрағатының қорынан М. Әуезов, С. Сейфуллин, С. Аспандияровтардың қатысуымен дайындалған «Манас» жырының құрама нұсқасының (сводный вариант) және республиканың МХК мұрағатынан М. Әуезовтің эпос жөніндегі сөйлеген сөздерінің стенограммаларының табылғанын жазды.

З. Курманов, В. М. Плоских, С. Бегалиев, Ч. Ногайбаева, З. Ф. Сорокина, «Абдыкерим Сыдыков — национальный лидер». Бишкек, Қырғызстан, 1992. С. 40—52; В. М. Плоских. Манас не признал себя виновным.

(По материалам следственного дела № 5630. Бишкек, 1933. С. 67, 73.).

11 қыркүйек. БК(б)П Қазақ өлкелік комитетінің бірінші хатшысы Л. И. Мирзоянға тапсырылған «Қазақстандағы әдеби шығармашылық пен әдеби күштер туралы» құпия баяндау хатында Біріккен мемлекеттік саяси басқармасының (ОГПУ-дің), Қазақстандағы өкілетті өкілдігі М. Әуезовті буржуазияшыл-ұлтшыл жазушылардың қатарында атап, «Алашорданың бұрынғы жетекшісі»... Әуезов Мұхтар — толық әшкереленуден өз байланыстарының арқасында аса ептілікпен жалтарып жүрген, өзінің идеялық позицияларынан қайтпаған Алашорда көсемдерінің бірі. Оның 1932 жылдың көктеміндегі «Казправдадағы» мәлімдемесінен бастап, «Литературная газетаға» арнап жазған драматургия туралы мақаласына дейін — өз кателерін мойындауы жөніндегі

жазғандары өзінің контрреволюциялық жұмысының мәнін де, партия ішіндегі қызметін де ашып көрсетпейді.

Әуезов қазақ интеллигенциясының (негізінен алғанда жазушылардың) бүтін бір легінің көсемі мен идеологы болып келді...» І. Жансүгіров «Әуезов пен Ермековтың тапсыруымен жұмыс істеп жүрген алашордалық идеологтардың бірі... Сәтсіздік туа қалған жағдайда аман қалудың амалын істеп Жансүгіров өзінің алашордашыл еңбектерін баска әдебиетшілердің атынан жариялап жүр. Жансүгіровтың айқын контрреволюциялық ұлтшылдық бағыттағы екі шығармасы Әуезовтің қол қоюымен жарық көрді (1933 жылдың тамызында)... деп жазды. Ғ Мүсірепов «Әдеби мұраны игеру ісін алашордашылардан үйренуге кеңес береді: «Біз шеберлікке Абайдан, Мұхтардан, Мағжаннан және Омардан (Қарашев — *Ж. С.*) үйренуімізге болады» деген сөзі үшін жазғырылды.

Әдебиетшілер М. Жолдыбаев, О. Беков, Ж. Шанин және т. б. Әуезовке жақын адамдар ретінде айыпталды.

(ҚР ПМ., 141-қ., 1-т., 5817-іс, 1—17-п.).

М а у с ы м. ...Ардақты аға, әрі ұстаз болған Мұхаңды алғаш рет 1933 жылы июнь айының басында қазақ драма театрының директоры Орынбек Беков жолдастың кабинетінде көрдім. Мұхаң театрдың әдебирепертуар бөлімін басқарады екен. Мен оның татар әдебиетін терең білетіндігіне қайран қалдым...

(Латиф Хамиди. Ұмытылмас кездесулер // Жұлдыз. 1977 № 9. 179-б.).

Бірінші курс студенттеріне оқылатын дәріске Оңтүстік Қазақстан өлкесінің отарлануы мен сол тұстағы саяси-әлеуметтік жағдайлар туралы деректер жинаған.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 454-п., 2-б.).

Қазақ театрының алдында тұрған бірнеше проблемаларды атай келіп... жалғыз қазақ репертуары ғана емес, енді театрдың орыс репертуарына ауыса бастауы.

«Қорқынышпен» қатар тағы бір ұлы табысы деп танылған «Астық» пьесасы біздің актерлерге екінші бір үлкен сын» — деді.

(Социалды Қазақстан. 1933. 12 январь.).

13 с е н т я б р я. Протокол № 2 кафедры литературы от 13 сентября 1933 года.

П р и с у т с т в о в а л и: т.т. Джолдубаев, Сильченко, Ауэзов, Каратаев, Шалабаев

С л у ш а л и: 1. Предварительные заявки научных работников на исследовательские темы.

П о с т а н о в и л и: 1. Закрепить за работниками следующие темы: а) Каз. литература XIX в. (к вопросу о построении курса), а также и раскрытие социологии творчества отдельных авторов (Шангирей, Алтынсарин, Абай). Выполняют т. Ауэзов, Джолдубаев...

Председатель — *подпись (Джолдубаев)*
Секретарь — *подпись (М. Сильченко)*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 18, л. 1).

15 сентября. Протокол № 1 заседания кафедры литературы, состоявшегося 3 сентября 1933 года.

Слушали: 1. О распределении учебных дисциплин на 1933/34 год.

Постановили: 1. Поручить ведение дисциплин следующее:

I курс. Казахская группа.

3) Литература народов Советского Востока — т. Ауэзов 80 ч.

II курс. Казахская группа.

7) Литература народов Советского Востока — т. Ауэзов 60 ч.

III курс. (Казах. лит. отд.)

6) Литература народов Советского Востока — т. Ауэзов 60 ч.

Слушали: II. О составе и штатности работников кафедры.

Постановили: Просить дирекцию утвердить следующий состав работников:

5) т. Ауэзов (по часам доцент)

Литература народов Советского Востока.		
—»—	I курс каз.гр. 80 ч.	
—»—	II курс	— 60 ч.
	III курс	
	Всего: 140 ч.	

III. О порядке расстановки курсов

I семестр — Киргизская литература. т. Ауэзов.

Остальные его курсы на II семестр (Позаботиться о приобр. материалов по узбекской, татарской литературам).

Вр. Зав. кафедрой — *подпись (Джолдубаев)*

Секретарь — *подпись (М. Сильченко)*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 18, л. 18).

Мұхтар Әуезовтің «Мемлекеттік театрдың алдағы міндеттері» деген мақаласы.

(Әдебиет майданы. 1933. № 2. 69—71-б.).

3 октября. Выписка из приказа № 145 от 3 октября 1933 года по казахскому зооветеринарному институту.

§ 8

Ауэзов М. доцент с 1 сентября сего года освобождается от академической нагрузки с целью представления возможности помочь переводчикам и уделить больше времени работе по терминологии.

Основание: отношение зав. кафедрой и резолюцией проф. Лукина.

Директор Института *подпись*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 495, л. 16).

Декабрь. ...Премьера спектакля «Мстислав Удалой» Б. Прута (перевод М. О. Ауэзова и О. Бекова). Режиссер М. Г Насонов, художник К. Ходжиков... (*Кундакбаев Б.* История казахского театра (на каз. яз.). 1975. С. 356).

20 қ а р а ш а. Әуезовтің «Жуалы колхозшысы» очеркі «Социалды Қазақстан» газетінің 1933 жылғы 20 қарашасындағы санында жарық көрді.

(Социалды Қазақстан. 1933. 20 қараша.).

30 қ а р а ш а. М. Әуезовтің «Сөз алған тау сағыз бен көк сағыз» очеркі «Социалды Қазақстан» газетінде 1933 жылы 30 қарашада жарық көрді.

(Социалды Қазақстан. 1933. 30 қараша.).

...Отношение Ауэзова-драматурга к музыке было всегда глубоко профессиональным и творческим. В бытность свою заведующим литературной частью Казахского драматического театра в 1933 году он стал инициатором создания первого театрального оркестра. В его составе было всего лишь десять человек, да и тех мы с трудом разыскали в Алма-Ате. Оркестр исполнял музыку, написанную по заказу Ауэзова композитором Дмитрием Дмитриевичем Мацуциным к спектаклю «Енлик—Кебек». С этим оркестром выступали Куляш и Канабек Байсеитовы, Амре Кашаубаев...

(Гринкевич Н. Строки, имена и судьбы. Алма-Ата, 1988. С. 143).

М. Әуезов. «Еңлік—Кебек». Режиссері М. Г Насонов. Суретшісі Қ. Ходжиков.

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым. 1975. 1-т., 356-б.).

«Тартыс» (8 суретті, эпилогты пьеса) араб әрпімен жазылған түпнұсқасы.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 130-п., 82—139-б.).

«Октябрь үшін» (9 суретті, 4 перделі) пьесасы 1933 жылы «Қазақстан» баспасында жеке кітап ретінде жарияланды. Кітаптың шекесінде: «Қазақстан мемлекет театрының жазушылар бригадасы: Орымбек Бекұлы, Ілияс Жансүгірұлы, Қалыбек Бейсекұлы, Жақия Мұсатайұлының жәрдемімен жазушы — Әуезұлы Мұхтар» — деп жазылған ескерту бар.

«Әдебиеттен оқу кітабы» (VI класс үшін) оқулығының авторы ретінде Бұқар жырау, Нысанбай, Махамбет (5—13-б.); Шортанбай (22—25 бет); Мұрат, Абай, Әубәкір, Шәңгерей (28—108-б.) бөлімдерін жазған.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 379-п., 5—108-бб.).

...Мною также были собраны все литературное наследие и биографические материалы Абая, результатом чего явилось издание первого полного собрания сочинений поэта в 1933 г...

(Личное дело Ауэзова // НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 4).

...Нагрузка членов кафедры литературы.
62. Ауэзов М. доцент, год. напр. 164...

Директор Казпединститута *подпись*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 18, л. 21.)

План работы кафедры литературы на 1933/34 уч. год.

IV. Научно-исследовательская работа (в течение всего года)

1. Разработка курса истории казахской литературы и исследование творчества отдельных писателей. — Все члены кафедры, Ауэзов, Джолдубаев.

Председатель — *подпись (Джолдубаев)*
Секретарь — *подпись (М. Сильченко)*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 18, л. 2).

...Әлібек (Қоңыратбаев), Жолдыбаев Молдағали, Әуезов Мұхтарлармен бірігіп оқулық жазып жүргендерін баяндай бастады.

— Молдакең жалқаулау, Мұхаң жан-тәнін салып істейді екен!..

— Әуезов менмендеу болу керек, — дедім.

Әлібек күліп жіберді. Мен ойымды жалғастыра бердім.

— Ол бізді іштей ұнатпайтын адам ғой... ұнатпаған соң белгілі емес пе... — деймін.

Мен Әуезов пен Ермековтің бұдан бір жыл бұрын жазған ашық хатын оқығанмын, қазірде сол хат есімде. Ол мені жек көретін сияқты, өйткені соңғы жылдарда менің Нәзірге, Ысмағұлға қарсы жазған мақалаларымда Әуезов туралы ауыр-ауыр сөздер айтылған.

Арада қанша уақыт өткені, дәл есімде жоқ. Көп ұзамай-ақ мен Әуезовпен бірінші рет оның өз үйінде кездестім.

— Сені көргісі келеді, демалыс күнін бірге өткізейік деп отыр, — деп Әлібек мені ерікке қоймай сүйрей жөнелген.

— Бәрекелде, келіп қалдыңдар ма?— деп қарсы алды Мұхаң бізді. Ет-жеңді жылы қолымен амандасқаны үйреншікті сыр мінез адамның амандасқанымен бірдей.

— Валя, Әбділда деген досымыз осы жігіт болады, — деп мені жаңа ғана толықсып келе жатқан жеңгемізбен таныстырды.

Қою бұйра шашы жаңа түсе бастаған Мұхаң кең маңдайлы, дөңгелек жүзді қоңыр кісі екен. Бала сияқты күліп сөйлегенде екі беті әнтек шұқырланып, екі көзі жылылық төгеді. Үні қандай жұмсақ, сол даусына лайық жұмсақ жағымды сөздерді әдейі таңдап алып айтатын тәрізді.

Мұқаң сол жылы отыз жетіде ғана. Бірақ ол маған ғасырлар бойы жасап келе жатқан, бірақ өмірі қартаймайтын адам тәрізді...

(Әбділда Тәжібаев. Жылдар, ойлар. 1976. 60-б.).

1934

1 января. Приказ № 1. Казгосдрамтеатр. Объявляется штат работников по состоянию на январь 1934 г.

2. Ауэзов М...

(ЦГА РК, ф. 1148, оп. 1, д. 6, св. 1, л. 1).

10 қаңтар. Әуезұлы М. Мемлекет театрында «Астық» пьесасы. Қазақ театрының Киршонның «Астық» пьесасын қоюы туралы. М. Әуезұлының мақаласы.

(Қазақ әдебиеті. 1934. 10 январь.).

2 апреля. Протокол совещания зав. секторами КНИИНК от 2 апреля 1934 г. Присутствовали: т. т. Джантлеуов, Баталов, Толыбеков Асфендияров, Ауэзов, Джубанов, Ходжиков, Кулакова. Повестка дня: 1. О материальной базе института. 2. Информация «комиссии Абая».

2. Информация «комиссии Абая»:

1) включить в план сборника об Абае статью «Абай и казахский литературный язык»; 2) представителями по заключению договора с ОГИЗом назначить т. т. Ауэзова и Джубанова; 3) зав. театрально-музыкально-хореографического сектора назначить т. Ауэзова М...

(Архив АН РК, ф. 1, оп. 1, д. 123, св. 9, л. 1).

10 апреля. Приказ № 40 по Казпединституту от 10 апреля 1934 г.

1

Всем профессорам и доцентам КазПИ устанавливается особая оплата стоимости лекции, согласно нижеприведенному перечню. Бухгалтерии произвести перерасчет, согласно сего приказа.

...по социально-экономическому отделению

15. Ауэзов — доцент, годовая нагрузка — 140, подлежит оплате как лекционные — 35 часов.

Директор — *подпись (Балхашев)*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 19, л. 188).

5 мамыр. М. Әуезовтің «Тартыс» пьесасы «Социалистік Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 5 мамырдағы санында жарық көрді.

(Социалистік Қазақстан. 1934. 5 мамыр).

5 июня Приказ № 71 по Казпединституту от 5. VI. 1934 г.

...Ауэзов. Получив отпуск и не вернувшись в срок, в результате чего сделал 6 часов пропуска, предлагаю учебн. части компенсировать.

Данный приказ проработать на группах.

Директор *(Алманов)*
Секретарь *(Василенко)*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 19, л. 324).

5 июня. Приказ № 78 по Казпединституту от 5 июня 1934 г.

6

Ниже объявляю состав комиссии зачетной переводной сессии с 18 — 29 июня..

6 маусым. Жазушы С. Мұкановтың мәдениет қызметкерлерінің алдында сөйлеген сөзінде «Көркем әдебиет және оның кадры» М. Әуезовтің драматургия жолындағы еңбегін республика басшылары Мирзоян, О. Исаевтың жоғары бағалауын келтіре отырып: «Тартыс», «Октябрь үшін», «Түнгі сарын» тағы басқа бірнеше кеңес темасына жазған әңгімелерінен кейін Мұхтарға күдіктенуге болмайды» — деген.

(Социалды Қазақстан. 1934. 6 июнь.).

9 маусым. М. Әуезовтің «Қарғалы совхозында өткізген түн» очеркі «Социалды Қазақстан» газетінің, 1934 жылғы 9 маусымдағы санына шықты.

12—18 маусым. ...Алматы қаласында Қазақстан жазушыларының I съезі өтті. С. Сейфуллин кіріспе сөзбен ашты. Съезд І. Жансүгіровтің «Қазақ кеңес әдебиетінің бүгінгі күйі, келешектегі міндеттері», М. Әуезовтің «Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері», О. Бековтың «Қазақ театры мен драматургиясының өсу белеңдері», С. Мұқановтың «Қазақ поэзиясының халі және келешектегі міндеттері туралы» баяндамаларын талқылады...

(Қазақстан Жазушылар Одағына 60 жыл. Алматы. 1994. 6-б.).

12—18 маусым. Әуезұлы Мұхтар. Драматургияның бүгінгі жәйі мен алдағы міндеттері (Баяндамадан үзінді).

Менің баяндамама кіретін мәселелердің бірқатарын Орымбек айтып кетті. Сондықтан кейбір жайларды қорытып, баяндаманы бұрын белгіленген көлемнен кішірейте, тұжыра сөйлеймін.

Ең әуелі, бүгінгі төңкерісшіл драматургияға қойылатын шарттан бастайын. Жаңа үлгідегі социалдық реализм драматургиясының жаңаша, саяси-таптық мағынасы оның: 1) тақырыбынан, 2) драмалық түйінінен, 3) тұлғасынан (образынан), 4) сюжетінен (әңгіме өнерінен) көрінетін болады.

Тақырып — байшыл жазушының түсінігіндегі тақырып емес. Мұнда жазушының тақырыпқа қараған өз көзқарасы, таптық — айқын көзқарас болып, байшыл жазушыныкінен көрі ашық айтылған болсын. Таптық тұрғысы айқын боп тұрсын.

(Қазақ әдебиеті. 1934. 23 шілде).

20 июня. ...1 к. литер. к/г Литература народов СССР. Пред. Ауэзов. Сейфуллин, Сильченко...

21 июня ...1 к. Историч. История каз. литературы. Пред. Сейфуллин, Ауэзов, Асфендияров.

26 июня. ...2 к. Литерат. Мировая литература. Пред. Сильченко, Ауэзов.

Директор — *подпись (Алманов)*
Секретарь — *подпись (Василенко)*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 19, л. 125—127).

29 июня. Протокол совещания художников г. Алма-Ата.

Присутствовали: т. т. Баталов, Пономарев, Болкоев, Риттих, Исмаилов, Гербановский, Ходышков, Ненашев, Столяров, Қастеев, Тимофеев, Равидченко, Гребенщиков и др.

Повестка дня: О проведении конкурса на лучшее изображение Абая.

Постановили: Принять предложение т. Баталова о проведении конкурса в ближайшее время. Утвердить жюри в составе т. т. Ауэзова, Мусрепова, Баталова, Толыбекова, Савельева, Асфендиярова, Дворжа-

ка. Предложить жюри не позднее 7—8 июля приступить к работе по оценке портретов...

(Архив АН РК, ф. 1, оп. 1, д. 123, св. 9, л. 2).

Маусым. Жазушы пьесасына арналып жазылған «Хан Кене туралы» деген редакциялық сын мақала жарияланды.

(Әдебиет майданы. 1934. № 6. 83—85-б.).

Маусым. М. Қаратайұлының «Мұхтардың — «Тарғыны» және кейбір мәселелер» деп аталатын сын мақаласы жарияланды.

(Әдебиет майданы. 1934. № 6. 63—75-б.).

7 маусым. Әуезұлы М. Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері» (I съездегі қосымша баяндама).

(Қазақ әдебиеті. 1934. 7 июль).

7 июля. Стенограмма заседания, посвященного обсуждению вопросов предстоящего юбилея творчества поэта Абая. Председатель т. Баталов.

Баталов. Мы, конечно, просим всех компетентных в данном вопросе товарищей принять участие в сегодняшнем обмене мнений. Основной доклад делает т. С. Муканов, в прениях выступают: т. т. Жубанов, Мусрепов, Ауэзов, Аспендияров и др. товарищи. Разрешите приступить. Слово для доклада предоставляется т. Сабиту Муканову. Предлагается избрать президиум в составе т. т. Баталова, Мусрепова и Асфендиярова...

(Архив АН РК, ф. 1, д. 112, св. 9, л. 1, 3).

Маусым. ...1934 жылдың июнь айында Қазақстан совет жазушыларының бірінші съезі өтті. «Драматургияның бүгінгі жайы мен алдағы міндеттері туралы» Әуезов Мұхтар баяндама оқыды.

Әрине, мен барлық съездер, пленумдар туралы естелік жазбақшы емеспін. Бірақ қатарымызға жаңа ғана қосылған Мұхтар Әуезов үшін тұңғыш съезіміздің айрықша мәнді болғанын, сол съезд үстінде Мұхаңның Сәкен, Сәбит, Ілияс, Бейімбеттермен де табысып-қабысып кеткенін айта кетуім керек...

(Әбділда Тәжібаев. Жылдар, ойлар, А., 1976. 69—70-б.).

...Мұхтар Әуезов ол кезде республикалық қазақ драмасында істейтін, оның әдеби бөлімін басқаратын Мұхаң мені театр коллективімен де таныстырды...

Мұхаң арқылы, Мұхаң мен Валентина Николаевнаның дастарқаны арқылы өте жақын болып, бауырласып кеткен артист ағаларым Қалибек, Серке, Елубай, Құрманбектер болатын. Мұхаң бұларды жақсы көрсе, олар Мұхаңды да керемет жақсы көреді екен. Кейінірек Күләш пен Шәкен, Қамалдармен де осында таныстым.

(Әбділда Тәжібаев. Жылдар, ойлар. А., 1976. 70—71-б.).

12—18 маусым. Қазақстан жазушыларының тұңғыш съезі 1934 жылдың 12—18 июнь айында өткені тарихтан белгілі.

Менің қолымда съезд бітісімен сол 1934 жылы басылып шыққан «Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезі» атты кітап бар. Съездің толық есебі — мәліметі болып шыққан бұл жинақта — съезде баяндама жасаған белгілі жазушылардың, жарыссөзде сөйлеген әдебиетшілердің, сыншылардың сөздері, құттықтаулар, Қазақстан совет жазушылар одағының басшылығының құрамы жарияланған.

Мұхтар Әуезов драматургия жайындағы баяндамасында сол тұстағы драмалық шығармалардың жетістіктерін сүйсіне түгендеп шықты. Бейімбеттің «Майдан», «Талтаңбай», Ілиястың «Кек» атты пьесаларын ерекше бағалады. Кейбір пьесалардағы реализм желісіне жатпайтын жайларды сынап та өтті.

Кемеңгер Мұқаңның жиналғандарға аса бір ілтифатпен ұнаған сөзі — өзінің өткендегі бір қиғаш соқпақтары жайындағы сөзі болды.

Қазіргі жас ақын-жазушыларымызға, әдебиетшілерімізге мәлім болсын — сол съезд жазушылар ұйымының басшылығына сайланғандар Ілияс Жансүгіров, Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлин, Сәбит Мұқанов, Иван Шухов, Ғабит Мүсірепов, М. Баталов, Ғаббас Тоғжанов, Кандидаттары: Әбділда Тәжібаев, Мұхтар Әуезов, Асқар Тоқмағамбетов.

(Қалижан Бекхожин. Тұңғыш съезд. Лебіздер // Қазақ әдебиеті. 1984, 5 окт.).

10 шілде. Тағы да «Хан Кене туралы» (қазақ драматургиясындағы пролетариат интернационалдығы үшін күресеміз) деген редакциялық мақала.

(Социалды Қазақстан. 1934. 10 июль).

5 августа. Фотокопия свидетельства: Свидетельство. Выдано настоящее свидетельство гражданину Ауэзову Мухтару Омархановичу, родившемуся в бывш. Семипалатинской губ. в 1897 г. в том, что, поступив в 1923 году в Ленинградский государственный Университет, он окончил в 1928 г. курс факультета общественных наук по литературно-лингвистическому отделению, специальности редакционно-издательской, и что им были сданы экзамены по нижеследующим курсам и выполнены практические занятия по следующим дисциплинам:

А. Теоретические курсы

Введение в языковедение, история русской лит. древн. и XVIII в., история России XIX и XX в., история русской литературы XX в., введение в этнографию, история Запада, теория литературы, русский литературный язык, методология литературы, древне-болгарский язык, полиграфическое дело, редакционно-издательское дело, теория трудовой школы, история греческой лит-ры, история римской литературы, история новой русской лит-ры втор. полов. XIX в., история Зап.-Европейской лит-ры, немецкий язык, история русского яз.

Политические предметы: Общее учение о государстве и конституция СССР, политическая экономика, история Р. К. П., ленинизм,

Военные предметы: тактика, уставы.

В Практические занятия.

Семинарий русской литер. первой половины XIX в., Семинарий по новой русской литер. второй полов. XIX в., Семинарий по русской литературе XX в., Семинарий по эконом. географии, Семинарий по методолог. лит-ры, Семинарий по теории драмы, Семинарий по лингвистич. толкованию Пушкина, Семинарий «Пушкин и его время».

Настоящее свидетельство удостоверяется подписями и приложением печати.

Директор — *подпись (Березин)*
Завед. учебной частью — *подпись (Э. Айрепетьян)*
Серкетарь — *подпись*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 610, л. 62).

23 шілде. Жазушылар жиналысының күнделігінен.

Қазақстан Кеңес жазушылар съезі жазушыларымыздың творчестволық жұмысын күшейтуге үлкен ұмтылыс туғызды. Жазушылар дәуіріміздің ерлік тақырыптарын жазуға сапалы көркем шығарма беруді қолға алды. Социалды құрылыстың кең салаларында адам айтқысыз техниканың жаңа түрлерін ондағы жаңа адамдарды, ондағы социалдық реализм образдарын жеке танысып оқып, үйреніп, үлгі алу мақсатымен жазушыларға одақтық, өлкелік творчество командировкасы берілді.

Жансүгіруұлы, Майлыұлы, Мұқанұлы, Жарокұлы, Ансаруұлы, Тәжібайұлы, Зәкіруұлы жолдастар Одақтық мандай алды орындар Мәскеу, Ленинград, Донбас, Днепрострой, Урал өндірістерін араламақ.

Бұл жерлерді аралауға Мұқанұлы, Жансүгіруұлы жолдастар жүріп кетті. Тез күн ішінде Майлыұлы, Жарокұлы, Әуезұлы жолдастар жүреді.

(Қазақ әдебиеті. 1934. № 17. 23 июль).

Тамыз. «...Мұхтар Омарханұлының өзіне жолықтым. Август 1934 жыл. Невский проспектінің орта тұсында комедия театры бар... — Бала, қазақпысың, мұңғылмысың, — деді әлгі кісі кідіріп. Бекер төңіректемеппін. Бейтанысым Мұхтар Омарханұлы Әуезов болып шықты... Театрдан кейін көшеде бірсыпыра жүрдік. Мұхтар Омарханұлы біраздан бері Ленинградта қайнында демалып жатыр екен. Жаңа ғана көрген комедияны әңгімеледік...»

(Темірғали Нұртазин // Біздің Мұхтар. Алматы. 1978. 286-б.).

20 сентября. Приказ № 149 по Казахскому государственному педагогическому институту от 20 сентября 1934 года.

На основании распоряжения Наркомпроса РСФСР от 2-го сентября с. г. за № 83/87/26 об оплате труда профессорско-преподавательского персонала установить по Казпединституту на 1934—1935 учебный год следующие нагрузки.

37 Ауэзов — доцент. Лекционных — 80×16 р. 87 к.; групповых — 80×11 р. 25 к.

Директор *(Сакаев)*
Завуч *(Сильченко)*
Секретарь *(Шухов)*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 19, л. 418).

10 октября. Приказ № 101 по Казгосдрамтеатру

§ 1. Согласно просьбе т. Ауэзова для заканчивания пьесы продлить ему очередной отпуск до 10/X—34 г.

Директор *(Беков)*.

(ЦГА РК, ф. 1148, оп. 1, д. 6, св. 1, л. 27).

15 октября. Протокол заседания комиссии по проведению юбилея Абая 15 октября.

Присутствовали: т.т. Асфендияров, Аманжолов, Кенесбаев, Ауэзов, Жубанов, Жаманкулов, Шашкин, Исмаилов, Куланова.

Повестка дня: План проведения юбилея Абая.

Слушали: О проведении юбилея Абая — т. Асфендияров (зачитал план).

Постановили: 1. План проведения юбилея Абая в основном утвердить. Поставить на юбилейном вечере 3 доклада на темы:

1) Абай как художник и мыслитель — докладчик Кабулов (3 часа)

2) Литературное окружение Абая — докладчик Ауэзов (40 мин)

3) О музыкальном творчестве Абая — докладчик Жубанов (20 мин)

4) Издать сборник научно-практических статей на казахском и русском языках, куда должны войти следующие статьи: а) Абай и его эпоха — Лекеров, б) Абай как художник и мыслитель — Кабулов, в) Поэзия Абая — Жансугуров, г) Литературный язык Абая — Аманжолов, Жубанов, д) Абай и современность — Сейфуллин, е) Абай и его школа — Ауэзов, ж) Музыкальное творчество Абая — Жубанов, з) Абай и русские классики — Муканов, Токжанов, и) Переработанная стенограмма дискуссии по вопросу о личности и творчеству Абая, к) Библиографический материал.

Председатель *(Асфендияров)*
Секретарь *(Куланова)*

(Архив АН РК, ф.1, оп. 1, д. 123, св. 9, л. 4, 5).

29 казан. ...Қаламгерлердің құрылтайы қақындағы «Социалды Қазақстанның» 1934 жылғы 29 казандағы «үзінділерінде» (интервьюнде — Т. Ж.) тұңғыш рет болашақ «Абай жолы» эпопеясын жазуды қолға алғандығын емеурін ретінде білдіреді...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. Т Жұртбаев «Бесігіңді аяла». 719-б.).

План работы литературного раздела сектора языка и литературы Казахского института Национальной Культуры на 1934 год.

1. Литература.

а. Научно-исследовательская работа.

1. Тема: История казахской литературы как наука.

Работа выполняется бригадой в составе т. т.: Джолдубаев, Ерубаев, Ауэзов, Каратаев, Есенжаев, Джансугуров, Сильченко.

Руководители: т. т. Кабулов и Баталов.

3. Тема: К истории казахской критики.

Руководитель тов. Кабулов.

Исполнители: Джулдубаев, Мусрепов, Ауэзов, Баталов, Сильченко.

5. Тема: Алаш-Ордынская буржуазно-националистическая литература.

Исполнители: Ауэзов, Есенжанов, Шалабаев, Баталов.

7. Тема: Абай как философ-моралист.

Руководитель: Таганский, исполнители: Қабулов, Ауэзов, Қаратаев, Ерубаев...

(Архив АН РК, ф. 1, оп. 1, д. 124, св. 9, л. 1).

7 қараша. М. Әуезовтің «Үш күн» атты әңгімесі «Социалды Қазақстан» газетінің 1934 жылғы 7 қарашасында жарық көрді.

19 ноября. Личная карточка члена ССП СССР.

...16. Время вступления в ССП и № членского билета — 19/XI—1934 г. № членской книжки 170.

(ЦГА РК, ф. 1778, оп. 3, д. 42, л. 6, об. 1953 г. 10 февраля).

...С X—1934 г. читал лекции в Казахском пединституте г. Алма-Аты...

(Из личного листка по учету кадров М. О. Ауэзова // Архив Президента РК. ИМЛ, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 2 об.).

«Көксерек туралы» деген тақырыпта жазушының «Көксерек» әңгімесіне арналған сын пікір жарық көрді.

(Әдебиет майданы. 1934. № 6. 87—89-б.).

Алғаш рет театр жанынан көркемдік совет құрылып, оны Әуезов басқарды.

(Қ. Бадыров // Естен кетпес есімдер. Алматы: Өнер, 1981. 20-б.).

М. Әуезов Қазақстан Жазушылар одағының бірінші съезінде сөйлеген сөзінде ұлттық драматургиямыздың келелі мәселелерін талдай келіп, «бүгінгі... драмалық ірі серпіннің басы — «Майдан» — деді.

(Қазақстан кеңес жазушыларының тұңғыш съезі. Алматы. 1934. 18-б.).

...М. Ауэзов — член Союза писателей с 1934 года...

(Архив Президента РК, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 21).

...С 1934 г. член Правления Союза писателей Казахстана.

(Из личного листка по учету кадров М. Ауэзова // Архив Президента РК, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 3).

КазФАНСССР Институт нац. культуры. Постановление КазЦИКа об увековечении памяти казахского поэта Абая Кунанбаева.

В целях увековечения памяти великого казахского поэта Абая Кунанбаева:

1. Установить в г. Алма-Ате монументальный памятник Абаю, для чего организовать комиссию в составе: Мендешев (председатель), Жургенов, Аманжолов, Мусрепов, Ауэзов, Аничкин.

2. Поручить комиссии выработать план и смету постановки памятника Абаю. Провести Всесоюзный конкурс на проект памятника.

(Архив АН РК, ф. 1, д. 122, л. 1).

...1934 жылы пьесаның премьерасы қойылды да, репертуардан алынып қалды. Өйткені, пьеса саяси мазмұны жағынан қате, совет жұртшылығына керексіз болды. Сол кезде менің пьесам туралы да, Кенесарының өзі жөнінде де дұрыс пікір айтқан Мүсірепов жолдас болды. С. Сейфуллин мен І. Жансүгіровтің есімі ол кезде аталмайтын. Сондықтан да М. Әуезов олардың атын бұл арада атамай отыр. (— Т. Ж.). Ол қазақ еңбекшілерінің патша өкіметіне қарсы күресін Кенесары қозғалысынан емес, 1916 жылғы оқиғалардан іздеу керек дегенді айтты, ал Кенесары халықтың қас жауы, керітартпа хан деп атады. Осыдан кейін бұл пьесаға қайтып оралған жоқпын», — деп түсінік берумен шектелді.

(Т Жұртбаев. Талқы. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 633 п., 70-б.).

Протокол заседания комиссии по проверке художественного состава Казгостеатра. Присутствовали: М. Ауэзов (поставил свою подпись)...

Повестка дня: 1. Прослушивание текста либретто оперы «Амангельды» Г. Мусрепова и Н. Баймухамедова (на казахском языке — оригинал и подстрочный перевод на русском языке).

После читки выступили следующие товарищи:

Тов. АУЭЗОВ. Тема Амангелды — большая тема. Эту тему охватить в оперном либретто еще труднее. Такой показ Амангельды возможно удачен.

Кейке, наоборот, тип очень характерный, но его смерть приходит рано. Нужно было оставить его до конца оперы как более интересного типа.

Председатель художественного совета
Управления по делам искусств
при СНК КазССР *(С. Толыбеков)*
Секретарь *(Баймухамедов)*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 185, л. 112).

25 августа. Приказ № 102 по Объединенному Казахскому Академическому и Русскому театру драмы, гор. Алма-Ата, от 25/VII—1942 года.

Режиссерам: т. Токпанову с сего числа приступить к восстановлению спектаклей: «Сын Сагатта» М. Ауэзова (и др.).

Директор театра *(Капламбеков)*

(ЦГА РК, ф. 1150, оп. 1, д. 11, л. 122).

29 августа. Приказ № 103 по объединенному Казахскому Академич. и Русскому театру драмы, гор. Алма-Ата, от 29/VII—1942 г.

I

В связи с открытием 12 сентября зимнего сезона Казахского театра драмы гл. художнику т. Чарномскому и зав. пост. частью т. Сагандаку обеспечить не позднее 9/IX окончание ремонта оформления спектаклей: «Сын Сагатта» М. Ауэзова (и др.).

Директор театра *(Капламбеков)*

(ЦГА РК, ф. 1150, оп. 1, д. 11, л. 123).

31 тамыз. «Бейсенбайға. Кітаптың дүниеге шығуына еткен еңбегің мен достық інілік көңілінді айрықша сүйсініп бағалаған жүрекпен сыйлаймын». Мұхтар.

(Б. Кенжебаевқа кітап сыйлағанда жазған сөзі).

(Б. Кенжебаев. Жылдар жемісі // Жазушы, 1984. 120-б.).

31 тамыз. «Намыс гвардиясы» — Ұлы Отан соғысы тақырыбы, Панфилов туралы латын әрпінде жазылған пьесаның автографы.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. № 106. 1—3-б.).

31 тамыз. ...1941 жылы май айында мен Алматыға ауысып келіп, қазақтың мемлекеттік біріккен баспасының бас редакторы болып тағайындалдым. Келесі 1942 жылы июль айында «Абай» баспадан шықты. «Абай» баспадан шыққан күні ол жөнінде Қуандық Шаңғытбаев екеуміздің мақаламыз да жарық көрді. (Соц. Қазақстан. 26 июль, 1942 жыл.).

«Абай» романын шығаруға менің де біраз еңбек сіңіргенімді Мұхаң байқап, маған өз кітабының бетіне мынадай сөздер жазып сыйлады: Бейсенбайға! Кітаптың дүниеге шығуына еткен еңбегің мен достық, інілік көңілінді айрықша сүйсініп бағалаған жүрекпен сыйлаймын. Мұхтар.

(Б. Кенжебаев. Ақылгөй ағамыз //«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. п. 533.).

9 сентября. Протокол № 5 совещания Института Истории, языка и литературы Каз ФАН с участием профессоров и преподавателей Юридического Института от 9 сентября 1942 года.

Присутствуют: акад. Мещанинов, Сауранбаев, член-корр. Укр. АН проф. Юшков, проф. Фукс, проф. Шац, Маргулан, Кенжебаев, Исмаилов, Жиенбаев.

Повестка дня:

1. Вопрос о рецензировании учебника по истории Казахстана.
2. Об утверждении состава группы по изучению государства и права Казахстана...

Главные рецензенты: Ауэзов — главы I—XVI

Председатель совещания *(Н. Сауранбаев)*
Секретарь *(Х. Маргулан)*

(Архив РК ССР, ф. 8, оп. 1, д. 13, л. 14, с. 1.).

17 сентября. ЦК КП(б)К Т. Бузырбаеву. ...Мухтар Ауэзов после начала войны в бригаде писателей съездил в Караганду и Балхаш... Тов. Ауэзов по заданию ЦК раньше срока написал новую пьесу об участии казахского народа в Великой Отечественной войне, которая принята казахским академическим театром «Намыс гвардиясы», («Гвардия чести»)...

(ЦГА РК, ф. 1778, оп. 1, д. 99, св. 11, л. 278).

22 сентября. Приказ № 230 по Управлению по делам искусств при СНК КазССР, гор. Алма-Ата, от 22 сентября 1942 года.

Для постоянного консультирования авторам т. т. Г Мусрепову, Н. Баймухамедову и Е. Г Брусиловскому по созданию ими оперы «Амангелды», создать комиссию под моим председательством в составе членов — т. т.:

...Ауэзова М. — писателя...

Начальник Управления по делам
искусств при СНК КазССР *(С. Толыбеков)*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 182, л. 261).

27 қыркүйек. М. Әуезовтің «Намыс гвардиясы» үш перделі қаһармандық драма.

(Соц. Қазақстан.).

28 қыркүйек. «Почтовая карточкаға» жазылған хат.

...Қадірлі Мұха!

Аман-сау боларсыз. Мен де аман саумын. Осынша жүріп қалған жай бар. «Абайды» өзім оқып шыққаннан кейін, жолдастарға беріп оқытып жатырмын. Жұрттың бәрі де романды зор табыс деп қуанышпен қарсы алды. Роман жайында «Социалистік Қазақстан» үшін біз ұйымдастырып жіберсек қайтеді деген ойымыз бар... Шамасы жолдастардың пікірін жаздырып өзіңізге жібереміз-ау деймін.

Біз жаңа адрес алдық. Ол хаттың сыртында. Басқа жаңалық жоқ. Хат жазып тұрыңыз. Хош.

28. IX. 42 ж. *Мәлік.*

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. п. 256. 10-б.).

2 октября. Приказ № 124 по Объединенному Казахскому Академическому и Русскому театру драмы, гор. Алма-Ата, от 2/X—1942 г.

Настоящим объявляю распределение ролей пьесы «Намыс гвардиясы» М. Ауэзова и А. Абишева, приуроченной выпуском к XXV годовщине Великой Октябрьской Социалистической революции.

2

Постановку спектакля «Намыс гвардиясы» поручаю художественному руководителю, засл. артисту РСФСР **М. И. Гольдблату.**

Режиссер — Исмаилов А. Художник — Чарномский Э. В. Композитор — Сандлер О. А. Пом. режиссера — Джолумбетова.

Директор театра *(Капламбеков)*

(ЦГА РК, ф. 1150, оп. 1, д. 11, л 117).

9 октября. Приказ № 248 по управлению по делам искусств при СНК КССР, г. Алма-Ата, № 248, от 9 октября 1942 года.

Казахской группе Казахского Государственного Академического драмтеатра открытие сезона перенести с 10-го октября на 8-е ноября с. г.

Сезон открыть спектаклем «Гвардия чести» Ауэзова и Абишева.

Зам. нач. управления по делам
искусств при СНК КазССР *(Лихачев)*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 182, л. 275).

28 октября. Письмо всесоюзного комитета по делам высшей школы. Уполномоченный по средней Азии. № 2565 г. Ташкент. Директору Алматинского Пединститута. Копия. «На основании вашего ходатайства разрешаем по примеру установления ВКВШ писателю Ауэзову профессорской ставки выплачивать также в виде исключения по ставке профессора писателю Сабиту Муканову как одному из видных специалистов в области казахской литературы.

Уполномоченный комитета по Средней Азии *С. Я. Плоткин*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 17).

28 октября. Директору Алма-Атинского пединститута

Уполномоченным всесоюзного комитета СНК СССР по делам высшей школы по Средней Азии тов. С. Я. Плоткиным, на основании ходатайства пединститута разрешается писателю Ауэзову установить и выплачивать в виде исключения профессорской ставки как одному из видных специалистов в области казахской литературы.
(г. Ташкент.).

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова»).

15 тамыз. М. Әуезов, Ә. Әбішев. «Намыс гвардиясы».
Режиссері М. И. Гольдблат. Суретшісі Э. Чарномский.

(Қазақ театрының тарихы. Алматы: Ғылым, 1978. 423 б.).

15 ноября. ...Премьера спектакля «Гвардия чести» («Намыс гвардиясы») М. О. Ауезова и А. Абишева. Режиссер М. И. Гольдблат, художник Э. Чарномский.

(Кундакбаев. Б. Путь театра. Алма-Ата, 1976, С. 254).

18 қазан. ...Әзір «Абайды» ашып парақтап отырып, ең аяғында «мазмұны» деген бетті оқып отырып, біраз кейін шолып қарасам: «Қайтқанда», «Қат-қабатта», «Жолда», «Шытырманда», «Бел-белесте», «Өрде», «Қияда» деген аттар тек жазушының қоя салған аты емес көрінеді-ау... Оларда мән бар екен... асыл еңбегіңіздің, балаңыздың игілігін көруіңізге тілектес:

інің із Бауыржан...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, п. 1. 342-п. 10-п.).

16 ноября. Приказ Управления по делам искусств при СНК Казахской ССР № 280.

Казахский Государственный Академический театр открыл свой новый театральный сезон пьесой Мухтара Ауэзова и Альжапара Абишева «Гвардия чести», посвятив ее XXV-й годовщине Великой Октябрьской социалистической революции.

Пьеса «Гвардия чести», написанная на тему и о боевых днях Восьмой дважды орденоносной имени генерала-майора И. В. Панфилова Гвардейской дивизии, является выдающимся произведением казахской драматургии.

Управление по делам искусств при СНК КазССР приказывает:

За создание высокохудожественного патриотического спектакля «Гвардия чести» об участии казахского народа в борьбе с озверелыми фашистскими ордами и за показ спектакля в день открытия нового сезона с посвящением пьесы XXV годовщине Великой Октябрьской социалистической революции, объявить благодарность:

Авторам пьесы «Гвардия чести» — драматургам Мухтару Ауэзову и Альжапару Абишеву.

Начальник Управления по делам искусств
при СНК Казахской ССР *(Толыбеков)*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 182, л. 534—536).

18 қараша. «Намыс гвардиясы» спектаклі (М. Әуезов, Ә. Әбішев) біздің қаһарман жерлестеріміздің ерлігін паш еткен жоғары дәрежедегі көркем спектакль. Ол Академиялық қазақ театры коллективінің елеулі творчестволық табысы дегенге сайды.

(Социалистік Қазақстан).

27 ноября. Приказ № 253 по Управлению по делам искусств при СНК КазССР, гор. Алма-Ата

Для отбора произведений на выставку утверждаю жюри в следующем составе:

...Ауэзов М. — писатель (и др.).

Нач. Управления по делам искусств
при СНК РК *(Толыбеков)*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 182, л. 324).

8 декабря. Мухтар-Ага!

Почему-то по-казахски не пишется — извините.

Я вам писал, что современная война не является войной мушкетеров и пикетеров... и офицер отечественной войны (имею в виду настоящего, а не всякую шваль в мундире) Вам не рыцарь 16-го века... в основном они делятся на три категории: офицеры ближнего боя, офицеры тактического соображения и назначения, офицеры стратегического соображения и назначения. В этой войне на поле боя скорее ум почитаем, чем черная сила (кара-куш) горячий азарт гладиатора — люди стали умом, уменьем воевать.

Как же Вы могли допустить неосторожности с «Намыс гвардиясы» слишком наивную доверчивость — получилось неестественное, печаль-

ное, несовместимое сочетание Вашего золотого таланта, полной художественной силы, беспредельно богатого, гибкого, маневренного, сочного и насыщенного разумной логикой языка с невежеством, узким кругозором недалеким умом Вашего соавтора.

Куда Вы дели кроткого солдата, повинующегося, безукоризненно честного, бравого, отважного, простого вояку, а Ваш Толеген скорее клоун для сцены, чем солдат на поле боя. Я часто резок и груб с друзьями — это мои недостатки. Очень сожалею, что могу помочь только наказанием за Ваши оплошности.

С глубоким уважением к Вам. Ваш *Б. Момыш-Улы.*

(ЦГА РК, ф. 1432, оп. 2, ед. хр. 89-а. л. 1).

19 декабря. Телеграмма: Уважаемый товарищ Ауэзов, редакция газеты «Коммуна» — орган Ферганского обкома партии — просит Вас написать новогодние пожелания через нашу газету хлопкоробам Ферганской области Узбекской ССР тчк ответ желательно получить телеграмма тчк. Наш адрес: Фергана редакция газеты «Коммуна». С приветом редактор Мирзаев.

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 292, с. 131).

19 желтоқсан. ...Аманшылық болса, көзбе-көз, бетпе-бет жолыққанда толық пікір алысып, бір-бірімізді түсінерміз деген үміт менде өте зор — тілегім де сол...

Амандығыңызға тілектес.

Сіздің шын ниетімен қадірлеуші ініңіз

Бауыржан. 993-дала почтасы.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. п. 342. 5-п.).

...Список пьес, имеющихся в управлении по делам искусств при СНК Казахской ССР

«Гвардия чести» пьеса М. Ауэзова и А. Абишева (в 3-х действиях, 7 картинах).

Основных действующих лиц: мужчин — 13, женщин — 2.

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 209, л. 16).

...Список пьес, подлежащих сдаче драматургии в I квартале 1943 года.

4. М. Ауэзов. «Кобланды» — фантастико-героическая пьеса, создаваемая в стихотворной форме на основе казахского народного эпоса.

Переводные пьесы

Советская драматургия (с русского языка на казахский)

4. «Любовь Яровая» Тренева (перевод Ауэзова)..

...Телеграмма М. О. Ауэзова из Москвы: Алма-Ата Казахский театр драмы Букеевой. Горячо поздравляю высокой наградой желаю еще больших блестящих побед достойных вашему дарованию дружеским приветом — Мухтар Ауэзов...

(ЦГА РК, ф. 1812, оп. 1, д. 73, л. 3).

19 желтоқсан. Ардақты Мұхтар аға!

...Менімше, сіз біздің әдепті-әдепсіз айтылған пікірімізді есіңізге ала отырып, пьесаны қайта қарап шығып біраз іреп, мінерсіз деген үміт бізде зор.

Панфилов айғайдың орнына, көбірек ойлап, жағдайды бағалап, картаға шұғылып, тактика-әдіс, қол басқару, соғысты жоспарлау, болашақты болжау мәселесіне көп көңіл бөліп, кемеңгерлік жағынан көрсетілсе қайтеді...

Әлгі құрғыр Нина Жанбозовты құшақтап сүймей-ақ, кішкене сабырлы болып, шыдай тұрса қайтер еді. Оның күйін нақ қырғын соғыс кезінде тасыту ұяттау емес пе?

Бауыржан. 19. XII. 42 ж.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 342-п. 6-п.).

Планы научно-исследовательской работы кафедры на 1942/1943 гг. «Влияние восточной литературы на казахскую литературу». И. О. профессора Ауэзов М. 1940 г. Срок полного окончания 1945 г...

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 100, л. 4).

...М. О. Ауэзов (дополнение к личному листку по учету кадров).
1. Преподаватель КазПИ 1942—1943 гг.
(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 35).

...С X—1942 начал читать лекции в Казахском государственном университете...

(Из личного листка по учету кадров М. Ауэзова. Патриархив Казфилиала ИМЛ, ф. 708, оп. 39, д. 299, л. 2, об.).

Сценарий кинофильма «Абай». Машинопись.

(ЦГА РК, ф. 1708, оп. 1, д. 56, л. 1—66).

«Намыс гвардиясы» (Ұлы Отан соғысы тақырыбы, Панфилов туралы латын әрпінде жазылған пьесаның автографы.).

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры п. 106, 1—3 б.).

Справка об участии сценаристов в работе над сценариями на Казахстанские темы с 1942 г. по сент. 1946 г.
1. Ауэзов М. О. «Абай», «Степной батыр» (сказание о Козы-Корпеше и Баян-Сулу), «Стальное оперение».

(ЦГА РК, ф. 1708. оп. 1, д. 241, л. 1.).

...1942 жылы күз айында Қәкітайдың бәйбішесі Бибі әжейді Мұхтар аға арнайы Алматыға шақырды. Әкемнің тәрбиесінде, Павлодарда тұратын мен жол серіктікке ере келдім. Абай атаның немересі Уәсила тәтемнің үйіне түстік. Әжеме ере келген мені Мұхтар аға көріп, жылы сәлемдесіп, оқу жағдайымды сұраған... Мұхтар аға: «Алматыда қал, Уәсила тәтемнің үйінен өзім тауып аламын» деді. Мен өте қуанып Алматыда қалуға келістім. Бірақ әжем мені қалдырмай Алматыдан алып

кетті. Мұхтар ағаның қамқорлығын пайдаланып оқуыма мүмкіндік болмады...

(Мінәш Әрхамқызы. Ұлы адамның ұлылығы. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. п. 671. 138-бет.).

Бірінші кітап осы, — деді Мұхаң қалың, машинкаға басылған қолжазбаны столының үстіне қойып, мен Мұхаңды қатты қысып бетінен сүйдім. Бұл жолы да ағаның өзі телефон соғып шақырған соң рұхсатымен барғанмын. «Осы, пікіріңді айт», — деп берген, бірінші кітап қолыма тиген соң, үйге қайтқанша асықтым.

Басылмаған шығарманы семья болып оқыған соң сол семья авторға ырзалығын білдіру керек қой. Осы ниетпен Мұхаңды үйге шақырдық. Ең үлкеніміз — шешеміз қарсы алды Мұхаңды.

— Айналайын Мұхтар, — деп апам Мұхаңның қолын сүйді, сол кешкі ішкен асымыз да дәмді, шайымыз да тәтті болды. Мұхаңның ажарына әбден қанғанша қарап алдық.

(Әбділда Тәжібаев. Жылдар, ойлар. А., 1976. 117—118-б.).

1943

1 января. ...М. О. Ауэзов — профессор, кафедра литературы Алма-Атинского государственного педагогического и учительского института имени Абая...

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова» п. 515, л. 20).

1 января. Список научных трудов М. О. Ауэзова. Исследовательская статья об эпосе «Қобланды» в 1924 году в журнале «Тан» в г. Семипалатинске, № 4.

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 515, л. 21.).

1 января. Письмо Виктора Шкловского:

Дорогой друг мой, Мухтар!

Уезжаю, не успевши увидеть Вас. Буду писать об Абае. Но у меня нет Вашей рукописи. Я знаю Ваш роман, только в отрывках. Я верю в него, потому что я хорошо знаю Ваш сценарий. Вы мне много объяснили о судьбе Вашего народа.

Встретимся мы или не встретимся — я Вас не забуду и предлагаю Вам свою дружбу. Вы хорошо и по-своему думаете. А человеку, который по-своему думает — трудно. И ему может понадобиться друг.

Желаю Вам счастья. *В. Шкловский.*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 610, л. 14).

13 января. Автограф Сатпаева К. И.

Т. Сауранбаеву Н. Т. Просьба подготовить необходимые материалы на т. Ауэзова и др., как мы лично договорились с Вами, и представить на заседание бюро КФАН. Сатпаев. 13. 1. — 43 г.

(Личное дело Ауэзова // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 16).

13 января.

Дорогой друг мой, Мухтар!

Уезжаю, не успевши увидеть Вас.

Буду писать об Абае. Но у меня нет Вашей рукописи. Я знаю Ваш роман,только в отрывках. Я верю в него, потому что я хорошо знаю Ваш сценарий. Вы мне много объяснили о судьбе Вашего народа.

Встретимся мы или не встретимся — я Вас не забуду и предлагаю Вам свою дружбу.

Вы хорошо и по-своему думаете. А человеку, который по своему думает — трудно. И ему может понадобиться друг.

Желаю Вам счастья. *В. Шкловский.*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 584, л. 10).

13 января. Письмо Директора Института языка, литературы и истории КФАН СССР Н. Сауранбаева председателю Президиума КазФАН тов. Сатпаеву К. И.: Институт языка, литературы и истории КазФАН просит вашего разрешения оформить принятие Ауэзова М., Муканова С. и кандидата филологических наук тов. Жумалиева в качестве старших научных работников, не дожидаясь оформления их научной степени — тов. Ауэзова М. с содержанием полного оклада, Муканова С. и Жумалиева К. — на полоклада.

Директор Ин-та *(Сауранбаев)*
Зав. сектором *(Исмаилов).*

(Личное дело // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 16).

15 января. Протокол заседания художественного совета при начальнике Управления по делам искусств при СНК КазССР с ведущими работниками государственного академического театра оперы и балета, гор. Алма-Ата. Театр оперы и балета, № 1, от 15 января 1943 г.

Присутствуют: Ауэзов М. — драматург.

Повестка дня.

1. Обсуждение либретто балета «Семь красавиц» автора Гайши Шариповой.

В прениях выступили:

Тов. АУЭЗОВ. После выступления Евгения Григорьевича вопрос обсуждения расширяется. Но сейчас ведь вопрос стоит об этом материале. Либретто балета, как материал, ведь это только материал. Насколько эта вещь может быть увязана с действительностью казахского прошлого. Мне кажется, что мы имеем хороший балетный материал и либретто нужно принять, поручив коллективу совместно с автором и постановщиками его углубить, доработать.

Секретарь *(Борисенко)*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 185, л. 124).

20 января. Справка. Дана настоящая тов. Ауэзову Мухтару в том, что он действительно с 1934 года работает в Алма-Атинском Гос. Педагогическом и учительском Институте им. Абая в качестве и. о. профессора (согласно отношения Комитета по делам Высшей школы при

СНК СССР) по кафедре казахской литературы, где читает самостоятельный курс «казахский фольклор». Тов. Ауэзов М. руководит подготовкой аспирантов.

Директор *(Искаков)*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 80).

26 января. Выписка из постановления Президиума Казахского Филиала АН СССР, № 3, 26 января 1943 г. О зачислении и. о. профессора Ауэзова М. в штат Института истории, языка и литературы по сектору литературы. Докладчик Н. Т. Сауранбаев.

Зачислить и. о. профессора, писателя Ауэзова Мухтара Омарханович в штат Института языка, литературы и истории по сектору литературы с окладом содержания 1700 руб. в месяц с 1 февраля 1943 г.

П. п. Председатель *(К. И. Сатпаев)*
Секретарь *(И. А. Поляков.).*

(Архив АН РК оп. 1, ф. 8, д. 17, св. 1, л. 2).

30 қаңтар. Студенттерден емтихан қабылдауы. 1. Құрманова — +, Абдрахманова — +, Абдысадыкова — +, Ғабитова — +, Хайруллина — +...».

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. п. 519, 6 б.).

1 февраля. г. Алма-Ата, М. О. Ауэзов (дополнение к личному листку по учету кадров). СНС института языка и литературы АН КазССР 1. 2. 43 (пр, № 6 от 30. 1. 43).

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 364, л. 35).

6 ақпан. ...Халықтың майдандағы қазақ жауынгерлеріне жазған хаты.

Ақпанның 6-сы күні «Правда» газетінде жарияланған хат. Дәл осы күні түстен кейін тарихи хатты ұйымдастырып, жазуға тікелей қатысқан Қ. Сәтбаев, С. Сергеев-Ценский, М. Әуезов, С. Мұқанов, К. Паустовский, Ғ Мүсірепов ешбір хабарсыз орталық комитеттің үгіт-насихат бөліміне келіп қалды. Әңгіме шертуге кірісті. Одан кейін Константин Георгиевич Паустовский: «Осы жаңа ғана үлкен ақсақал Сергей Николаевич даңқты қазақ халқы жайында бірқатар терең ойлы да бағалы пікірлерін өздеріңізге айтып берді. Мен де бұл кісінің осы пікірлерін қолдаймын. Мені де бұл қазақ халқының аяулы ұлдарының бірі Мұхтар Омарханұлы Әуезов құшағын жая қарсы алып, пәтерінің бір бөлмесін босатып, маған кажет барлық жағдайды жасады...

(Б. Исабеков. Есте қалған екі оқиға // Алматы ақшамы. 1994. 2 наурыз).

8 февраля. Протокол № 1 производственного совещания работников ИЯЛИ КазФАН, состоявшегося 8 февраля 1943 года.

Присутствовали все работники института.

Повестка дня.

1. Итоги работы института ЯЛИ КазФАН СССР за 1942 г. и задачи на 1943 г.

АУЭЗОВ М. Я поступил на работу недавно, потому я не могу говорить о других секторах, а говорю только по сектору литературы. Громадная работа выполнена особенно по сбору материалов. Недостаток заключается в том, что мы это громадное богатство научно не освоили. Историкам необходимо связать свою работу с литературным сектором. Необходимо остерегаться от разбрасывания силы. По-моему, необходимо сосредоточить основное внимание на одну главную работу. Мое предложение заслушать план литературного сектора на следующем производственном совещании.

Ахинжанов М. Сауранбаев Н.

(Архив АН РК, ф. 8, д. 20, оп. 1, св. 2, л. 1).

13 февраля. Протокол № 3 совещания литературного сектора ИЯЛИ КазФАН с участием писателей, историков и представителей искусства, состоявшегося 13 февраля 1943 г.

Присутствовали: Сауранбаев Н., Ауэзов., заслуж. деятель каз. искусства композитор Жубанов А., Ахметжанов, Сабитов Н., Маргулан А., Кенжебаев Б., Исмаилов Е., Маметова А., Жакупбаев Б., Омаров У., аспиранты.

Повестка дня:

Проспект «Истории казахской литературы» 1-ый том (фольклор) информирует профессор М. Ауэзов.

Слушали: Обсуждение проспекта «Истории казахской литературы», 1 том (фольклор), — проф. Ауэзов М.

(Архив АН РК, ф. 8, оп. 1, д. 20, св. 2, л. 5).

16 февраля. Приказ № 1—27 по Алма-Атинскому Гос. Педагогическому и Учительскому институту им. Абая.

Ауэзова Мухтара с 15 января с. г. зачислить на $^1/_2$ ставку по кафедре литературы с оплатой профессорской ставки 600 руб. в м-ц как имеющему стаж работы в вузе менее 5 лет и 30% надбавку в сумме 180 руб. Всего 780 руб. в м-ц.

Основание: его заявление и отношение ВКВШ от 28/X—1942 г. за № 2565/СА.

Директор *(подпись)* *(Искаков)*

(ЦГА РК, ф. 1142, оп. 1, д. 106, л. 33).

19 февраля. Приказ № 49 управления по делам искусств при СНК Казахской ССР, гор. Алма-Ата, 19 февраля 1943 года.

В текущем, 1943 году, работа для детей должна быть усилена как количественно, так и качественно, в связи с чем Управление по делам искусств при СНК КазССР Приказывает:

I

Вменить в обязанность всем театрам, обслуживающим взрослых зрителей, отобрать из числа пьес текущего репертуара сценические про-

изведения, пригодные для детских аудиторий- как-то: «Гвардия чести» — Ауэзова и Абишева, «Абай» —Ауэзова и др.

Нач. управления по делам искусств
при СНК КазССР *(Толыбеков)*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 209, л. 27).

20 февраля. Приказ № 51 управления по делам Искусств при СНК, г. Алма-Ата, 20 февраля 1943 г.

Для предварительной проработки вопроса о состоянии и перспективах развития казахского национального хореографического искусства создать комиссию под председательством директора Казахской Государственной Филармонии имени Джамбула тов. Жумина Райхана.

Просить принять участие в работе означенной комиссии следующих лиц:

Ауэзов Мухтар — писатель.

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 266, л. 365).

22 февраля. Протокол № 1 заседания ученого Совета института языка, литературы и истории Казахского Филиала АН СССР от 22 февраля 1943 г.

Повестка дня:

а) информация директора ин-та т. Сауранбаева.

б) Доклад т. Сулейменова Б. — о восстании казахского народа под руководством Кенесары Касымова.

М. АУЭЗОВ замечает: глава о предпосылках восстания Кенесары Касымова слишком растянута, взяты совершенно отдаленные вопросы с большими цитатами, мало общего имеющие с восстанием Кенесары Касымова. Надо было начать сразу с колониального гнета царизмом казахского народа. Загромождения текста лишними фактами и говорить о калмыках, снаряжении экспедиции и о царстве Алексея Михайловича здесь не нужно, они мешают центральному вопросу темы...

Писатель Ауэзов, проф. Панкратова, акад. Мещанинов историк Сулейменов и другие, характеризуя научную деятельность тов. Исмайлова, поддерживают предложение института языка, литературы и истории и казахского педагогического института им. Абая о допущении к защите кандидатской диссертации с освобождением его от сдачи кандидатского минимума.

(Архив АН РК, ф. 8, д. 19, оп. 1, св. 2, л. 2).

24 февраля. Выступление М. О. Ауэзова на заседании ССПК. Председатель — Муканов С. Стенограмма. Машинопись.

(ЦГА РК, ф. 1778, оп. 1, д. 197, л. 76—80).

24 февраля. Стенограмма выступления М. О. Ауэзова на заседании Пленума Союза Советских писателей Казахстана о творчестве казахских поэтов и писателей.

(ЦГА РК, ф. 1778. оп. 1, д. 198, л. 71—81).

10 марта. Выступление М. О. Ауэзова на совещании писателей-драматургов в Правлении ССПК о либретто Баймухамедова «Дочь Каспия».

(ЦГА РК, ф. 1778, оп. 1, д. 196, л. 4—5).

18 марта. Протокол заседания художественного Совета при начальнике Управления по делам искусств при СНК КазССР с активом писателей и ведущими работниками Казахского государственного академического театра драмы и театра имени Моссовета.

Присутствуют:

Ауэзов Мухтар Омарханович... (всего 25 чел.).

Повестка дня:

Обсуждение пьесы «Кобланды-батыр» автора Мухтара Ауэзова.

Слушали. Обсуждение пьесы «Кобланды-батыр» автора Мухтара Ауэзова.

В обсуждении участвовали:

тов. Завадский Ю. А. (художественный руководитель театра имени Моссовета): Нам, не знающим языка, очень трудно что-либо говорить. Пусть скажут вначале те, кто глубже знает и понял материал.

Мусрепов (драматург): У меня, пожалуй, впечатление пока не окончательное, так как слушал всего один раз и с этого трудно понять и продумать как следует.

Тов. Тажибаев (писатель): Я слушал второй раз, но дать характеристику пьесе, к этому я не совсем подготовлен, но коротко хочется сказать свое мнение...

Тов. Исмаилов (Представитель казахского филиала Академии наук): Прежде всего о том, что товарищи задавали вопрос, как пьеса с исторической точки зрения. В этом смысле пьеса очень правильная и историческая.

Тов. Бегалин (Поэт): Все наши казахи, начиная от самых малых до самого старого, хорошо знают Кобланды. С замечаниями товарища Мусрепова не согласен.

Тов. Исмаилов (Режиссер Государственного Академического театра казахской драмы): Кобланды-батыр в моем понимании является героем, патриотом, защитником. Он выступает против агрессии врагов.

Тов. Завадский Ю. А. (Художественный руководитель театра имени Моссовета): Я хотел сказать, почему я нарочно задал такой вопрос. Наша идея привезти отсюда настоящее художественное произведение. Чтобы это было художественно и глубоко. В беседе с товарищем Скворцовым он мне сказал, что надо очень внимательно и серьезно подойти к выбору произведения.

Тов. Сауранбаев (Директор Института языка и литературы): Я первый раз участвую в читке, потому говорить что-либо и вести спор не совсем правильно.

Тов. Марголин (режиссер театра им. Моссовета): Мне хотелось бы как читателю, предъявившему к Вам требование, чтобы характеристики этих трех людей были более ясны. Произведение написано с таким широким охватом, что к нему нужен такой же композитор, такая же музыка, которая могла бы помочь донести все до зрителя.

Тов. Джандарбеков Курманбек (народный артист КазССР, ор-

деноносец, режиссер Казахского оперного театра): Я, товарищи, не буду много говорить. Я тоже первый раз слушаю. Пьеса дает отрадное такое ощущение. От поэмы автор не ушел далеко. Очень ясно и понятно. Драматург здесь подошел с мастерством. Драматург ставит очень большую задачу перед театром, который будет ставить этот спектакль...

Тов. Гольдблат М. И. (Художественный руководитель Казахского Государственного Академического театра драмы:) Когда мы стали соседями с театром имени Моссовета, то с первых же дней стали разговаривать, как бы отметить нам это соседство, хорошо бы, если бы появилось такое драматургическое национальное произведение.

Тов. Толыбеков С. Е. (Начальник Управления по делам искусств при СНК КазССР): Товарищи, мне разрешите сказать очень коротко несколько слов. Прежде всего, по-моему мы получили произведение, которое преподнесено на очень высоком художественном уровне. Участвующие лица — персонажи очень убедительны.

Тов. АУЭЗОВ Мухтар (драматург — автор пьесы): В отношении поэмы Кобланды. Ведь это совсем не история. Здесь произведение другое, в другом стиле, в другом жанре. Это поэтическое произведение.

Товарищи из театра им. Моссовета говорили об оформлении. Я мыслю эту вещь на широкой основе.

В сомнениях товарища Марголина и в других высказываниях товарищей, во всем есть некоторая доля правды, и нам нужно подумать.

В смысле оформления считаю, что с одной стороны, это трудно, и в то время как, с другой стороны, есть широкие возможности.

Секретарь *(Борисенко).*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 185, л. 132—136).

...Н а у р ы з... «Абай» романы туралы сөз». Бұл 1943 жылы роман туралы жиналыста Ғабит Мүсіреповтің сөйлеген сөзі. Мұхтардың «Абайына» шын мағынасында сын айтуға мен де жүрексінемін. Әлгі айтқан «түсінсем екен» деген ойдан туған өз ұшқындарымды айтпақпын дегенім дәл шыным. «Абай» романын неше рет қайталап оқысам — сонша, әрдайым жаңа бір ой, жаңа бір көркемдік, бұрын оқығанда байқамай кеткен тереңдік табам...

«Абай» — тарихи-қоғамдық тартыстарға құрылған, шын мағынасындағы қазақ халқының бір дәуірдегі шын өмірін, елдігін түгел көрсете алған роман...

(Ғабит Мүсірепов. Бес томдық шығармалар жинағы. 1975. 4-том 158, 176 бет.).

30 м а р т а Милый Павел Николаевич!

Крайне сожалею о том, что начавшаяся хорошая дружеская наша переписка прервалась на время из-за меня. Я болею одной странной азиатской (просто не придумаю другого названия) болезнью. Как только сажусь за какую-нибудь трудную и длительную творческую работу, так теряю духовное общение с самым близким и дорогим для меня миром, т. е. отпадают от меня всякие книги и прекращается у меня переписка с друзьями... Вот в такой полосе дикого замыкания и пробыл последние месяцы за время своей работы над исторической пьесой «Кобланды». Эта пьеса — эпос о предках наших нынешних героев...

Недавно у нас прошел пленум Союза. Это был самый лучший пленум за все время существования нашей организации. Он прошел при

постоянном и широком участии наших руководителей партии, правительства и широких слоев культурной передовой интеллигенции. Были нам предъявлены самые серьезные и обоснованные счета. Отставание литературы в отражении современности отмечалось особо, но пленум, однако, объективно, хорошо оценил и сделанное, хотя бы по части исторической тематики, значительное внимание было уделено роману «Абай». После пленума мне дано солидное напутствие, чтобы я, во-первых, работал над капитальными вещами, и в первую очередь закончил вторую книгу романа «Абай»... Пленум избрал председателем Сабита Муканова, он сейчас проявляет хорошую деловитость, думает вести литературное хозяйство по плану к продуктивным результатам...

Твой Мухтар. Алма-Ата, Калинина, 63, кв. 29.

Жуткая погода этой весной в Алма-Ате. Сегодня 30 марта, а валит снег, туман, слякоть в течение всего марта. Так затянулось ожидание весны, что с горечью думаешь, а не забыла ли природа о весне...

(Каз. правда, 1987 25 сентября).

25 с ә у і р. Мұхтар Әуезовтің съезді ашардағы сөзі.

«Бүгін біздің жазушыларымыз республиканың мәдениет тарихындағы үлкен бір белге тақап кеп тұр. Ол — Қазақстан совет жазушыларының ашылғалы тұрған Үшінші съезі...»

(Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық архивы. 1778-қ. 2-тіз. 104-іс).

4 м а я. Письмо В. М. Жирмунского: Многоуважаемый тов. Ауэзов! Простите, что не будучи с Вами лично знаком, я позволю себе обратиться к Вам за консультацией. Вот уже скоро $1^1/_2$ года, как я нахожусь в Ташкенте, в числе других членов Академии наук СССР, эвакуированных из Ленинграда... Другой вопрос, меня интересующий, касается «Алпамыс». Известна и у казахов эпическая поэма о ядгаре, сыне Алпамыса. Для работы над «Алпамышем» и «Идиге» мне очень нужно вышедшее в Алма-Ате издание «Батырлар» 1939 г. Нет ли какой-нибудь возможности приобрести эту книгу в Алма-Ате...

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 584, л. 44).

9 м а м ы р. ...Сүйікті інім Мәлік!

Көптен хабар алған жоқ ем, кеше соңғы ашық хатың келді. Кейінгі кездегі хаттарыңның бәрінде мені пьесаның сыны үшін ренжіген кісі қып түсініп жүрсің. Ал менде ондай реніштің елесі де жоқ. Сен соңғы атақты алғанда Есмағамбет, Ермұкан үшеуміз бірге дәл сол күні хат жазғамыз. Одан бері де, марттың аяқ кезінде больницада жатып үлкен хат жазған ем, сол хатта неліктен көптен бері жаза алмай жүргенімді айтқам, бір сен емес Бауыржанға, Құрманбекке, Павелға да солайша көптен жазған жоқ ем, соның себебін айтып ем.

Пьеса жайын кейін көріскенде, кең сөйлесеміз. Есітіп жатқан шығарсың, мұнда бір жақсы маңызды пленум өткіздік. Сол пленумның маған тапсырған зор міндеті романның екінші кітабын жазып бітіру еді. Қазір соның соңындамын. Пленум алдында екі-үш ай бойында өздеріннің ата-бабаларыңды көрсетем деп «Қара Қыпшақ Қобыланды» деген

үлкен пьеса жазғам. Сондай ұзақ, қиын жұмысқа отырғанда кітапқа да қарамай, хаттан да қол үзіп қалатын жаман әдетім болушы еді. Бауыржан да сенше ойлапты. Оған да март ішінде өзіңмен бірге хат жазып өкпе сақпа дегеннің ырымы да жоқ екенін жазған едім. Тимесе оған да сол адрес ауысу себебімен тимес.

Пьеса туралы сенімен көп дауласамын, мінсіз дегендіктен емес, түзейтін көп кемшілігін білеміз, бірақ жазушылық міндет, көркемдік негіздер үшін дауласамыз. Сол ерекшелігіне сүйеніп, бүгінгі өзіміздің ерлік, тарихтық, отандық салт дәстүрімізге жақын етем, дәл бүгіннің өзі үшін жауынгерлік салмағы зор қару етем деймін. Осындай әдебиеттік азырақ пайдалы дауларымыз бар. Бұл шығарма, өз ойымда, халықтың намыскер ер ұлдарының қайратына көмек етіп, құрал қосам деген ниеттің шығармасы. Бүгінгі майдан ерлігін бір алып жазып көруді талап еткен болсақ, мынау да сол желідегі, сол бағыттағы еңбек еді.

Өзің мұнда болсаң бұл дауға қызық араласар ең. Сыныңды кейін естірмін. Хат жаз. «Правда» басылған Полевойдың очеркі, біздің бәріміздің жазып жүргеніміздің сонағұрлым құнды, толық, жақсы боп шыққан екен. Шын қуаныш болды. Осы хатты алысымен тез хат жаз.

Қалтқысыз жүректен ағалық
сәлем жолдап жазған *Мұхтар.*

Үй ішінен көп-көп сәлем. Кішкене бала жарымжандау, баяу өсіп келеді...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, п. 342.).

15 мая. Решение испол-го ком-та Семипалатинс-го областного Совета депутатов труд-ся, г. Сем-ск, № 13, 17, о проведении юбилея 100-летия со дня рождения великого казахского народного поэта Абая (Ибрагима) Кунанбаева...

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 623, л. 4).

24 мая. Приказ № 51 по Объединенному казахскому Академическому и русскому театру драмы, гор. Алма-Ата, 24 мая 1943 г.

С 26 мая с. г. приступить к работе над пьесой «Укрощение строптивой» Шекспира в переводе на казахский язык М. Ауэзова.

Роли исполняют: (полный список артистов).

Срок сдачи спектакля 1-го августа

И. О. Директора *(Арновский)*
Худ. руководитель *(Гольдблат)*

(ЦГА РК, ф. 1150, оп. 1, д. 20, л. 50).

27 мая. Зам. начальника Главного управления театров комитета по делам искусств при СНК СССР тов. О. Н. Олидор.

На ГУР от 27 мая 1943 года.

Управление по делам искусств при СНК КазССР настоящим сообщает Вам о ходе работы по организации республиканского смотра деятельности молодых режиссеров.

При управлении создано оргбюро по проведению смотра в составе: Ауэзов М. — писатель...

Нач. управления по делам искусств при СНК КазССР *(С. Толыбеков).*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 206, л. 65.).

Мамыр. «1943 жылы май айында Мұхтар Әуезов қарт Жамбылға келіп сәлемдесіпті.
Сонда Жәкең:

Уәликүммәссәләм, Мұхтарым!
Оң колымды ұстағын.
Жиі-жиі сенімен,
Кездесуге құштармын.
Мен кәрімін, сен жассың,
Қолымды артық қыспағын.
Құтты болсын қарағым,
Баспадан әлгі шыққаның.
Сабасындай биенің
Өзіңді-өзің ұстағын
Еңбегің Абай жазғаның
Өрлеп көкке ұшканың,—

(Ана тілі, 1994 ж.)

11 мамыр. «Абай және роман» туралы. 1944 жылы 11 мамырда М. Әуезовтің «Абай» романына арналған Алматы қаласындағы жазушылар мен ғалымдардың жиналысы өтеді. Бұл сол жиналыста жасалған баяндама. Баяндама: «Әдебиеттің дамуы жолында романның маңызы», «Абай» романы — XIX ғасырдағы қазақ тарихының айнасы ма?» «Құнанбай мен Абай», «Романның көркемдік ерекшелігі туралы», «Абай» романымен байланысты кейбір міндеттер» деген тақырыптарға бөліп қарастырылған.

(Есмағамбет Ысмайылов. Сын мен шығарма. А., Жазушы. 1960. 297—327 бет.).

8 июня. Необходимые изменения к пьесе «Қобланды».

На всем протяжении пьесы усилить, выявить ярче, значительнее, как основную идею произведения патриотизм Кобланды, как героя — заступника своего народа, как защитника родины от захватнических стремлений врагов-насильников.

Не историческая личность, а герой эпоса (как правильно в стилевом отношении решен автором образ) Кобланды должен всеми своими деяниями быть созвучен нашей эпохе, и в этой идейно-художественной актуальности для нашей современности должна заключаться главная цель и задача пьесы и спектакля.

Предложить руководству акад. театра драмы приступить к работе над спектаклем Кобланды внеся совместно с автором необходимые поправки, изменения по указанным выше пунктам.

Осуществить постановку пьесы к...

Запись М. О. Ауэзова на обсуждении пьесы «Кобланды» фиолетовыми чернилами.

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 287 л. 45).

10 июня. Приказ № 182. Управления по делам искусств при СНК Казахской ССР, гор. Алма-Ата, 10 июля 1943 года.

Детально рассмотрев пьесу Мухтара Ауэзова — «Қобланды», управление по делам искусств при СНК Казахской ССР условно разрешает ее к исполнению при наличии обязательств автора о непременном внесении следующих изменений.

На всем протяжении пьесы необходимо усилить и значительнее проявить роль Кобланды как героя своего народа, патриота своей Родины и защитника от захватнических стремлений врага.

Предложить дирекции и художественному руководителю Казахского Академического театра драмы приступить к постановке пьесы «Кобланды» немедленно после выпуска очередной премьеры — комедии В. Шекспира «Укрощение строптивой».

Постановку пьесы «Кобланды» поручить художественному руководителю Казахского академического театра драмы, нар. арт. Каз. ССР— орденоносцу М. И. Гольдблату.

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 266, л. 227.).

11 шілде. ...Бауыржан Момышұлына жазған хатынан: Асыл інім!

Хатыңды көптен тосып жүр ем. 18/VI жазған хатың кеше келді. Денсаулығым бұрынғыдай емес депсің, енді босанып, біраз да болса әл жинап алсаңшы. Соңғы кезде майданнан бірнеше жолдастарың келді. Балтабек Жетпісбаев пен Құрманбек екеуі өз үйімде де болып, көп-көп жақсы әңгімелер айтты. Балтабектің сен туралы ертегілері бай екен. Екеуің талай кешуді бірге кешіпсің. Ол өзі де бір адамға тез танылатын мінез-жаратылысы тұтас, кесек және аса жағымды жақсы азамат екен. Құрманбек те жақсы шыныққан. Қайсысының болса да ірілеп, қайрат тауып, қасиеті ашыла түсіп, нұрланып келгенін көргендей боласың. Ерлік — азаматтық нұры. Осыдан артық жарастық жоқ. Осыларға қарап отырып мен «бүгінгі тірі жүрген қазақта осы майдандағы азамат бауырларымнан артық жақыным да, жақсым да жоқ» деп білдім.

Бауыржан Момышұлына жазған хатынан:

Мен «Абайдың» екінші кітабын жазу үстіндемін. Тек соңғы уақытта арадан бір қосымша жұмыс боп, «Абай» деген кино-сценарий килігіп еді. Соңғы күндер соны бітіріп беріп отырмын. Осы күзден бастап «Абай» киносы суретке түсіріле бастайды. Қыс бойы, осы шаққа шейін де көп жұмыс істеп ем. Қаладан шықпай, колхозды да көптен көре алмадым. Сондықтан бір жағы жүріс — Абай ауданына жүрейін деп отырмын. Жолдастарым жақсы — Есмағамбет не Сапарғали Бегалин, августың 15-не қайта келеміз. Бұл барыста романның екінші кітабына керек пейзаж көріністер, табиғат ерекшелігі сияқты бояуларды, әсіресе, айрықша жия қайтпақпын. Бұрын роман жазбай жүргенде өз ауданымызды жалпы біліп жүргенім жеткілікті сияқты еді. Арнап қадағалап суреттеуге кірісем дегенде қайта қарап, сол Жидебай, Түйеөркештерді қайтадан көріп алу сияқты мақсаттарым бар. «Қобыланды» пьесасы жақында театрдың әзірлеуіне берілгелі жатыр...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, п. 342.).

13 шілде. ...Мен Мұхтарды сонау Семейдің городской школында оқыған кезінен елес-елес білсем де, бір сапарда жүріп аса жақын та-

нысқаным 1943 жылы болды. Менің алдымда көнеріп, жазуы тотыға бастаған жол дәптерім жатыр. Оның бірінші бетіне «13 июль 1943 жылы Алматыдан шығып Аягөзге келдім» деген жазуы тұр.

Сол 1943 жылы өзімнің туған жерім Абралы ауданы, Дегелең бөліміне барып қайттым, демалыста елде, ауылда өткізем деген ниетте жүргенімде Мұхтар өзі кездесіп, Абай ауданына барып қайтуға дайындалып жүр екен. Бірге жүруге сөз байладық. Олай дейтін себебіміз екеуміздің еліміз аралас, қатар отырған ел. Сол уәде бойынша жолға шықтық. Бізбен бірге Есмағамбет Ысмайылов және бір москвалық, Мұхтардың таныс сценарист орыс азаматы бірге шықты...

(Сапарғали Бегалин. Ұлы өмірдің кей сәттері // Жұлдыз. 1977 № 9. 150-б.).

28 июля. План работы Юбилейного Комитета по проведению столетия со дня рождения Абая Кунанбаева.

на 1943—1945 гг.

Утвержденный заседанием Комитета от 28 июля 1943 г.

IV План на 1945 г.

Издать: Роман «Абай» М. Ауэзова на русском языке.

(ЦГА РК, ф. 1778, оп. 1, д. 301, л. 4).

31 июля. Приказ № 203. Управления по делам искусств при СНК Казахской ССР, гор. Алма-Ата, 31 июля 1943 года.

В соответствии с приказом Комитета по делам искусств при СНК Союза ССР за № 268 от 15 июня 1943 года, Управление по делам искусств при СНК КазССР приказывает:

Для проведения смотра и конференции создать Оргбюро в составе: Ауэзов М. — писатель...

Нач. управления по делам искусств
при СНК КазССР *(С. Толыбеков).*

(ЦГА РК, ф. 1242, оп. 2, д. 206, л. 84).

Шілде. ...«Құндызды» өзенінің бойында «Жаңа еңбек» колхозына келгенде біз Абай заманының бір адамына кездесіп, ойламаған жерде Абайға қызмет істеген адамның қызы, қартаң әйелге жолықтық. Бұл әйелдің ойда жоқта кездесуі арқылы Мұхтар жаңа өзекті әңгіменің арқауын тапқандай болды.

— Шырақтарым, мен бір көшкен ауылдың жұртында отырған сылақшы сияқты адаммын ғой. Менің замандастарымнан қалған адам санаулы. Менің ерім өздеріңе белгілі, Боранбай деген мына Жаман атамның баласынан шыққан ақын адам еді.

— Бәлі, сіз Боранбай ақынның жолдасысыз ба, онда әңгіменің туы сізде екен ғой, — деп ынталана сұрастыра бастады.

— Сіз Абайды қай жасыңызда, қай жерде көрдіңіз?

— Мен Абай ағаны жас кезімде көрдім, сол Абай ағаның ауылында өстім. Өйткені менің әкем Абай ағаның, Ділда деген бәйбішесінің үйінде малын бағып, жұмысын істеді. Біз ол кісі отырған үйге кіре алмаймыз. Ол-бұл жерден сығалай қарап, кейде сөздерін тыңдаймыз. Ол кі-

сінің мәжілісінде отырған адамдардың сөзі бізге басқа тілмен айтылып отырғандай болатын. Әсіресе Ақылбай, Мағауия дейтін балаларымен сөйлескенде ылғи кітап сөздерін, басқа бір алыс елдердің әңгімелерін айтып кететін...

(Сапарғали Бегалин. Ұлы өмірдің кей сәттері // Жұлдыз. 1977 152-б.).

Ш і л д е. ...Біз Қарауылға келдік. Аудан азаматтары бізге бұлақ бойына үй тігіп қойған екен, сонда түсірді. Бізге ең алғаш ел ақсақалдарынан Әлімбет, Төлеубай деген кісілер дидарласты. Сонда Төлеубай ақсақал тұрып:

— Бұрынғының артымыз, бүгінгінің қартымыз, — деп Мұхтарды құшақтай алды.

Қарауылда Мұхтар білетін бұрынғы адамнан Шәукен деген мылқау бар екен. Оның ыммен айтқан әңгімелерін Мұхтар хаттай таниды.

Бір күні Мұхтар екеуміз салт атпен Абай қорасына, Жидебайға бардық. Ол жылдары Абай қорасының түзетілмеген жүдеу кезі еді. Қарауылдағы аудан орталығына қайтып оралғанда Мұхтар:

— Ұлы Абай осы далада отырып сонау даналық шығармаларын жазды-ау. Мынау қырқаның басына шығып батар күн, атар таңмен сырласты-ау.

(Сапарғали Бегалин. Ұлы өмірдің кей сәттері // Жұлдыз. 1977. № 9. 152-б.).

Ш і л д е. ...Біз енді Шыңғыста сырттап Машан тауы жағында отырған «Қызыл ту» колхозына тарттық. Бұл жүрісте Мұхтар, Қабыш үшеуміз салт атпен сай-саланы аралай жүрдік. Мұхтар әрбір төбе, бұлақ, әрбір қырқамен үн жалғағандай терең ой толқынында отырды.

Бізді бастап алып жүрген Қабыш Қәрімқұлұлы осы жайлау атырабында кейінгі жылдарда болған уақиғаларды шежірелеп көптеген әңгіме шертті. Біз «Рамазан» атындағы колхозға келгенде Мұхтардың тағы бір керек еткен адамына кездестік. Ол ел шежіресіндегі Қатпа деген кісінің әйелі болатын. Қатпа оқуын аяқтап, демалысқа елге келген Мұхтарды қасына көп ерткен өте әңгімешіл, күлдіргі жан екен. Бірақ ол кісі қайтыс болған, әйелі Мұхтардың ойлаған жерінен шықпады.

Сол колхоздан шыққан күні бұрынғы Бұғылы болысының жайларын басып жүрдік. Біз сол күні «Қызыл ту» колхозына турасынан бара алмай, басшымыз жер жобасынан жаңылып, далаға түнедік. Таң ата «Қызыл ту» колхозына келдік. Бізден кеше бөлінген Есмағамбет, Қайым, Жүсіпбектер де сонда екен...

(Сапарғали Бегалин. Ұлы өмірдің кей сәттері // Жұлдыз. 1977. 153-б.).

И ю л ь. ...Истекшим летом, в июле, я был в Абайском районе, пробыл около месяца. Поехал в поисках материалов ко второй книге романа «Абай». Сейчас, с весны, работаю над нею. В районе мы побывали почти во всех колхозах. Народ еще хранит очень много воспоминаний и преданий об Абае...

(«На твоем пути бойца (Публикацию письма М. О. Ауэзова П. Н. Кузнецову подготовил С. Черных, заведующий архивным отделом Восточно-Казахстанского облисполкома) // Каз. правда. 1987. 25. сентября).

Июль. Письмо М. Ауэзова П. Кузнецову: ...Сейчас у нас в союзе поговаривают о поздке группы писателей в Москву для устройства литературных вечеров. Не очень большой охотник я для таких гастролей, но если будет возможность еще посетить фронт, тогда поеду.

...Конец нашей поездки мы провели в Семипалатинске, где был слет акынов. В области сейчас стал известен ранее почему-то не выдвинутый, очень крупный старый акын Толеу. У него все предшественники — известные акыны. А мать — знаменитая Куандык — она состязалась с Абаем и была его возлюбленной. Она же описана в первой книге моего романа. Так что в лице Толеу-старика я встретил сына своей героини. Его особенность, отличающаяся от других старых акынов, в том, что он пишет и поет. А в стихах ни одному поэту записывающему не позволяет вставлять хотя бы одну строчку. И в том, что написано им самим, нет и надобности для обработки казахским поэтом-секретарем...

С сердечным приветом. *Мухтар.*

16 шілде. ...Аса құрметті Мұхтар аға!

Сіздің жазған хатыңызды бүгін алып, зор қуанышқа ие болып қалдым. Осында екі-үш күн бұрын Халел Мәскеуден қайтып келе жатқан бетінде маған соғып көп әңгімелер айтқан еді. Әсіресе қазақ мәдениеті, соның ішінде әдебиетті әңгіме еттік. Келген қорытындымыз: жер арасы шалғай алыста, майданда жүрсек те Қазақстанда болып жатқан жаңалықтарға қатынасып отыруды дұрыс деп таптық. Халелдің маған тапсырғаны «Абай» романына таныстыру мақала жазып орталық газеттердің біріне жібер деді. Оның қолында романның бір данасы бар екен, соны жібермек болды. Келісімен тіке кіріспекпін. Өзімнің кірісе бастаған тағы бір жұмысым. «Қазақ жауынгерлерінің Ұлы Отан соғысына қатынасы» деген кітап құрастырмақпын.

Әбділдадан хат алған емеспін. Бірнеше рет хат жазып жіберген едім. Жеке хатта жазармын. Әбу менімен бірге істеп жүр. Бүгін командир үйге шығып, асығыс болғандықтан сізге хат жаза алмады. Сәлем айтты.

Хош болыңыз. Ұмытпай жиі-жиі хат жазып тұрыңыз, Мұха! Құрметпен ініңіз Ысқақ. Адрес бұрынғыша...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, п. 526. 7-б.).

Шілде. ...1943 жылы жазда Мұхаң елін аралап қайтты да, сол сапары жайлы 17 қазанда «Социалистік Қазақстан» газетінде «Абай аулында» дейтін тұтас бір бетті алған очеркін жариялаған-ды. Сол сапарында Мұхаң Абайдың жүз жылдық тойында болып, қонақтарды жөнелткеннен кейін елде қалатынын, «Абай» романы үшін мағлұмат жинайтынын ескерткен.

(К. Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 157-б.).

Т а м ы з. ...Бітіхан мен Күміс қыз айтысында.

Түбек пен білемісің Сабырбайды,
Атағы бәйге атындай дабылдайды,
Өтеулі, Өмірбек пен ол Тілеміс,
Нұрбике қара өлеңге жаңылмайды.
Сәметтің төрт баласы бірдей ақын.
Ішінде Бұғалы бар дүрдей ақын
Жан сәулем, танымасаң мен Бітіхан
Тағы да балалар бар маған жақын.

Осында аттары аталатын ақындар жайлы 1943 жылы Мұхаң көбірек сұрастырып, Құндызды — Шет өңірінде үш күн болғаны мәселе...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 223-бет.).

Т а м ы з. ...Тәуке 1926 жылы қайтыс болғанмен оның ел аузындағы аңыз боп кеткен ерлігі мен өлеңі ұрпақтың жадында өмір сүріп келеді. Мұхтар марқұм Тәуке туралы аз айтпайтын. 1943 жылы Қорық өңірін әдейі аралап, жастық шағын еске алып, шопандармен бірге, мал өрісінде қорықтық жасаттырғанында бірге болғандар бұл ауылда көп. Жүзтайлақ, Ақбидай, Тәукелердің әр біреуінің тарихы — жеке-жеке қызғылықты оқиғалар...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 271—272 бет.).

Т а м ы з. ...«Жүрек Адыр» колхозында бір ғана менің әкем емес, Абайға таяқ тигенде жанында болған Ниязбек сияқты ақпа шешен жүйріктер де бар еді.

Мұхтар ағаның бұл колхозда амандасып кетуге әдейі іздеген адамның бірі өз анасы Нұржамалдың сырлас досы, Абай үйінің ішкі жұмысын он үш жыл бойы басқарған кісі және Мұхаң дүниеге келген күнгі жарыс қазанды жасаған Бибіш әже болатын. «Бибіш әженің үйіне барып шықсақ қайтеді?»— деген маған. Мен ертіп келдім.

Сыртыңнан амандығыңды естіп, медеу көріп жатамын, қандай еді шіркін Нұржамал! Мойнына бұршақ салып, тілеу тілеген әжең Дінәсілдің бейнесі қазірде де көз алдымда. Сол күні Абай жарықтық атаң Әуез бен әжеңе қайырлы болсын айта келгені бар...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 211—212 бет.).

Т а м ы з. ...1943 жылы жазда өзінің туған еліне 1928 жылдан кейін алғаш рет келген Мұхтар аға Аякөз қаласы арқылы Құндызды, Шет өңірінде үш күн болып, ел-жұртымен дидарласты...

(Кәмен Оразалин. Абай аулына саяхат. 1994. 211-бет.).

Т а м ы з. ...Ыбырай Матаев Шәкәріммен де жиі кездескен кісі. Өсек айтушылар жоқ жерде Шәкәрім өлеңдерін аузынан тастамайтын. Абай балаларымен жақсы қарым-қатынаста болған ол 1943 жылы Мұхтар аға елге келгенде Ыбырай екеуінің «Жаңа Еңбек» колхозында құшақтасып амандасқандарының куәсі болдым...

...Алдыңғы күні телефон соққаның сондай мезгілді қымбат болды. Мен өзіне сонда айтқандай Созақ ауданының жақсы істелген мол деректі справкасын жіберіп отырмын. Нұртаза мен Қалибекке және де жібердім. Олардан өз ауданы туралы тағы басқа да деректері бар справка жіберіңдер деген өтініш жаздым. Соның үстіне былтырғы қыстан бері аудандарда қанша базалар салынған, қанша құдықтар қазылғанын, қаншалық медпункттер ашылғанын және шопандар семьяларының, балаларының жағдайына арналған қандайлық шаралар істелгенін жазып жіберуді сұрадым.

Сенен өтінетінім жалпы облыс көлемінде құмдарда, Сыр бойларында, мал қыстаған өлкелердің бәрінде былтырдан бері қанша базалар салынды екен, солардың жиынтық мәліметтері болса. Облыс көлемінде былтырдан бері қанша құдық қазылған екен. Жолдар қалай, қаншалық түзеліп, жақсылып жаңғырды екен! Сол айтылса. Бұдан басқа шопандар балаларына арналған бала бақшалары, жалпы медпункттер сандары қанша болды екен, сол айтылса. Міне, осыдай деректерден басқа өзіңнің және телефонда айтқан Сәлімнің өмір жайларын жекелеп айтылған деректер болса деп ем. Сонда соғыстың кезінде қай фронтта, қанша уақыт, қандай бөлімдерде істегендерің анықтап айтылса. Соғыста бастан кешкен ерекше ауыр, қысталаң бейнетті сәттердің болған кезі, кезеңдері, аяқтау жайлары баяндалса жақсы болар еді.

Менің еңбегімнің әзірге кезеңдеріне керек болатын деректер осылар тәрізді болғандықтан әзірше осыны ғана жазып отырмын. Мүмкін болғанша тезірек жазып жіберсеңдер жақсы болар еді. Ташкентте барған соң өзіңмен хабарласамын. Гуляға, бар достарға сәлем»... Сәлеммен Мұхтар Әуезов.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 366-п.).

27 а қ п а н. Қадірлі дос Әділ!

Әнеугі жіберген деректеріңе сонша зор ырза болдым. Маған қазіргі істеп жатқан жұмысымның тұсында ең қымбат деректер осындайлар еді. Осы қағазды жазған адамың аса бір ұқыпты, байыпты, білгір адам екен. Ауданды қандай жақсы біледі. Енді мен сол өзің жіберген қағаздарды бірнеше дана қып көшіртіп, обкомда Жарқымбеков, Шаяндa Ысмайыловқа жібердім. Шаяннан дәл осындай деректерді осындай мол етіп, нақтылы фактілерін көп етіп жазып жіберсін деп сұрап отырмын.

Сен жіберген қағазды соларға, мысал етіп әдейі жібердім.

Ал енді өзіңнен тағы бір өтініш: былтырғы қыста «Құмкент» совхозының қойы жұтады. Сол совхоздың малын көшірген Шаян ауданының совхоз-колхоздарында мал жұтады. Маған керегі құмнан шығып, Қаратауға жеткенше сол малдардың жолшыбай мекендеген далалары, құдықтары, адырлары, қоныстары қай-қайсылар екенін атап-атап жазып жіберсеңдер екен. Аралары қанша километр екенін көрсеткен жақсы болар еді.

Екінші өтінерім: Былтыр өзің барғаннан бері ауданда қанша база салдыңдар? Қай жерлерге қандай қып салдыңдар? Осылардың аттарын атап, бөлек тізім етіп жазсаң жақсы болар еді.

Үшінші: Былтырдан бері неше балалар бақшасын аштыңдар? Қай жерлерде. Шопандардың балаларына арналып қандай жаңа қамдар істелді. Жаңадан қай жерде, қанша шопандарға көмек ететін медпунктер ашылды? Міне осы деректерді жақында жаздырып жіберсең және де көп алғыс айтар едім...

Достық сәлеммен *Мұхтар Әуезов.*

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 366-п.).

27 а қ п а н. «Қымбат достар Нұртаза, Қалибек!

...Екеуіңнің атыңа Созақ ауданынан менің сұрауым бойынша жазылып жіберілген справканы жолдап отырмын. Шаян ауданы туралы осыған ұқсаған мәлімет маған қазір бүгінгі істеп жатқан жұмысымның үстінде аса қымбат, қажет болып тұр. Екеуің осы мәліметтерді астын әдейі сызған тұстарына айрықша көңіл бөліп, қарап шығуларыңды өтінемін. Содан соң осындай және осыдан көрі молырақ қосымша мәліметтер былтырғы жұттан кейін салынған жаңа базалардың есебі, қай жерде қалай салынған. Шопандар тұратын үйлердің ендігі жағдайы. Солардағы медпункт, ағарту орындары қандай болып жасалғаны сияқты дәл деректер керек.

Бір базада қанша мал қыстарлықтай, кандай азықтар запасы жиылып жасалғанын да айту керек. Қысқасы, құмнан өздерің салдырған жаңа жайлар мен өз аудандарыңа жеткенше мал жүретін, қоздайтын жерлердегі қоныс-өрістер, жаңа база атаулары айтылу керек.

Былтырдан бері шопанның тұрмыс жағдайына қаншалық, қай түрлі жеңілдік, тәуірлік жағдайлар қосылды, сол керек. Осының үстіне былтырдан бері неше балалар бақшасы салынды? Қаншалық медпункттер ашылды? Шопанның балаларына, үй анасы әйелдерге арналып жасалған жаңаша қамқорлық жағдай қандай. Сол керек. Мұның үстіне екеуің соғыс кезіндегі өздеріңнің бастан кешкен соғыс жылдарының есте қалған қиын-қыстау шақтарын айрықша жазып, қай бөлімдерде, қай майданда сол халдарді атқарғандарыңды хатқа түсіруді сұраймын. Тез хабар күтемін....

Достық сәлеммен *Мұхтар Әуезов».*

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 366-п.).

3 н а у р ы з. М. Әуезовтің «Тың ойлары» атты мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көреді.

8 м а р т а. Письмо Союза писателей Узбекистана:

Уважаемый Мухтар Омарханович! Посылаем Вам последнее издание книги Ш. Рашидова «Сильнее бури» для ознакомления в связи с выдвижением романа на соискание Ленинской премии...

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 290. л. 19).

Мұхтар Әуезов. «Өрлеу егіз — қатар болсын» 1961 ж. 18 I. Мұхамеджан Қаратаевтың 50 жылдығына арналған. 2 бет машинкаға басылып, соңына қолы қойылған.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 144-п.).

8 наурыз. М. Әуезов. «Туысымыз, досымыз біздің». Украин әдебиетінің кассигі Т. Г. Шевченкоға жазған мақаласынан: «Тарас Шевченко адамзат нәсілдерінің ішіндегі үркердей қасиетті тобына жарқын қортындысы және сол халқының болашаққа меңзеген ұлы үмітінің шабытты қуат-қайратының жиын тұлғасы». (Мақаланың соңында жазушының өз қолы. 1961, 8 март деп сиямен жазған).

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 444-п. 1—4-б.).

9—10 наурыз. Қызу жұмыс. Т. Г Шевченкоға арналған мәжілісте болдым. Украина жазушылары жақсы сөйледі. Әсіресе Мұқаңның кіріспе сөзі әдемі, әсерлі шықты. Бүгінгі газеттерде арналып, оған молынан орын берілген екен.

(Ы. Дүйсенбаев. Күнделік. 1-дәптер. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 664-п.).

10 наурыз. М. Әуезовтің «Туысымыз, досымыз біздің» атты мақаласы «Қазақ әдебиеті» газетінде жарық көрді.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 469-п. 1—7-бб.).

11 марта. Телеграмма: Алма-Ата, Абая, 185, Ауэзову. Ваш выезд Дели намечен из Ташкента 22 марта четыре утра самолетом рейс 53 паспорт билет везет делегация Тихонов просит Вас подумать заранее возможном выступлении сессии тему ликвидации колониализма срочно вышлите справку о зарплате для расчета командировочных комитет мира Быков.

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 292, л. 47).

14 наурыз. Сәлім.

«1935 жылдан 1945 жылға дейін әскерде курсы ускоренной подготовки помсостава Участник финской войны».

Тор көз блокнотқа сиямен жазған.

Ұлы Отан соғысында қатынасқан Сәлімнің әңгімесін өз аузынан қысқаша жазып алынған. Әңгіме 1 беттен 7 бетке дейін.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 469-п. 1—7-бб.).

16 наурыз. Дет ясли — мақталы аудандарда — полевой стандарда шайханасы мен поставникті стан столовая чайхана и временой. Екі түрлі — қамыс (ол нашары көлеңке), екінші түрі шарбақталған су үстінде, төңірегі штакетке... Көлеңке бар, су — мақталы аудандарда...

Сәлім әңгімесінің жалғасы.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 469-п. 7-б.).

16 наурыз. (сағат 2). Құрметті жолдас М. О. Әуезов. Қазақ ССР Ғылым академиясының қоғамдық ғылымдар бөлімі сізді 1871 жылғы Париж коммунасының 90 жылдығына арналған ғылыми сессияға шақырады. Шақыру билеті № 290.

(«Әуезов үйі ҒМО-ның қолжазба қоры.).

24 марта. Постановление бюро Президиума АН КазССР. Бюро Президиума АН КазССР постановляет: 1. За плодотворную работу по подготовке к изданию II тома «История Казахской ССР Эпоха социализма» объявить благодарность членам редколлегии: М. О. Ауэзову...

Президент АН КазССР

(Сатпаев К. И.)

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 451).

25 марта. М. О. Ауэзов. «Брат наш, друг наш» (о Т. Шевченко).

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 459).

25 наурыз. «10[10] Бірінші күн. Ауэзов М. О. Дели. 1961. март.
1. Бернас.
2. Президиум.
3. Перед. — Сундерлас.
4. Ән айтады — атақты үнді әншісі, кәрі, ақ шашы бұйра, ұзын, жестері кең, қос қолы мол, кең қозғалыстарды артисше, оратып, трибунша жасайды. Ән — фольцет зор, сәл қарлыққан дауыс. Бітіре бере екі қолын мандайына басты. Екінші әйел артистка шығып жерге отырды, екі еркек екі жағында дауыс қосады. Микрофонды жақын ұстап отырысады. Әйел жас, көзілдірікті.

Сундерлас: — Аяғым әлсіз, отырып айтам сөкпеңдер. Құттықтайын. Отанымызға құрмет. Құрмет мен бұл сессияны құттықтайым, бірақ өкінемін, біздің қонақдарлығымыз сіздердің елдей емес...»

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 525-п. 2-б).

26 марта. Пленарное заседание.
1. Южно-Африканский союз өкілі ақ түсті, шашы сары төбел.
2. Так называемая: внутренняя защита «гнусный акт».

Дели.

(Блокнот Ауэзова // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 525. л. 18).

27 марта. Вечер. Кения. Требования немедленного освобождения вождя африканцев. В Кении империалисты подкупают людей, возглавляющих разные организации... Настоящие черты гибнут... д-р Феликс Муми отравлен...

(Блокнот Ауэзова // РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 525, л. 21).

28 наурыз. Кешке. Соңғы мәжіліс. Қаулылар алу. Отаршылдыққа қарсы. Комиссиядан баяндамашы Монтеко. Бұнда 10 қаулы алынған. Қаулылар жақсы жазылған. Өте жақсы қабылданды.

Содан кейін Индия ақындарының Лумумбы жөніндегі өлеңдері оқылды. Бір ақын өз поэмасын оқыды. Захир сөйлеп ұсынған өзге ақындардың үш өлеңі оқылды. Онда бірінші өлең Алушта Притамдыкі еді. Кейін Рамешвара Ееру ұзақтау сөйледі, ақыл, мінез, адамгершілік, ар, жан жөнінен достықты баяндаған бұрынғы идеалист ойшылдар, гуманистер сөзіне ұқсады. Осыдан кейін жиынды Бернас сөзі аяқтады...».

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 525-п. 24-б.).

Наурыз. Ауэзов М. О. (орыс алфавитімен жазылған жазушының өз қолы). (Латын әрпімен).

Н а у р ы з. 10^{00} бірінші күн. (тор көз блокнот) Индияға екінші бару сапарынан күнделік.

Мұрат.

Сберкасса 2694/0605
Новые Черемушки корпус № 43
счет № 4545

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 525-п.).

10 с ә у і р. ...Осындай азаматтық сынға түскен сәтте Мұхаңның қара қылды қақ жарған әділдігін Түгелбай Сыдықбеков былайша әңгімелейді: «1961 жылдың 10 сәуірі. Комитеттің кезекті мәжілісінде жасырын дауысқа түсетін шығармалар іріктелді. «Тау арасында», дауысқа салынарда мен ереже бойынша сыртқа шығып кеттім. Есік сәл-пәл жабылмай ашық қалған екен. Іштен көп тармақты социалды роман — деген Николай Семенович Тихоновтың даусы естілді. Демек, менің шығармамды қолдағаны. Артынша Сергей Сергеевич Смирнов:

— Мұхтар Омарханович, Сіз бұл романды түп нұсқадан оқыдыңыз! Сіздің сөзіңіз ең шешуші дауысқа ие болады, — деді, тамағын қырнап. Мұхаң осы кезде «Я предпочитаю Жамилю...» деп қойды.

(Жомарт шуақты жұлдыздар немесе бір уыс топырақ).

(Шыңғыс Айтматов пен Мұхтар Шахановтың сұхбаты // Жас алаш. 1995. 14 желтоқсан.).

14 с ә у і р. Сол жұмыс. Қеңсеге барсам ешкім жоқ екен. Мұқаңның келгенін естіп сол үйге бардым. Кешке жұмысқа отырдым. Ақырын болса да, ілгері басқанға не жетсін.

(Ы. Дүйсенбаев. Күнделік. 1-дәптер. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 664-п.).

18 с ә у і р. Москва — Кунцево. Ең қымбат іні-досым Есет!

...Кеше хатыңды алып ем, оқта-текте айтылатын бір көңіл-жүрек сөздері айтылған екен. Алғыс деген аз ғана. Орайына сондай шындық жүрек құшағы лайық та. Мен сені Қазақ әдебиетінің, әдебиет ғылымының айнымас, қажымас, жылдар жүрсе арымас жегіндісі — Еңбек торысы дейім. Сол үшін сүйем де бек бағалаймын. Адамдығың, адалдық достығың өзіңе бір дара. Сенің жұртқа еткен еңбегің аз ба? Сен мені айтыпсың, соны оқып отырып мен сенің өзіңді көп-көп еске алдым. «Өзі ғой осындай көпке көмегі, көп іске себі тиіп, талайда-талайдан алғыс алатын жан» деймін. Соның ішінде әсіресе қазақ совет әдебиетінің үлкенді-кішілі жазушыларына сені мен сендей бірнеше жандардың сіңірген еңбегі аз ба? Жақында Москвада Әлжаппар, Тақауи, Қалтай үшеуі отырған бір отырыста сыншы-оқытушы-зерттеуші — сен бастаған жандардың жазушылар үшін қадырлы көмек еңбегі қандайлық екенін сөйлеп ем.

Мені көп айтыпсың, көп жүрген соң жақсы жаман ұзақ өмір жолына жамала беретін шығар. «Көп жүрген» дегеннен шығады, бұрын жасы үлкеннің жақсы белгісі есебінде «бір көйлекті бұрын тоздырған ғой»

дейтін еді. Көйлекті бұрын тоздыра жүріп өзін де қоса тоздыра жүретіні есепке алынбайтын.

Мен тегі өмірдің өрі-қыры, биігі мен ойпаңы, қысталаңы мен шатқалы дегенді көбірек көргемін. Кейбіреулер өмірі біркелкі тура, түзу жатық жазаң жолындай өткен болса, менікі тіпті саушылық жағының өзінен алғанда да жаңағыдай тәрізді.

Бірақ бәрінен де ұдайы сау, сергек кеудемен әсіресе өмірді таза мол сүюмен өтіп келемін. Солай топшыласам: күйінгенімнен — сүйгенім көп, түнілгенімнен де сенгіштігім көп, жиренгеннен гөрі құмартқаным көп, бүгінгі өмірді шабыттана сүюім, шексіз қызыға сүюім анық мол...

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры.).

Сәуір. ...Біз Москвада кездестік. Әдебиет және өнер саласында Лениндік сыйлықтар жөніндегі кезекті бір мәжілісінде қатар отырдық. Сарапқа түскен әрбір роман, повесть, не спектакль, кинофильмдер туралы пікірлерімізді айттық. Сізге комитет мүшелері зор ықылас-ілтипат көрсеткенде мен өзімнің ағамды сыйлағандай сезініп, айрықша мерейлендім.

Содан кейін Кремль бағына бардық. «Москва» мейманханасын айнала ұзақ жүрдік. Қоштасар алдында Сіз:

—Түгелбай 25 июньде Валентина Николаевнамен бірге сенің үйіне түсеміз. Ыстықкөл жағасында үш ай дем алайық бірге. Айтылмаған жайлар, шешілмеген сырлар айтылсын!..

25 июнь күні Сіздер келмедіңіздер...

(Түгелбай Сыдықбеков. Іниден ізет. // Жұлдыз. 1977. № 9. 172-б.).

22 апреля. Доверенность Ауэзова М. О. шоферу Розакову Акраму на право распоряжения автомашиной марки «ЗИМ», номерной знак 30—90 ШД, мотор 850964. (бланк заполнен от руки фиолетовыми чернилами). Подпись *Ауэзова М. О.*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 613, л. 14).

22 апреля. Доверенность Ауэзова М. О. шоферу Розакову Акраму на право распоряжения автомашиной марки М-21 «Волга», номерной знак 73—39 ШД, мотор 116009. (Бланк заполнен от руки фиолетовыми чернилами). Подпись *Ауэзова М. О.*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 613, л. 13).

Апрель. Из стенограммы выступления М. О. Ауэзова на секции литературы Комитета по Ленинским премиям СССР:

...Вы наверное помните то, что сказал очень ответственно мыслящий товарищ Мирза Ибрагимов: «Давайте Ленинскую премию не за то, что национальные авторы, а за то, что мы создаем равноценные с русскими писателями произведения». Я думаю, что это было заявлено от всех нас, писателей братских литератур.

И сказать, что нужно исходить от уровня национальной литературы, это значит полагать, что есть один уровень для русской литературы, другой — для украинской, третий уровень — для узбекской литературы, а четвертый, скажем, — для якутской литературы. Так нельзя говорить. Мы ответственно заявляем, что требования у нас одинаковые:

только за хорошие произведения, только за равноценные с лучшими произведениями русской литературы нужно думать давать Ленинскую премию. Высказав все это, я хочу закончить еще и тем, что тут существует один деликатнейший момент: это отношение братских литератур. В этом отношении есть такое положение, когда многие писатели, члены Комитета, высказываются по другим произведениям, а когда речь идет о братской литературе, то здесь считают, что отношение к ней должно выражаться в каком-то молчаливом внутреннем согласии или несогласии.

По-моему, братство (я думаю, что товарищи узбеки поймут меня правильно) требует прежде всего искренности и правдивости в наших взаимоотношениях друг с другом. Мы в своих литературных взаимоотношениях, как и вообще в людских взаимоотношениях, должны говорить, как брат брату, всю правду...

(Архив Комитета по Ленинским и Государственным премиям СССР).

Апрель, май. ...В апреле 1961 года группе молодых литераторов выпала дорога в Кзыл-Орду, Мухану — в Чимкент. Сели в один поезд. На следующий день, когда поезд приближался к Чимкенту, мы зашли в купе к Мухану. Мухан сидел, глядя в окно, погруженный в думу. Увидел нас.

— А пришли, садитесь. Хорошо, что зашли.

Мы сели.

— Как хороша весенняя степь! — задумчиво сказал он.— Вон смотрите, те юрты кругами остаются позади. Юрты — украшение степи.

— Муха, есть старая пословица: кто не отведает угощения у старшего, тот не попробует его и у аллаха,— пошутил я.

— Вот чудак, почему не сказал об этом сразу! Эй, Куандык, ты же мастер в этом деле, организуй сам,— повеселел Мухан и вынул из кармана пачку денег.

— Нет, Муха, неудобно,— сказали мы смущаясь.

— Дом брата, как говорят, гостеприимнее джайляу, поэтому здесь ничего стыдного нет. О чем вы говорите! Вот какие смешные вы,— подбадривал он нас.

Мы всегда удивлялись, как свободно плавал Мухан в литературном океанском просторе. Человек, встретившись с ним наедине, побаивался, как бы он не спросил его о неизвестном. Восходящие гении, заходящие светила были у Мухана, как на ладони. Он читал наизусть длинные отрывки из шекспировских трагедий. Его бархатный голос переливался и, рокоча, проникал в глубь душевных переживаний Гамлета, Отелло. Человек, знакомый с переводами Мухана «Укрощения строптивой», «Отелло», преклонялся перед талантом его как переводчика.

...Помимо всего Мухан был большим психологом. Его острый глаз только по внешнему виду определял настроение и мысли человека. Часто неожиданный вопрос Мухана заставал меня врасплох, мне-то казалось — я умел скрывать свое состояние.

...За месяц до рокового дня Мухан лежал в алма-атинской больнице. В воскресный день с целой группой писателей мы пошли к нему.

Мухан сидел в саду. Увидя нас, обрадовался. И все время говорил о работе, творческих планах. И ни слова — о болезни. Сказал, что редактирует «Оскен оркен» (Роман «Племя младое»).

— Завершаю еще одну редакцию первой книги. Пересматриваю каждое слово, отбрасываю лишний груз, снаряжая в дальнюю дорогу,— с воодушевлением сообщил он.

Потом стал расспрашивать нас о наших планах. И не просто слушал, а вникал в каждый наш замысел, старался помочь советом.

Через два дня я встретился с Муханом во время похорон поэта Жумагали Саина. Лицо Мухана потемнело. Посмотрел я в глаза — слезы в них.

С кладбища Мухан предложил мне ехать в его машине. Я за день до этого побрил голову, и Мухан, заметив шрам на моей голове, засмеялся.

— Ты, верно, в детстве озорником был. На голове твоей, по-видимому, множество меток. Вот сейчас надеть на тебя цветной чекмень, крепко опоясать длинным ремнем, посадить на холм, как богатыря, ей-богу, никто из казахов, киргизов не выйдет померяться с тобой силой.

После этого несколько помолчал и сказал:

— На днях лечу в Москву на операцию. Потом в Семипалатинске буду отдыхать. Поедешь со мной?

— Если Вы приглашаете, как не поехать?

Спустя короткое время я осознал, что это была последняя встреча...

(Сырбай Мауленов. Горячее сердце, блестящий ум // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 201—202).

5 мая. Письмо Абдуллина Искандера из Казани Ауэзову М. О.:

Многоуважаемый Мухтар Омарханович!.. Обращается к Вам один аспирант, специальность моя лексикография татарского языка. Побудило меня писать, может, то, что я Вас, Вашу книгу знаю с отроческих лет. Мой товарищ, тоже ученик 8 класса (тогда) показал мне толстенькую книгу, советовал мне прочесть, ибо он, хотя и «техник по призванию», все же не смог оторваться от этой книги. То был Ваш роман «Абай». И я, старающийся прочитать все, что имелось в скромной библиотеке с весьма скромным количеством книг, взялся за нее. «Взялся». Так говорю, что моих знаний по русскому языку едва хватало читать сказки на русском языке. В одном уже заглавии было что-то знакомое. У меня была книга стихов Абая на татарском языке. Стихи его мне очень нравились за исключением одного: мне хотелось видеть своего тезку — Искандера — не таким, как он дан в поэме. В этой «толстой книге» мне представился сам Абай. Не знаю почему, быть может и потому, что национальный колорит оригинала был сохранен в переводе, я с большим интересом прочитал ее, осилил, не только осилил, а был обогащен, и со стороны русского языка и духовно — с другой. Я волновался вместе с героями. Может быть и потому, хотя я не знал изрядное количество русских слов, я догадывался о чем идет речь. Уже в студенческие годы я читал «Путь Абая». Однажды, приехав в Казань из Зауралья, близ кустанайских степей, где учительствовал, я увидел в книжном магазине «Абая» уже на татарском языке...

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 591, л. 10).

6 мая. Приложение к приказу Министерства культуры Казахской ССР № 92.

Состав комиссии: при Министерстве культуры Казахской ССР для определения III и IV групп и для рекомендации на I и II группы художественных фильмов и для определения по всем группам короткометражных фильмов.

Галимжанова Л. Г — председатель комиссии, Министр культуры Казахской ССР. Айманов Ш. — зам. председателя комиссии, кинорежиссер. Члены Комиссии: Ауэзов М. О. — академик, писатель...

(ЦГА РК, ф. 1890, оп. 1, д. 1530, св. 264, с. 163).

6 мая. Протокол заседания Президиума АН КазССР.

Присутствовали: Сатпаев К. И., Полосухин, М. О. Ауэзов... и др.

1. Об организации Института литературы и искусства.

В целях разработки этих насущных проблем литературоведения и его дальнейшего развития и в соответствии с Постановлением ЦК КП Казахстана и Совета Министров КазССР от 18 мая 1960 г. за № 472.

Президиум Академии наук Казахской ССР постановляет:

казахская советская литература,
казахский фольклор,
казахская советская народная поэзия,
казахская дореволюционная литература,
взаимосвязь национальных литератур,
социалистический реализм в казахской литературе,
казахское музыкальное искусство,
казахское театральное искусство,
казахское изобразительное искусство.

Президент АН КазССР, академик *(К. И. Сатпаев).*
Академик-секретарь АН КазССР, академик *(Ш. Чокин).*

(Архив АН РК, ф. 2, оп. 1, д. 924, л. 177—179).

6 мая. Приложение к приказу Министра культуры Казахской ССР № 92.

Состав комиссии при Министерстве культуры Казахской ССР (для определения III и IV групп и для рекомендаций на I и II группы художественных фильмов и для определения по всем группам короткометражных фильмов).

1. Галимжанова Л. Г — Председатель комиссии Минкультуры КазССР 2. Айманов Ш. — зам. председателя комиссии, кинорежиссер.

Члены комиссии: 3. Абишев О. — кинорежиссер. 6. Ауэзов М. О. — академик, писатель. 17. Акушев Ф. — гл. редактор по сценариям...

(Гос. архив РК, ф. 1890, оп. 1, д. 1543, л. 23).

8 мамыр. Пікір. ҚазГУ филология факультеті студенті Рахымжанов Төлегеннің «Жұлдыз» журналындағы сын» деген тақырыптағы дипломдық жұмысы туралы. Бұл дипломдық жұмыста бірінші тарау, кіріспе бөлімде сәл ұзақтық бар. Одан кейінгі тараулар мен бөлімдер аталған тақырып бойынша дұрыс басталып, орынды дамып өрбиді. Әр та-

раудағы деректі зерттеулерінде Рахымжан өзінің ғылымдық сын талдау жұмысына жақсы әзірлігін таныта білген...

Рахымжанов өзінің сын-зерттеу ісіне әзірлігін барынша танытқан. Сол үшін бұл еңбекті «өте жақсы» деп бағалау лайық деп білемін.

Профессор *М. Әуезов.*

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 495-п. 14-бет.).

12 мамыр. ҚазГУ филология факультетінің студенті Құмарова Шарбанудың «Образ және образдылық» деген дипломдық жұмысы туралы. Мен бұл диломдық жұмысты елеулі, құнды зерттеу деп бағалаймын. Бұндағы талдаған шығармалардың бәріне де дәл осы тұрғыдан қарап жазылған еңбектер жоқтың қасы...

Профессор *Мұхтар Әуезов.*

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 439-п. 7-б.).

Мамыр. Филология ғылымының докторы профессор Әуезов Мұхтар Омарханұлы жетекшілік еткен Сүйіндіков Әсербайдың дипломдық жұмысы т. «Ұнамды герой проблемасы» (Соғыстан кейінгі қазақ прозасындағы жастар образдары туралы).

Филфак. Қазақ әдебиеті кафедрасы, ҚазМемУниверситеті. Қолтаңба. Асыл ұстазымыз, теңдесі жоқ білімпаз, үлкен ойлы, ұлы адам — Мұхтар Омархановичке жастық жалынның барша жүрегімен. Ізгі тілек білдіруші шәкірт Әсербай Сүйіндіковтен.

Мамыр. 1961. Алматы.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры, 38-п. 34-б.).

Мамыр. ...Қазақ интеллигенциясының, әдеби қауымның ағысында болған Мұхаңның бір жаққа сапарға шығуы мен қайтып оралуының өзі үлкен той болатын. Мұндайда Мұхаң үйіне шығарып салушылар мен тосып алушылар толып кететін-ді.

Міне, жолдас-жоралары, достары, туған-туыстары, шәкірттері, тағы да Мұхаң үйіне жиналды. Бұл жолы ол емделуге Москваға жүргелі отыр. Кісінің соншалық жиналғанына риза болды ма, әлде көпшіліктің өзіне деген жақсы тілегін, ниетін ырым етті ме кім білсін, әйтеуір Мұхаң ерекше көңілді болды. Ол ауру жайын ауызға да алғысы келмеді.

Сөйтіп көшкен елдей улап-шулап он шақты машинамен аэропортқа жеттік. Самолеттің ұшуына әлі біраз бар. Ортада Мұхаң. Тағы да тамаша әңгіме, тағы да жақсы тілек. Ақыры әз аға көпшілікпен қоштасып, самолетке отырды. Мұхаңды шығарып салушылар «Ил-18»ұшқанша тарамады. Ақыры самолет те көтеріле жөнелді. Мұхаң мінген самолет бірден-бірге биіктей берді. Самолет емес, Мұхаңның өзі бірден-бірге жоғарылап, әуелеп бара жатқан сияқты. Ия, Мұхаң қашан да аспандай береді, биіктен биікке шырқай береді...

(Ғазиза Бисенова. Шырқау биікке шыққан адам. «Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры. 671-п. 40—41-бб.).

Мамыр. ...1961 жылдың мамыр айы. Сол кезде Совмин ауруханасы дейтін астананың нақ орталығындағы бір орамды алып жатқан ме-

кен жайға аяндадым. Мұхаң сырқаттанып осында жатыр деген. Пәленбай сағатта, пәленбай минутта сонда болуым керек. Мұхаң шығып маған дипломдық жұмысыммен оған жазған пікірін бермекші. Бір сәтте есік айқара ашылып, ар жағынан қақпақтай жауырыны қостақтауды тірегендей Мұхаң шықты. Күлімдеп менің сәлемімді қабылдады. «Оқып шықтым, бір секөнт уақыт жоқ, апарып Зейноллаға оқыта ғой». Ұсынған көк қатырма папкені алып, рахметімді айттым...

(Шәрбану Құмарова. Үмітін ақтай алдым ба // Қазақстан әйелдері. 1996. № 6. 6-б.).

М а м ы р. ...Соңғы рет Мұхаңмен 1961 жылы май айының ақырғы күндерінде, қайтыс болуына бір ай шамасы бұрын ауруханада кездестік. Алдымен денсаулық, хал-жай сұрастық. Ол: «Пәлендей ауруым жоқ... Шынын айтқанда, мен мұнда ауырып емделіп жатқаным жоқ, жұмыс істеп жатырмын», — деп, бөлмесінің бір жағында тұрған столға, оның үстінде үйіліп жатқан қағазға қарады...

(Б. Кенжебаев. Ақылгөй ағамыз. // Біздің Мұхтар. А., 1976. 301-б.).

19 м а я. М. Ауэзов очень заботился об ученых других республик, среди которых у него было много истинных друзей. С интересом говорил он в мае 1961 года о своем отзыве на докторскую диссертацию узбекского ученого-филолога и писателя Иззата Султанова. И в этой связи вспоминал о вновь переизданных романах Абдуллы Кадыри: «Мы все в молодости,— говорил он,— зачитывались романами Абдуллы Кадыри. Мы поражались его мастерству лепить человеческие характеры, доносить до нас бурю человеческих страстей, обжигать гневом, возвышать любовью к своим героям. Абдулла поражал нас своей неистребимой ненавистью к душителям человека. Он произвел на нас всех неизгладимое впечатление» (запись от 19 мая 1961 года)...

(Евгения Лизунова. Человек-легенда // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 287).

25 м а я. Пригласительный билет: Уважаемый товарищ Ауэзов М. Дирекция Алма-Атинской государственной консерватории им. Курмангазы приглашает Вас на просмотр дипломного спектакля актерского факультета «Каракоз» М. Ауэзова (спектакль шел на сцене объединенного казахского и русского театра драмы 25 мая 1961 г.).

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 292, л. 2).

26 м а я. ...Утром 26 мая Мухтар Омарханович раньше срока выписался из больницы, чтобы вечером пойти в консерваторию, на сцене которой студенты студии ставили после долгого перерыва его трагедию «Карагоз». Ведь в 20-е годы, когда она впервые была поставлена на профессиональной сцене, он не видел ее, тогда он учился в Ленинграде. Так до того вечера в театре он и не видел ее, теперь он смотрел с необычайным интересом, волнением, восхищаясь талантливой молодежью, возвратившей его к незабываемым дням молодости, заставляя заново пережить прожитое. Несколько дней подряд после этого вечера он рассказывал и рассказывал об этой постановке. И все время подчеркивал,

что на афишах надо писать именно «Карагоз», а не «Каракоз», как следовало бы по законам грамматики. В этом он видел какую-то особую прелесть в имени своей героини...

(Евгения Лизунова. Человек-легенда // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 284, 285).

27 мая. ...Остается полная жизни строка в одном из последних писем к своим друзьям, в котором писал, что «увез с собой неосуществимую мечту», уехать отдыхать «к цветущим тюльпанами алым полям»: «Маково-тюльпановые поля только в мечтаниях моих».

Родная земля его звала. Это она, видно, навеяла ему образ алых полей, когда 27 мая Мухтар Омарханович выступал на конференции читателей своего романа в Джамбулском районе Алма-Атинской области. Последнее публичное выступление перед народом о своем романе...

(Евгения Лизунова. Человек-легенда // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 285).

Май. ...Я многим обязана Мухтару Омархановичу — я никогда этого не забуду. Я сдерживала слезы, слушая его выступление на банкете после официальной части моего юбилейного праздника — моего шестидесятилетия. Это были подлинные слова друга, пронесшего через все сложности и тернии жизни такое настоящее и такое доброе имя для меня отношение ко мне. Эти слова остались у меня в памяти навсегда.

И вот последняя встреча. Май 1961 года. Я на несколько месяцев уезжала в Москву и на свою родину — в Ленинград, и пришла проститься перед отъездом. Войдя в кабинет, я поздоровалась с Мухтаром Омархановичем и спросила, как его здоровье. Он вдруг быстро повернулся в мою сторону:

— А что?

— Решительно ничего, Мухтар Омарханович,— ответила я.— Я не успела договорить своего вопроса. Дальше я спросила бы, каковы ваши планы на лето, встретимся ли мы в Москве...

Он улыбнулся и с увлечением заговорил о своих ближайших планах: писать будет о том-то, съездить собирается туда-то,— видно было, что энергия его остается такой же кипучей и неиссякаемой, как всегда.

— Значит өрде?[1] — спросила я.

Он рассмеялся.

— Ну разумеется. Иначе это не жизнь!

Может быть, жизнь, которую он так любил, в ответ на такую любовь подвела его к черте небытия таким же кипучим, полным энергии, планов и надежд, каким он был от юности до последнего своего дня?

Могучие деревья умирают стоя...

(Анна Никольская. Листки воспоминаний // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 169—170).

---

[1] *Өрде* — казахская идиома широкого значения. В основном обозначает «вперед и вверх». Так названа М. Ауэзовым одна из глав первого тома «Путь Абая» в оригинале.

30 мая. Объединенный Ученый Совет № 30—108. Академику АН КазССР Ауэзову М. О.

Объединенный Ученый совет отделения общественных наук Академии наук УзССР направляет Вам для ознакомления автореферат диссертационной работы тов. Каюмова А. Б. на тему: «Кокандская литературная среда XVIII—XIX вв.», представленной на соискание ученой степени доктора филологических наук, защита которой намечается на 15 июня 1961 г.

Ученый секретарь.

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 557, л. 14).

30 мая. Ташкент. Участие в объединенном Ученом Совете Академии наук Узбекской ССР.

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 557).

Мамыр — маусым. Тағдыр дегенді қойсаңшы. Мұхаңмен ақырғы рет 1961 жылы ауруханаға жатар алдында «Москва» қонақүйінде жолықтым. Өзі аса көңілді екен. Елден алып келген қазы-қартасымен асықпай шай ішіп, әкелі-баладай емін-еркін сырласып түңгі сағат 1-ге дейін отырдық. — Кунцево ауруханасына жатқалы келдім. Полип деген залалсыз ісік көрінеді. Күш-қуатым бар, қоңды кезімде құтылғаным жөн шығар, — деді. Ұлы ұстаздың ыстық дидарын ақырғы мәрте көріп, қолынан дәм татып, лебізін соңғы рет естіп тұрғанымды білсемші! Келесі күні ойымда түк жоқ мен Фрунзеге ұшып кеттім...

(Ш. Айтматов. Жомарт шуақты жұлдыздар / Жас Алаш. 1995. 14 желтоқсан.).

1 маусым. Хат. Алматы қаласы. Абай көшесі, № 185, үйі. М. О. Әуезов жолдасқа. Құрметті Мұқа! ...Фильмдерді топқа бөлу және олардың тиражын белгілеу үшін одақтық республикалардың мәдениет министрлігін жанынан комиссия ұйымдастырылады...

...Сол комиссияның құрамына қазақ әдебиетінің көрнекті қайраткері, құрметті Мұқа, Сізді де еңгізіп отырмыз және комиссияның жұмысына белсене қатысатыныңызға сеніміз мол.

Комиссияның мәжілісі болатын күнді дер кезінде хабарлап тұрамыз.

Құрметпен *Ғ Ғалымжанова.*

(ҚР МОА. 1890-қор. 1-тіз. 1543 іс. 37-пар.).

1 июня. Профессору М. О .Ауэзову. Реферат Шарипова М. на тему: «Творческий путь Гайрата» для ознакомления.

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова», п. 558, л. 2).

Июнь. ...В последние годы жизни М. Ауэзова мы были соседями и тесно общались друг с другом. Мы вместе прогуливались, отдыхали, бывали в гостях. Особенно запомнился мне выезд в колхоз им. XVIII партсъезда Каскеленского района. Труженики района устроили писателю теплую встречу, благодарили за роман «Путь Абая», желали новых творческих успехов. Школьники приняли его в почетные пионеры. Затем колхозники, молодежь, самые юные читатели несколькими группами фотографировались с писателем. Мухтар-ага с удовольствием

усаживался в тесный круг своих почитателей. Это было за три дня перед последним выездом его в Москву. Таким и запомнился мне Мухтар Ауэзов, глубоко уважающий людей труда и всеми уважаемый. Он был неразрывно связан с народом, в нем он черпал творческую энергию, ему отдавал жар своего сердца...

(Гайса Сармурзин. Наставник и брат // М. Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 315).

Июнь. ...В мае 1961 года Мухтар Омарханович заболел и попал в больницу. Несмотря на болезнь, он постоянно держал связь с вновь открытым Институтом литературы и искусства, сотрудничал в нем. Ежедневно приглашал в больницу М. Базарбаева, Е. Лизунову, меня и других товарищей, обменивался мнениями, советовал. Работа его не прекращалась.

Тогда в той же больнице вместе с Муханом находился поэт Жумагали Саин. Его болезнь прогрессировала. Состояние здоровья с каждым днем ухудшалось. И Мухан, как бы забыв о своей болезни, в день по нескольку раз звонил по разным телефонам, встречался с главным врачом, чтоб только как-то облегчить положение Жумагали.

— Да вы же и сами больны! — напоминали мы.

— По сравнению с Жумагали я — здоровый человек,— отвечал он.— Я на ногах. Через неделю поеду на лечение в Москву. А потом полечу в Англию. Что я? А Вот Жумагали тяжко болен. У него дома малолетние дети. А им еще отцовские плечи нужны...

Так Мухан выражал свое сочувствие и заботу. В конце мая Мухан выписался из больницы. Через два-три дня сообщили ему диагноз. В этот вечер я был у него. Мухан сидел очень невеселый. Он мне пояснил:

— Есть что-то в желудке. Судя по словам докторов, надо лечиться в Кремлевской больнице. Ложиться на операцию.

Каждое слово Мухан произносил так, что чувствовалось: болезнь с тяжелыми последствиями и она вселяет в него тревогу.

— А без операции нельзя обойтись?

Этот вопрос, кажется, подействовал больно. Мухан нахмурил брови и произнес:

— Дело может плохо кончиться. А вдруг — злокачественная опухоль?

И потом резко и решительно добавил:

— Запускать нет смысла. Лучше пойти на риск. Целесообразнее однажды отмучиться...

Было неуместно отговаривать от лечения, от операции. И врачи и он сам уже сделали окончательный выбор. Если бы разговор шел о судьбе художественного произведения, можно было бы поспорить, что-то сказать. А здесь я молчал.

Назавтра мы — Мухан, я, Мухтар Жангалин, Гайса Сармурзин — вчетвером совершили поездку в колхоз «Казахстан» Джамбулского района. По дороге Мухан вел шутливые, остроумные разговоры, поднимая всем настроение. Гайса все больше затрагивал темы, связанные с молодостью Мухана, проведенной в Семипалтинске и на тобыктинской земле. Оживленный Мухан с удовольствием его поддерживал. Он подробно описывал, как с сыновьями мы и родственники Абая в ущельях Чингиса и вдоль Доголана и Орды устраивали забавные развлечения,

вспоминал, кто каким искусством отличался, каким обладал характером. В промежутках Гайса задавал щекотливые вопросы: «А где то-то? А почему пропустил это?». А за теми словами скрывались длинные, интересные истории, связанные с далекими годами юноши Мухтара. Нескрывая, посвящал нас и в эти истории.

В колхозе состоялась встреча с учащимися. Там собралось много людей. Мухан выступил с большой речью о связи писателей и читателей, об ответственности литератора перед народом.

А 28 мая умер Жумагали Саин. Мухан переживал сильно, он плакал.

Мухан уже собирался в Москву. В день отъезда он попросил у меня роман Зеина Шашкина «Темиртау» и увез с собой. Известно, что самое последнее письмо его посвящено этому произведению. Третьего июня на аэродроме провожали Мухана. Он улетел. Мы остались. В этот день мы видели его в последний раз. После отъезда я два раза обменивался с ним письмами. Один раз по телефону, узнавал о его состоянии. Письмо, написанное в больнице 18 июня, получил 22 июня. Это письмо подействовало на меня удручающе. Я глубоко задумался. Неужели он прощался? Неужели он выражал последние слова завещания? Я снова сел за письмо. Но дважды порвал написанное. Наконец одно письмо я передал через Валентину Николаевну, уезжавшую в Москву. Это письмо было передано Мухану 25 июня...

(Есмагамбет Исмаилов. Зовущий на вершину // М .Ауэзов в воспоминаниях современников. Алма-Ата, 1972. С. 252—254).

2 июня. Глубокоуважаемый Мухтар Омарханович! Прежде всего прошу Вас извинить меня за несвоевременный ответ на Вашу телеграмму, адресованную Ученому Совету отделения общественных наук АН УзССР. Ваша авторитетная положительная оценка моей диссертационной работы, посвященной творчеству А. Қадыри, сыграла огромную роль в моей защите. Вашу телеграмму на Ученом Совете зачитывали первой, и весь зал встретил ее аплодисментами. Сто процентов Ученого Совета голосовало за присвоение мне ученой степени кандидата наук. Глубоко взволнованный вниманием к своей работе такого выдающегося советского писателя как Вы, я считаю своим долгом выразить Вам, Мухтар Омарханович, мою искреннюю горячую благодарность.

С уважением *А. Алиев.*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова»).

18 июня. Письмо М. Ауэзова Е. В. Лизуновой — члену-корреспонденту АН ҚазССР:

Евгения Васильевна, друг мой дорогой, родной! ...Получил Ваше письмо. Оно выражает Вашу неизменную душевную теплоту, самую дорогую для меня дружбу Вашу. Что я думаю о Вас как человеке, деятеле нашего фронта, я написал Муслиму в новом своем письме к нему. Не месяцы и годы, а целое десятилетие устойчивой испытанной верной дружбы Вашей ко мне, к моим делам — ведь это и есть узы, связывающие судьбы, биографии, разум и сердце в нашем шествии по жизни. Вы, я думаю, знаете, я дорожу Вами как хорошим, надежным и стойким другом казахской литературы в целом, дорожу и говорю людям, каза-

хам особенно, что это тот хороший, настоящий русский молодой человек, в котором советское воспитание вырастило ленинское широкое, дружеское расположение и любовь к духовному миру другого советского народа... много, много должно быть таких людей именно от русской литературы, народа, истории, которые самым надежным образом укрепляют узы дружбы, коммунистической дружбы между нашими братскими народами. Вот куда ведет моя дружеская братская любовь к Вам и Ваша сердечная дружба ко мне, Женечка милая.

...Очень возможно, буду делать операцию в те дни, когда у Вас в Алма-Ате будут праздники. Это хорошо, так даже будет лучше для моего сознания, буду участвовать я мыслями, всем сердцем, причем с сознанием, конечно, что незримо участвую и я своими скромными делами...

Очень и очень хотелось бы прочесть Вашу книгу в напечатанном, солидном, хорошо оформленном виде.

Что с моим другом Исхаком? Он не приехал на мои проводы, где была масса народу, и не пишет, не дает знать о себе. А ведь вместе с Вами сделал великое дело для меня, подготовил мою книгу, и я беспокоюсь и бесконечно благодарен и полон любви и признательности к нему. Пишите об институте, о людях ваших, напишите о празднике. Сердечный привет всем Вашим родным — папе, маме, супругу. Крепко, крепко жму Вашу руку.

Ваш *Мухтар Ауэзов.*

(РФ НКЦ «Дом Ауэзова»,).

Маусым. М. Базарбаевқа. Қымбатты Мүсілім! Кешеден бері мен Москва сыртындағы Кунцеводағы Кремлевка ауруханасындамын. Жақсы консультация жасаймыз, кім керек болса соны алғызамыз десті. Тағы да рентгенмен анықтаулар болмақшы. Түбі тегі операция бола ма деймін. Не болса да өз Отанымыздағы ең тәуір дейтін больницадамын, сенемін де, емдеріне көнемін. Өздерің енді қалай өсу-өрлеудесіңдер? Институт қалқиып тұрды ма? Орын жайларың жайғасты ма? Кімдерді келтіріп алып жатырсың? Көмектер қандай? Әнеугі Ш. Шокиндегі сөз бойынша Волковтың қолын қойғызып алуға келе әрекет еткеміз. Б. Ысқақов екі күн арнаулы әрекет етіп, ақыры кеше мен больницаға кетерде Волков та қол қойды, бәрі де ойдағыдай орындалды деді. Мен сендерге документтерін жіберуді сұрадым, аларсыңдар. Бұл жөндер жайланды. Жалпы бар жаңалықтар туралы хат жазыңдар... Көп сәлем. Москва. *Мұхтар.*

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры.).

17 маусым. ...Қадірлі дос Мүсілім! Хатыңды алып қатты ырза болдым. Көңіл, бейіл, тілектестігіне көп-көп алғыс айтам. Институт өміріне жегіне кіріскен көрінесің... Өндіре тартып, үдеп-үдеп кете барасыңдар деп нық сенемін. Ендігі біраз мәселелерің шешіліп те қалған шығар...

Мен 20-сы күні болатын консилиумды тосып отырмын. Солар операция жаса десе жасатамын. Бұл хат той үстінде барар. Қазақстан ұлы

той мерекесі кезінде бар-бар коллективінді, үлкен-кіші дос-жаранның баршасын дос көңілмен құшақтап құттықтаймын.

Мұхтар Әуезов. Москва—Кунцево. Жаңалықтарын тосамын.
(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры.).

21 маусым. Москва, Кунцево.

Қадірлі дос-іні Тахауи! Сен берген кітабыңды түгел оқып шығып осы хатты жазып отырмын. Әрине сенің үлкен еңбегің, өзінді кең құлашыңмен, өнімді өріс-өрнегіңмен емін-еркін танытқан шығарма «Қаһарлы күндер». Мына шығармаларда «бертін соқтың», «кемшіл келдің» демекші емеспін.

Бұларда сен әдейі кіші жанрлардың әр алуанына толған көруді мақсұт еткенсің. Өз ішіндегі басылмаған пернелеріңді де тіл-үн қатырып, тебірентіп көрмек болғансың. Әрі сен пьесалар да жазып жүрсің. Сценарийді де қолға аласың. Осының бәрі өте заңды іздену, іздену жолындағы бел-белестер.

Мен сенің мақалаларыңнан, үлкен романыңның да кей бояуларынан осы менімен туыстас-ау деп ойлап жүруші ем. Ал мынада мен өзімнің сезімдерімді, сырларымды саған жаздырып, саған бауырымша сеніп, еліге еріп, ырза болып отырғандаймын. Әрине, бір шыншыл шығарма солай еліктіреді де, ал өз жүрегіне ұқсап соққан жан тамырды жан бауырдай сезбекке шаран жоқ.

Мен сені, Әбдіжәмілді, Зейнолла, Тәкенді, Сафуанды — көптен бастан бөлек санайтұғым. Енді әдебиет болашағын ойламай болмайды. Сендерді сол болашағымыз дейім. Өзіме етене жақын дегенде сенен — менің жасырақ шағымда өзімнен таппаған жақсы сыпаттарды көремін. Сенің отың менен қызуырақ, сенде ерте түскен ой бар деп сенемін. Әдебиеттің арайлы ойы болса керек дейім. Сондықтан анау бір жылдарданақ саған, сендерге мен безразлично қарай алған емеспін. Алдарыңнан жауапты, ойлы жаңалықтарды өзге бір қазақтан молырақ күткен күйдемін.

Екінші бір өнімді топ: Мұхаметжан, Хамза, Зейін. Бұларды сендер көбірек түсіне ойласаңдар әділ болады. Олар жастай кетіп, ұзақ заман таусылып қалған жігерлі талант, өмірге қомағайлық (жақсы мағынада) ала келген. Шығармалық шабытқа да сондай қомағайлар. Өнімді еңбек етіседі. Сендердей, осылардай адамдарға байланысты болашақты, үдей басатын, алғыдан асатын болашақты ойламасақ кім боламыз? Ал «алғы» дейтін қаншалық? Қанша кен қалың қатпар өткелің жатыр. Шап-шағын ғана емес пе? Әсіресе ол мәдениетті өнер боп та өсіп піскен емес қой. Көбінше көбікті толқын санап жүрміз ғой. Мен операция тосудамын. Сәлем, көп сәлем.

Р... Әбдіжәміл, Зейнолла бәр-бәріне көп сәлем. Республика мерекесі бәріне құтты болсын, мен жүрекпен, тілекпен, бәріңмен біргемін...

Мұхтар.

(«Әуезов үйі» ҒМО-ның қолжазба қоры.).

23 маусым. «Москва» қонақ үйі. Кешке Алматыға оралмақпыз. Сәске кезінде телефон соғылды. Зейнолла Қабдолов екен. Даусында бір абыржу бар. «Әбеке, ертең Мұхаңа операция жасалмақ. Барып шыға

көріңіз. Біздің шәкірттік сәлемімізді тапсырыңыз. Ал тілеуіміздің өз үстінде екенін жеткізіңіз».

Қалың жаңбыр астында сұрастыра жүріп Мұхаң жатқан корпусты таптым. Оң қабырғадағы бүктемелі биік кроватта Мұхаң отыр. Малмаңдай су болып кіре бергенімде Мұхаң қуаныш білдіріп, мейірлене жымиды. Мұхаң өңінен сырқат белгісін, қабағынан уайым көлеңкесін аңғартпай жадыраңқы, көңілді отыр. Бірде емхана дәрігерлерін мақтаса, бірде осында емделіп жатқан шет елдік қайраткерлермен әңгімесін айтады. «Оларға ешкім келмейді ғой. Ал маған ағыл-тегіл. Өзіме сыйлаған гүлдердің талайын соларға апарып беремін. Әбден мәз болып, көңілдері көтеріліп қалады. Шіркін, көңілге не жетсін!

Енді бір жарты сағатта Сельвинскийдің дачасына тоқтадық. Мұхаңның сәлемін айтқанымда орнынан қозғалды... Варта Яковлевна, машина дайындат. Мұхтар Омархановичке барып қайталық. «Жарқыным-ау, әлгіде ғана дәрігерің басынды көтерме деді ғой». Ақыр лажсыз төсекке сүйенді. «Ендеше сен бар, менің сәлемімді тапсыр». Түтеген жаңбыр ішінде бәйбішесін Кунцевоға қуды».

(Әбу Сәрсенбаев. Келешектің тұстасы // Жұлдыз. 1977. № 9. 165-б.).

25 маусым. Қымбатты Қәмеке.

Мынау Мұрат менің туған балам. Москва университетінде оқиды. Қазір жазға Семейге, содан ары Абай ауданына — әкесі туған жерді, елді көруге бара жатыр. Өзіне саған, Балташқа бар дедім осыны ауданды аралатып, елді, жерді көрсетіп таныстыруға өзің бар көмек етулеріңді сұраймын.

Мен ауырып Москвада жатырмын, жайымды Мұрат айтар. Өзіңе көп-көп сәлем. Елдегі бар ағайынға мол сәлем.

Мұхтар Әуезов.

Балташтікіне жайды ұғындырып, өзің алып барарсың.

(ЦГА РК, ф. 1985, оп. 1, д. 815, с. 1.).

27 маусым. С. Қ. шақырып тауға бардық. Бүгін Мұқаңа операция жасайтын күн еді. Құдай-ау, ақыры не болар екен?!

